- түбіне терендетусіз төсеген кезде болат немесе пластмассалық құбырларға төсеу кезіндегі ауырлықпен тарту;

- көпір бойымен салпыншақ әдісімен немесе болат немесе пластмассалық құбырларына ауырлықпен тарту [3].

**Коллекторларда және тоннельдерде:**

- салпыншақ әдісімен немесе алдын-ала төселген металдық, асбоцементтік немесе пластмассалық құбырлар арқылы тартылуымен тарту.

Үй-жайда.

Ең көп таралған нұсқасы топырақта, иілгіш қорғанысы пластмассалық немесе асбоцементтік құбырларда төсеу болып табылады. Алдын-ала иілгіш пластмассалық құбырларды төсеу, оларға келесі оптикалық кабельдердің тартылу нұсқасы қызық болып табылады. Кабельдерді және оның талшықтарын асырылған жүктемелерден қорғауға бағытталған барлық қауіпсіздік шараларды қабылдағаннан кейін бәрібір кабель төсеу үрдісінде онымен манипуляция кезінде үлкен жүктемелерге душар болу қаупі сақталынады. Осыған байланысты кабельдің артық жүктелуін алдын алу механизмін қарастыру қажет. Қорғауды қамтамасыз ететін құрылғылардың

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №3, 2011

Дүйсембеков З.М. Оптикалық кабельдерді төсеу технологиясы

екі класы бар, біріншісі немесе аралық шығырларда орналыстырылған, ал екіншісі кабель-тросс түйсігінде (стык).

Оптикалық кабельдерді төсеу процесінде кернеу кезінде оптикалық кабельдердің диаметрі есебімен иілу қажет. Иілудің минимальді радиус өлшемі кабельдің диаметрінен 12 рет аспауы қажет, ал оптикалық кабельдерді тартылуымен төсеу бұл мәнді екі есе артуды қосымша қажет етеді.

Оптикалық кабельдерді төсеу кезінде қажалуына және майлағышқа ерекше көңіл аудару қажет. Материалға және кабель қабықшасының бетіне әсер ететін қажалуына күшеюін жою қажет.

Шарттарға сай төсеуді статикалық немесе динамикалық әдістермен орындауға болады.

Статикалық әдіс. Бұл жағдайда кабель дабылы аралық орын орнатады, ал кабель берілген маршруттың бір соңынан тартылатын бір жаққа бағытталған дабылдан оратылады. Қалған кабель дабылдан шешіледі және сегіз түрінде жерге салынады. Содан кейін шығыр секцияның басқа аяғына ауыстырылады және кабельді төсеу бір соңынан тартылу әдісімен орындалады. Статикалық әдіс сегіз түрінде салынатын оптикалық кабельдерді орналастыру үшін белгілі бір орын бөлу қажет.

Динамикалық жүктемелерді бөлу әдісі. Оған үлкен көлемді жазық және оның арнайы қондырылуы қажет. Оның жетістігі кабельді бір бағытта тікелей барлығынан төсеу мүмкіндігі болып табылады. Бұл жағдайда аралық пункттерде арнайы кабельдік шығырлар қолданылады, ал кабельге келетін мақсатты жүктеме осы аралық пункттерінің арасында қашықталған тәуелді болады. Аралық шығырларды қолданған кезде кабельді төсеу кезіндегі барлық күштер кабель қабықшасына өтеді.

Оптикалық кабельдердің үлкен құрылыстық ұзындықтарды төсеу кезіндегі аралық пункттерде қолмен тарту әдісі қолданылады. Осымен минимальді иілуді қолдауға қосымша көңіл бөлу қажет.

Кабельдерді төсеу кезінде талшыққа ұсынылатын минимизация ретіндегі мәселелерге ерекше көңіл аудару қажет. Пайдалану үрдісінде жігер өлшемі жасаушымен кепілденген мәндер шегінде қалатын жағдайды қамтамасыз ету керек. Барлық кабельдегі жігерлерді құратын барлық әрекет типтерін басқа осы әрекеттегі шақырылатын себептерде (кабель өлшемі, тайғақтың пайда болуы, желден тербетілуі және т.б.) де есепке алу қажет [4].

Оптикалық кабельдерді тікелей жерлерде төсеу кезінде кабельді жерде төселудің қарапайым әдісін қолданады, және де мұндай кабель кабель төсеуші, траншея қазушы немесе краб көмегімен арнайы осындай қолдану үшін жобалаған жағдайда қолданылады. Бұл жағдайда артық жүктеуден кабельді қорғау талап етілмейді, бірақ қуатты кабель төсеушінің қолдану кезіндегі және кабельмен орауын және бағыттауын роликтер бар болған кезде кабельдің тартылуын реттеу құрылғысын қосу жеткілікті болады.

**А.Ясауи университетінің хабаршысы, №3, 2011**

*Дүйсембеков З.М. Оптикалық кабельдерді төсеу технологиясы*

Жолдардың қиылысу кезіндегі іске асыру үрдісінде механикалық қорғанысы талап етілуі мүмкін.

Оптикалық кабельдерді тікелей жерге төсеу кезінде өлшеу және жетулі жүргізілетін бөлімнің екі соңында сәйкес қосымша кабель ұзындығы қарастырылу өте маңызды. Мұндай қосымша ұзындық әдетте жұмыс жүргізілетін муфтының бір ретсіз қайта қосулар орнында қолдануға мүмкін болатыны жеткілікті болу қажет. Көпірлер бойымен оптикалық кабельдерді төсеу кезінде металдық кабельді төсеу үшін өңделген төсеу әдісі қолданылады. Үлкен бөлімдерде немесе тік бөлімде кабельдің қозғалыс мәселесінде қосымша көңіл аударуды талап етеді. Дірілмен шартталған қозғалысқа ұқсас көпір бойымен транспортты өту кезіндегі пайда болатын талшыққа аса үлкен жүктемені туғызады, оның нәтижесінде сәйкес амортизаторларды су астында көл немесе өзеннің қиылысу кезінде оптикалық кабельдерді төсеу қажеттілігі жағдайда осындай мақсат үшін арнайы құралған кабельдерді қолдану қажет. Мүмкіндігінше, бір құрылымдық ұзындықтың сулық бөгетті су астындағы қосылғыш муфта қолданудың құтылуын жеңуді қарастыру қажет. Үлкен дәрежедегі су астымен жүргізілетін кабель барлық жазықтарда қозғалысқа түсуін ұшырауы мүмкін, бұл ТО-ның артық жүктелуін туғызады. Осыған байланысты осы қозғалысты шектеу үшін шаралар қолданылу қажет, мысалы, кабельді траншея, құмда, кабельдік канализацияларда төсеу.

Ғимарат ішінде төсеу үшін оптикалық кабельдердің құралмасы қолдануы мүмкін. Кіріс критерийлері үй-жай ішінде қолданылатын кабельге қарағанда қатты болуы мүмкін. Мүмкіндігінше, өтпелі құрылғыларды ғимаратта немесе тік кабельдік канализацияларда кабельдік кірісіне жақын орналастыруын ұсынады. Ішкі оптикалық кабельдерді төсеу қолмен орындалады, сондықтан ОВ мүмкін болатын артық жүктелуін ескеру қажет.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Кемельбеков Б.Ж., Мышкин В.Ф., Хан В.А.* Волоконно-оптические кабели. – М.: Изд. НТЛ, 1999.
2. *Попов Б.В.* Строительство и техническая эксплуатация волоконно-оптических линий связи. – М.: Радио и связь, 1996.
3. *Слепов Н.Н.* Синхронные цифровые сети SDH. – М.: ЭКО-ТРЕНДЗ, 1999.
4. *Замрий А.А.* Проектирование цифровых каналов передачи. Методические указания к курсовому проектированию. – Алматы: АИЭС, 1998.

педагогика ғылымдарының кандидаты,  
А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің аға оқытушысы

**Б.АБДУЛЛАЕВА**

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

## **ФИЗИКА КУРСЫНЫҢ «МОЛЕКУЛАЛЫҚ ФИЗИКА» БӨЛІМІНЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕРІ**

**В статье определены методы применения информационных технологий для раздела курса физики «Молекулярная физика».**

**The application methods of information technology for section of physics Molecular have been defined in the work.**

Ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашақтың іргесін бірге қалайық» деген 2011 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында (28.01.2011ж.) «Сапалы білім беру Қазақстанның индустрияландыру мен инновациялық дамуының негізі болуы тиіс» деп көрсетілген [1.2-6].

Қазіргі кездегі ақпараттық-компьютерлік технологияларды дамыту және қолдану білім беру жүйесін модернизациялау қажеттілігіне сәйкестігін, әлемдік танымдық кеңістікті кіріктіруге бағытталған ақпараттық-танымдық орта жасауды қамтамасыз етеді [2.224].

Ұсынылып отырған ЭО-пен жұмыс жасағанда студенттер, мультимедиялық құралдарын барынша тиімді пайдалануға мүмкіндік алады, ал экранда теориялық материалдармен қатар иллюстрациялық бейнелер, диаграммалар мен құбылыстың динамикасын көреді. Оқулықтың анимациясы әр түрлі бағдарламаларда жасалуы мүмкін. Бірақ, тиімді бағдарлама таңдау кезінде біз аз орын алатын, қарапайым анимация тудыратын бағдарламаны қолдандық. Ол – 3DMAX анимациялық бағдарламасы болды.

Физика сабағында жаңа теориялық материалды түсіндіру барысында қолданылатын электрондық оқулықтардың оқыту әдістемесіне толығырақ тоқталайық.

### **Газдардың элементар кинетикалық теориясы**

Бұл тақырыпты өту кезінде баяндалатын газдың ең қарапайым молекула-кинетикалық моделі төмендегідей болады. Газ дегеніміз – бірдей, хаосты қозғалыстағы, өзара жанасқанша бір-бірімен әрекеттеспейтін молекулалардың жиынтығы. Молекулалардың мөлшерлері өте аз, сондықтан да олардың қорытқы көлемін, ыдыстың көлемімен салыстырғанда, ескермеуге болады. Молекулалардың әрқайсысы кейде бір-біріне немесе ыдыстың қабырғасына серпімді соқтыққаны болмаса, уақытына басым көпшілігін еркін қозғалыста өткізеді (1-сурет).

Бұл айтылып отырған моделіміз – идеал газдың моделі. Нақты газдардың молекулаларының шектік өлшемдері бар және олар бір-бірінен өзара алыстаған кезде тез әлсірейтін күшпен әрекеттесіп отырады. Бірақ тығыздық азайған сайын молекулалардың меншікті көлемі газдың алып тұрған көлемінен азая

**А.Ясауи университетінің хабаршысы, №3, 2011**

**Сарыбаева Ә.Х., Абдуллаева Б. Физика курсының «Молекулалық физика» бөліміне ақпараттық...**

түседі, ал молекулалардың орташа қашықтықтарының ұлғаятыны соншалықты, олардың арасындағы өзара әрекеттесу күштерін ескермеуге де болады. Демек, кез келген газ идеал газға жақын болатын жағдайда сипатталған моделдің негізіндегі біздің ойларымыз дұрыс болады екен.

Молекула ыдыстың қабырғасына соққан кезде, ол оған сан мәні өз импульсының өзгерісіне тең импульс береді. Қабырға бетінің әрбір  $\Delta S$  элементіне көп мөлшерде молекулалар үздіксіз соғылады да, осының арқасында ол  $\Delta t$  уақытта  $\Delta S$ -ке нормаль бойынша бағытталған қорытқы  $\Delta K$  импульс алады. Механикадан білетіміздей,  $\Delta K$ -ның  $\Delta S$ -ке қатынасы  $\Delta S$ -ке әсер ететін күшті, ал осы күштің  $\Delta S$ -ке қатынасы  $p$  қысымды береді.

Молекулалар ретсіз, хаосты қозғалады; қозғалыс бағыттарының ықтималдығы бірдей, олардың қайсысыныңда басқаларынан ешбір артықшылығы жоқ. Бұлай дейтін себебіміз, ыдыстың қабырғасына түсірілген қысым барлық жерлерде де бірдей болады. Егер қайсыбір бағытта молекулалар қозғалысы басым болса, онда ыдыс қабырғасының осы учаскесіне түсірілген қысым да артық болар еді.

Газды еркін қозғалып жүретін бөлшектердің жиыны ретінде көрсететін модель ең алдымен газдардың өздері алып тұрған көлемге тегіс таралу қасиетін және сондай-ақ бірі мен-бірі араласа алу қасиетін тікелей түсіндіруге мүмкіншілік береді. Молекулалардың соққылары газдың өзін қоршап тұрған ыдыстың қабырғаларына түсіретін қысымын туғызады.

Газдың ыдыс қабырғасына түсіретін қысымын жеке молекулалардың соққыларының нәтижесі ретінде түсіндіру керек екендігін бірінші рет Петербург академігі Бернулли айтқан болатын. Газдардың молекула-кинетикалық теориясын бір қатар физиктер, әсіресе, Клаузиус, Больцман және Максвелл тек XIX ғасырдың екінші жартысында әрі қарай дамытты.

Молекулалардың ыдыс қабырғаларына соғуының нәтижесінде пайда болатын қысым мынаған тең: 
$$p = \frac{1}{3} n m v^2 \quad (1)$$

$\mathcal{E} = \frac{m v^2}{2}$  шамасының молекуланың ілгерілемелі қозғалысының кинетикалық энергиясы екенін ескере отырып қысымның өрнегін төмендегідей түрге келтіруге болады: 
$$p = \frac{2}{3} n \mathcal{E} \quad (2)$$

Идеал газ күйінің теңдеуіндегі  $R$ -ді  $N_A k$  арқылы алмастырып және  $N_A/V_{\text{км}}$  екенін ескеріп, өте маңызды формуланы аламыз: 
$$p = n k T \quad (3)$$

Егер де бірнеше газдардың қоспасын алсақ, онда массалары әр түрлі газдардың молекулаларының орташа жылдамдығы әр түрлі болады, бірақ молекулалардың орташа энергиясы бірдей болады. Бұл жағдайдағы қысым мынаған тең болады: 
$$p = n k T = (n_1 + n_2 + \dots) k T \quad (4)$$

Мұндағы  $n_1, n_2$  және т.с.с. бірлік көлемдегі молекулалардың бірінші, екінші және т.с.с. сорттарының санын білдіреді. (4)-өрнекті 
$$p = n_1 k T + n_2 k T + \dots \quad (5)$$
 түрінде жазуға болады. Бірақ,  $n_1 k T$  ыдыста молекулалардың тек бірінші сорты ғана болған жағдайдағы  $P_1$  қысымы, ал ыдыста тек екінші сорттық


А.Ясауи университетінің хабаршысы, №3, 2011

Сарыбаева Ә.Х., Абдуллаева Б. Физика курсының «Молекулалық физика» бөліміне ақпараттық...



молекулалары болған жағдайда  $n_2$  kT сол газдың  $P_2$  қысымы және т.с.с. Қоспаға кіретін молекулалардың қайсыбір сортының дәл сол қоспадағыдай мөлшерде ыдыста жалғыз өздері қалған кездегі қысымы, газ қоспасының сол компонентінің парциал қысымы деп аталады. Парциал қысымды пайдаланып,  $p = p_1 + p_2 + \dots = \sum p_i$  деп жаза аламыз. Сөйтіп, біз идеал газ қоспасының қысымы, сол қоспаны құрайтын газдардың парциал қысымдарының қосындысына тең деп айтылатын Дальтон заңына келдік [3.450-453].

$$p = p_1 + p_2 + \dots = \sum p_i \quad (6)$$



1-сурет. Газдардың қысым үшін теңдеуі тақырыбының экрандағы көрінісі


**Молекулалардың еркіндік дәрежелерінің саны.** Мұғалім жаңа тақырыпты жан-жақты түсіндіреді. Дәстүрлі әдіс бойынша мұғалім молекулалардың еркіндік дәрежесі туралы түсіндірген кезде, студенттер сабақ барысында түрлі-түсті плакаттар мен диапроекциядан құбылыстың жай ғана статикасын көреді. Бұл кезде студенттер мұғалімді тындап, сұрақтарға жауап беріп, ойлап, тақырыпты ұғуға көңіл бөліп қана қояды. Ал, біз ұсынып отырған әдіс бойынша сабақты толық, жан-жақты түсіндіргеннен кейін студенттерге ЭО-ты пайдаланып, еркіндік дәреже сандарын анықтау көрсетіледі:  $\varepsilon^- = \frac{i}{2}kT$  (1)

Бұл өрнек молекуланың тек ілгерілемелі қозғалысының энергиясын ғана есептейді. Алайда, ілгерілемелі қозғалыспен қатар молекулалардың айналуы және молекуланың қозғалыс құрамына кіретін атомдардың тербелуі де мүмкін. Қозғалыстың бұл екі түрі қандай да бір энергия қорымен байланыста болады, ал бұл энергияны анықтауға статистикалық физика тағайындайтын энергияның молекуланың еркіндік дәрежелері бойынша біркелкі таралуы жөніндегі қағида мүмкіндік береді .

*Механикалық системаның еркіндік дәрежелері деп, системаның орнын анықтауда мүмкіндік беретін тәуелсіз шамалардың жиынтығын атайды* (2-сурет). Материялық нүктенің кеңістіктегі орны оның үш координаталарының (мәселен,  $x$ ,  $y$ ,  $z$  декарт координаталарының немесе  $r$ ,  $\nu$ ,  $\varphi$ , т.б. сфералық координаталардың) берілген мәндерімен анықталады. Осыған сәйкес материялық нүктенің үш еркіндік дәрежесі болады.

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №3, 2011

Сарыбаева Ә.Х., Абдуллаева Б. Физика курсының «Молекулалық физика» бөліміне ақпараттық...



2-сурет. Абсолют қатты дененің орнын анықтайтын инерция центрі

Абсолют қатты дененің орнын оның инерция центрінің үш координаталарын ( $x$ ,  $y$ ,  $z$ ) және денемен байланысты, әрі дененің инерция центрі арқылы өтетін әйтеуір бір бағытын анықтайтын  $\nu$  және  $\varphi$  бұрыштарын (2-сурет), ақырында, денемен байланысты бірінші оське перпендикуляр екінші осьтің бағытын анықтайтын  $\psi$  бұрышын беру арқылы анықтауға болады. Сөйтіп, абсолют қатты дененің алты еркіндік дәрежесі болады.  $\nu$ ,  $\varphi$  және  $\psi$  бұрыштары өзгермеген кездегі инерция центрінің координаталарының өзгеруі қатты дененің ілгерілеме қозғалысының үшеуі ілгерілеме де, ал үшеуі айналмалы болып табылады.

Газдардың жылу сыйымдылығын өлшеуде жүргізілген тәжірибеден шығатынындай, молекуланың еркіндік дәрежелерін анықтаған кезде, атомдарды материялық нүктелер деп есептеуге болады. Демек, бір атомды молекулаға үш ілгерілемелі еркіндік дәрежесін, екі атомды молекулаға, атомдары арасындағы байланыстың түріне қарай, не үш ілгерілемелі және екі айналмалы (серпімді байланыс болғанда) қатаң байланыста болған үш атомды молекулаға – үш ілгерілемелі, үш айналмалы еркіндік дәрежелерін және т.с.с. жазуға болады.

Молекуланың еркіндік дәрежелерінің саны қанша болмасын, оның үшеуі міндетті түрде – ілгерілемелі болатынын ескерелік. Молекуланың ілгерілемелі еркіндік дәрежесінің қай-қайсысының да басқаларынан ешбір артықшалығы болмайтындықтан, олардың әрқайсысын орташа есеппен үштен біріне, яғни  $kT/2$ -ге тең энергия келуі керек. Қозғалыстың қай түрінің де бір-бірінен артықшылығы жоқ деп ұйғару табиғи нәрсе, демек, кез келген еркіндік дәрежесіне ілгерілемелі, айналмалы және тербелмелі орта есеппен  $kT/2$ -ге тең бірдей энергия (дәлірек айтсақ, кинетикалық) келуі тиіс. Осы айтылған тұжырым энергияның еркіндік дәрежелері бойынша біркелкі таралу жайлы ереженің мазмұны болып табылады.

Біркелкі таралу жайлы ереже бойынша, бір молекуланың энергиясының  $\epsilon$  орташа мәні (бірдей температура кезінде), неғұрлым молекула күрделірек, неғұрлым оның еркіндік дәрежесі көп болған сайын, соғұрлым үлкен болады.  $\epsilon$  шамасын анықтаған кезде біз тербелмелі еркіндік дәрежесінің энергия сыйымдылығының ілгерілемелі немесе айналмалы еркіндік дәрежесінің энергия сыйымдылығынан екі есе артық болатындығын ескеру керек. Мұның өзі былай түсіндіріледі: молекуланың айналмалы және ілгерілеме қозғалысы тек

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №3, 2011


Сарыбаева Ә.Х., Абдуллаева Б. Физика курсының «Молекулалық физика» бөліміне ақпараттық...

кинетикалық энергия қорымен ғана байланысты, ал тербелмелі қозғалыс болса,

ол кинетикалық және потенциалдық энергия қорымен байланысты, әрі гармониялық осциллятор үшін кинетикалық және потенциалдық энергиялардың орташа мәндері өзара тең. Сондықтан да, әрбір тербелмелі еркіндік дәрежесіне орта есеппен екі жарты кТ келуі тиіс. Оның біреуі – кинетикалық энергия, екіншісі – потенциалдық энергия түрінде. Сөйтіп, молекуланың орташа энергиясы мынаған тең болуы тиіс:  $\varepsilon = \frac{i}{2}kT$  (3)

мұндағы  $i$  – ілгерілемелі, айналмалы және екі еселенген тербелмелі еркіндік дәрежелері сандарының қосындысы:  $i = n_{il} + n_{ai} + 2n_{тер}$  (4)

Атомдарының арасында қатаң байланысы бар молекула үшін  $i$  молекуланың еркіндік дәрежелерінің санына тең болады [3.456].



Молекула	Атомдар арасындағы байланыс сипаты	Еркіндік дәрежелер саны		
		Ілгерілемелі	Айналмалы	Тербелмелі
Бір атомды	—	3	—	—
Екі атомды	Қатты	3	2	—
Екі атомды	Серпімді	3	2	1
Екі және одан көп атомды	Қатты	3	3	—

6-сурет. Молекулалардың еркіндік дәрежесі тақырыбының монитордағы көрінісі

Қорыта келе, физика сабақтарында ақпараттық технологияларды қолдану студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттырады. Өйткені, қолмен ұстап, көзге көрінбейтін бөлшектерді анимациялар көмегімен көреді. Мұнда тақырып әрі түсінікті, әрі қызықты болады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.А. «Болашақтың іргесін бірге қалайық». 2011 жылғы Қазақстан халқына Жолдауы (28.01.2011 ж.) // Егемен Қазақстан. 30 қаңтар, 2011 жыл.
2. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования /Под редакцией Е.С.Полат. –М.: Академия, 1999.
3. Савельев И.В. Жалпы физика курсы. Алматы: Мектеп, 1987.

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №3, 2011

### ХИМИЯ, ТЕХНОЛОГИЯ

**А.К.МАМЫРБЕКОВА**

химия ғылымдарының кандидаты

М.Әуезов атындағы ОҚМУ

**А.А.АБУБАКИРОВА**

М.Әуезов атындағы ОҚМУ-нің магистранты

**А.К.МАМЫРБЕКОВА**

химия ғылымдарының кандидаты,  
А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің доценті

## **ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘР ТҮРЛІ ТИПТІ ТОПЫРАҚТАРЫНАН ACTINOMADURA ТУЫСЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІН БӨЛІП АЛУ**

**В работе показано распространение в почвах города Шымкента актиномицетов разной видовой принадлежности. Установлены закономерности распространения в различных типах почв актиномицетов родов Actinomadura, Micromonospora, Streptovercillium.**

**In the work the distribution in soils of Shymkent actinomycetes is presented to a different specific accessory. The laws of distribution in various types actinomycetes soils of the family Actinomadura, Micromonospora, Streptovercillium are established.**

Қазіргі кезде актиномицеттер күрделі құрылысқа ие, жоғары дифференцирленген микроорганизмдер - прокариоттар болып табылады. Актиномицеттердің өмірлік кезеңдерінің ерекшеліктері олардың жіктелу негізін құрайды. Актиномицеттер кең функционалды түрлілікпен сипатталады. Олардың топырақ құндылығының калыптасуында, табиғатта заттардың айналымында маңызы зор. Актиномицеттер топырақта биологиялық активті заттардың жинақталуына және топырақтың азотты балансының калыптасуына қатысады [1]. Сирек кездесетін түрлерінің актиномицеттері көптеген бағалы антибиотиктердің, оның ішінде, ісікке қарсы, жұқпалы ауруларға және басқа да биологиялық активті заттардың продуценттері болып табылады [2,3]. Осыған байланысты актиномицеттердің биологиясы мен экологиясын зерттеу, әсіресе Оңтүстік Қазақстан топырақтарында сирек кездесетін түрлерін, Actinomadura туысы сияқты, зерттеу үлкен маңызды қызығушылық туғызады.

Көптеген жылдар бойы актиномицеттер антибиотикалық метаболиттердің құнды негізі болып табылады. Олар негізінен Streptomyces spp.–дан бөлініп алынған, бірақ басқа түрлерінің өкілдерден көптеген қажетті қосылыстарды алуға болады [4].

Патенттік және әдебиеттік мәліметтерге қарағанда, актиномицеттердің таралуына және олардың биосинтетикалық мүмкіндіктеріне соңғы жылдары назар аударылуда [5,6]. Табиғи субстраттардан актиномицеттерді бөліп алу үшін селективті әдістерді қолдануы жаңа изоляттарды бөліп алу жиілігін жоғарылатып, систематикалық жүйені едәуір байытты. Қазіргі уақытта актиномицеттердің

**А.Ясауи университетінің хабаршысы, №3, 2011**

**Мамырбекова А.К., Абубакирова А.А., Мамырбекова А.К. Шымкент қаласының әр түрлі типті ...**

60-тан аса түрлері анықталған. Қазақстанның топырақтарында тек Streptomyces типінің өкілдері толық зерттелген. Кейбір топырақтарда

актиномицеттердің сирек кездесетін топтары анықталған. Бірақ қазіргі мәліметтер бойынша Қазақстан топырақтарында актиномицеттердің биотүрлілігі толық зерттелмеген. Осыған байланысты біздің зерттеулерімізде микобактерияларға қарсы белсенді актиномицеттерге ерекше көңіл бөлінді.

Жұмыстың мақсаты – Шымкент қаласының әр түрлі типті топырақтарынан *Actinomadura* туысының өкілдерін бөліп алу және олардың антимикробтық белсенділігін зерттеу.

Актиномицеттерді бөліп алу үшін Шымкент қаласы (дендро-саябақ, 112 квартал, «Спортивный» мөлтек ауданы аумақтардан) топырақ үлгілері қолданылды. Селективті агент ретінде канамицин мен розеофунгин комплексі (50+25 мкг/мл) пайдаланды. Әр түрлі алынған топырақты салмағы 10 г 15 минуттың ішінде 55 °С және 100 °С температурада 60 минут қыздырдық, содан кейін 100 мл суда топырақтың суспензиясы дайындалды (топырақ – 200 г/л; су – 100 % дейін). Егу процесі казеин және агар қоректік ортада және термостатта 32 °С температурада инкубация жүргізілген [7]. Морфологиялық және культуральді белгілер негізінде актиномицеттердің барлық түрлерінің колониятүзүші бірліктер (КТБ) дифференциалды жолымен есептелген. Ол үшін оптикалық микроскоп қолданылған. Актиномицеттердің белгілі морфологиялық типтерінің өкілдерін таза культураға алынған, Гаузе 1,2 қоректік орталар қолданылды. Алдын-ала түрлік идентификациялау үшін актиномицеттердің морфологиялық сипаттамалары (субстрат мицелий, мицелийлердің саны, споралардың диаметрі және шапшаңдылығы) қолданылады [8].

Аш агар қоректік ортаның құрамы, г/л; агар -20; су - 100 % дейін, рН-7,0. Гаузе 1 қоректік ортаның құрамы, г/л: соя ұны – 5; крахмал – 30;  $\text{NH}_4\text{NO}_3$  – 1,0;  $\text{K}_2\text{HPO}_4$  - 0,1;  $\text{CaCO}_3$  – 2,0;  $\text{CaCl}_2$  – 1,0; су - 100 % дейін, рН-7,2-7,4. Гаузе 2 ортаның құрамы, г/л: пептон – 5; триптон -3; глюкоза – 10;  $\text{NaCl}$  -5; агар – 20; су - 100 % дейін, рН-7,0-7,2.

Өскен актиномицеттердің антагонистік қасиеттерін анықтау үшін культуральды Гаузе 2 қатты органикалық қоректік ортасы құйылған Петри табақшасына жолақ түрінде егілді және 3 тәуліктей өсірілді. Сонан соң, актиномицеттердің өскен жолақтарына перпендикуляр етіп, тест – организмдердің суспензияларын егеді. Тест – организм ретінде *Bacillus subtilis*, *Staphylococcus aureus*, *Micrococcus luteus* және *Candida albicans* қолданылды. Активтілік тест - организмдердің тежелу аймақтары бойынша анықталады.

Шымкент қаласының әр түрлі типті топырақтарынан бөліп алынған актиномицеттердің және *Actinomadura* туысының өкілдерінің жалпы саны 1 кестеде көрсетілген.

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №3, 2011

Мамырбекова А.К., Аубакирова А.А., Мамырбекова А.К. Шымкент қаласының әр түрлі типті ...

1-кесте. Шымкент қаласының әр түрлі типті топырақтарынан бөліп алынған актиномицеттердің және *Actinomadura* туысының өкілдерінің жалпы саны

Топырақ	Жалпы саны (КТБ/г x10 <sup>3</sup> )	Бөлінген штамдар
---------	--------------------------------------	------------------

үлгілері	Actinomycetes	Actinomadura	тестталған	активті
Қара топырақ	26,20	4,30	12	4
Тақыр түстес	21,40	3,50	9	3
Сұр топырақ	1,35	0,27	5	0
Аллювиалды	0,80	0,45	4	1

1-кесте бойынша топырақ микрофлорасының көбінесе актиномицеттер құрайды. Бұл микроорганизмдер ылғалдылығы аз, құрғақ топырақтарда, әсіресе, жаздың ыстық айларында кеңінен тарайды. Олар минералдану процесіне қатысады, олардың көпшілігі өсімдік қалдықтарына бай топырақтарда кездеседі. Актиномицеттер топырақтағы өте қиын еритін органикалық заттарды минералдайтын ферментативті аппараттарға бай. Actinomadura туысының штамдары қара топырақта және тақыр түстес топырақ үлгілерінде жиі кездеседі.

Актиномицеттерді бөліп алу үшін топырақ үлгілері алынған. Топырақта кездесетін гетеротрофты бактериялар органикалық қалдықтарды қарапайым минералды қосылыстарға дейін ыдыратады. Тозған органикалық қалдықтарда сапрофитті гетеротрофты бактериялар және саңырауқұлақтар тіршілік етеді. Микроскоптық саңырауқұлақтар аэробты жағдайда жасұнықты ыдыратып, гумусты минералдауға қатысатын лигнин және басқа берік органикалық қосылыстарға ыдырайды. Олардың гифтері 1 г топырақ мөлшеріне бірнеше мың метрге дейін жетуі мүмкін. Қоректік ортаға топырақта кездесетін микроорганизмдерді егудің нәтижесінде Петри табақшаларында гетеротрофты бактериялардың саны орташа есеппен бақылау танабында 1,5 млн-ға жетті, ал тәжірибе танабына жоғарғы көрсеткіші орташа есеппен 3,9 млн-дық көлемімен ерекшелінді (2 кесте).

2-кесте. Тәжірибе танабының топырақтарындағы аэробты микроорганизмдердің орташа есеппен құрайтын мөлшері

Алынған жері	Тереңдігі, см	Гетеротрофты бактерия саны, мл/г	Актиномицеттер, мың/г	Ашытқы саңырауқұлақтар, мың/г
Дендросаябақ	5-15	$3,8 \pm 0,3 \times 10^6$	$3,1 \pm 0,2 \times 10^4$	$1,5 \pm 0,3 \times 10^4$
112 квартал	10-20	$2,4 \pm 0,3 \times 10^6$	$2,5 \pm 0,3 \times 10^4$	$1,1 \pm 0,4 \times 10^4$
«Спортивный» мөлтек ауданы	0-20	$3,9 \pm 0,4 \times 10^6$	$4,1 \pm 0,5 \times 10^4$	$1,5 \pm 0,4 \times 10^4$

Шымкент қаласының топырақтарынан канамицин және розеофунгин қосылған селективті қоректік орталарда актиномицеттердің 30 штамдары бөлініп алынды. Зерттелген штамдардың ішінде Actinomadura туысының 8

**А.Ясауи университетінің хабаршысы, №3, 2011**

*Мамырбекова А.К., Абубакирова А.А., Мамырбекова А.К. Шымкент қаласының әр түрлі типті ...*

штамдары қышқылға төзімді, грам-оң және грам-теріс тест - организмдерге қарсы жоғары антагонистік қасиет көрсетті (3 кесте). 3 кестеге қарағанда, тек

ғана бір штам, аллювиалды топырақтан бөлінген, барлық тест-организмдерге антимикробты белсендігін көрсеткен. Ал басқа штамдар әр түрлі белсенділігінің қасиеттерін көрсетті.

Қорыта айтқанда, әр түрлі типті топырақтарынан *Actinomadura* туысының өкілдері бөліп алынған және олардың антимикробтық белсенділігі зерттелген. Антимикробактериалды белсенділігі жоғары актиномицеттердің штамдары іріктеп алынды.

3- кесте. *Actinomadure* штамдарының антимикробты белсенділігі

Штам	Тест-организмдер			
	<i>B.subtilis</i>	<i>S. aureus</i>	<i>M. luteus</i>	<i>C. albicans</i>
ҚТ-04	+	-	-	-
ҚТ-04	+	+	-	-
ҚТ-04	+	-	-	-
ҚТ-04	-	-	-	+
ТТ-06	+	-	+	+
ТТ-10	-	-	-	+
ТТ-02	+	-	+	+
АА-03	+	+	+	+

Жұмыста *Actinomadura* туысының штамдары антибактериалды метаболиттерге зерттелген. Алынған штамдардың ішінде *Actinomadure* туысының 8 штамдары грам-оң және саңырауқұлақтар тест-организмдерге қарсы жоғары антагонистік қасиет көрсетті.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Звягинцев Д.Г., Зенова Г.М.* Экология актиномицетов. –М.: ГЕОС, 2001. -253 с.
2. *Гасанова С.А.* Выделение и антимикробная активность актиномицетов рода *Actinomadura* из различных типов почв Азербайджана // Вестник, 1999. -№4. -С.30-32.
3. *Зенова Г.М., Лихачева А.А., Грядунова А.А.* Селективные приемы выделения из почвы актиномицетов олигоспоровой группы // Почвоведение, 2002. -№4. - С.455-460.
4. *Srivibool R.* A collection of actinomycetes from mangrove soils and screening for antimicrobial producing strains // *Burapha Sci.J.*, 1998. -№6. -P.23-33.
5. *Хожамуратова С.Ш., Треножникова Л.П.* Выделение и идентификация антибиотиков из актиномицетов, изолированных из почв Казахстана // Изв.НАН РК, сер.биол. -1998. -№4. -С.146-148.
6. *Ботаева А.А., Хожамуратова С.Ш.* Қазақстан топырақтарының актиномицеттерінен микобактерияларға жоғары белсенділік көрсететін антибиотиктерді бөліп алу //ҚР ҒМ-ҒА Хабарлар, биология сериясы. -1998. -№6. -С.27-29.
7. *Добровольская Т.Г., Скворцова И.Н., Лысак Л.В.* Методы выделения и идентификации почвенных бактерий. -М.: Изд-во МГУ, 1989. - 72 с.
8. *Гаузе Г.Ф., Преображенская Т.П., Свеишникова М.А.* Определитель актиномицетов. -М.: Наука, 1983. -248 с.

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №3, 2011

**А.С.КАДИРБАЕВА**

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

**Р.Н.НҰРДІЛЛАЕВА**

химия ғылымдарының кандидаты,

## ТҰЗ ҚЫШҚЫЛЫ ЕРІТІНДІСІНДЕ АЙНЫМАЛЫ ТОКПЕН ПОЛЯРИЗАЦИЯЛАУ АРҚЫЛЫ МЫС (I) ХЛОРИДІН АЛУ

В работе представлены результаты исследования по разработке электрохимического способа получения хлорида меди (I) при поляризации промышленным переменным током в растворе соляной кислоты. Рассмотрено влияние основных электрохимических параметров на процесс растворения медного электрода.

The paper shows research results of electrochemical elaboration of producing copper chloride (I) at polarization by an industrial alternating current. The influences of basic electrochemical parameters on dissolution process of copper electrode were considered.

Қазіргі таңда бүкіл әлем металдық мысты оксидті, сульфидті және карбонатты мыс рудаларын қайта өңдеу арқылы алуда. Руда құрамында мыс мөлшері аз болғандықтан, руданы гравитациялық және флотациялық әдіспен байыту арқылы алудың маңызы зор.

Шикі мысты тазалау үшін қайтадан балқытып ауамен араластырады, тотыққан қоспалар қож түрінде қалқып шығады, мұнан 99,5% мыс шығады. Электр сымдарын жасауға жұмсалатын мыс өте таза болуы керек, себебі аз ғана мөлшердегі қоспа болса да металдың электрөткізгіштігін төмендетеді, ондай мыс алу үшін, мысты электролиз арқылы тазалайды.

Мыс және оның қосылыстарының маңызды физика-химиялық қасиеттеріне байланысты қазіргі таңда барлық осы заманғы техника саласында қолданылуда. Мыс электр сымдарын және кабель жасау үшін қолданылады, сонымен қатар, машиналар мен аппараттар жасау үшін пайдаланылатын әр түрлі құймалардың құрамына кіреді. Ал, металлургия өндірісінде мыс, алюминий немесе темір құймаларын алуда қоспа ретінде қолданылады. Ал, мыс (I) хлориді газды анализде CO, фторлы сутек және ацетиленді жұтуда қолданылады.

Мысты 375<sup>0</sup>C-қа дейін қыздырғанда, мыс (II) оксиді одан жоғары температурада мыс (I) оксидіне айналып кетеді. Мысты қыздырса, хлорда және күкіртте жанып, мыс (I) хлоридіне және мыс (I) сульфидіне айналады [1.607].

Қазіргі ғылыми зерттеулерде өндірістік жиіліктегі айнымалы токты пайдалану электрохимиялық технологиялардың өндірістерінде ендіруге көп көңіл бөлінуде. Мұның себебі, бұл айнымалы токтың тұрақты токпен салыстырғанда бірқатар ерекшеліктерімен байланысты, яғни электрод–электролит фазааралық шекарасындағы реакциялардың механизмін зерттеуге және жүйедегі электрохимиялық реакциялардың кинетикасын анықтауға, сонымен қатар, тиімді технологияны ұсынуға мүмкіндік береді.

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №3, 2011

Кадирбаева А.С., Нұрділлаева Р.Н. Тұз қышқылы ерітіндісінде айнымалы токпен поляризациялау арқылы...

Осыған орай, металдардың маңызды қосылыстарын синтездеуде стационарлы емес режимдегі электролизді қолдану үлкен қызығушылық



тудырып отыр. Стационарлы емес электролиздің ерекшелігі таза металдар немесе олардың қосылыстарын алуға, реагент шығынын кемітуге, қалдықсыз әрі қарапайым технологиялық үрдістер құруға мүмкіндік тудырады.

Ұсынылып отырған жұмыстың мақсаты – айнымалы токпен поляризациялау кезіндегі мыс электродының қышқылды ортада электрохимиялық еру ерекшелігін зерттеу және мыстың бейорганикалық қосылыстарын алу.

Қойылған мақсат келесі жолмен шешімін тапты. Мыс электродының электрохимиялық қасиетін зерттеуге арналған зерттеулер сыйымдылығы 100 мл-лік термостатты шыны электролизерде жүргізілді. Электродтар ретінде титан сымы (ауданы  $3 \cdot 10^{-6} \text{ м}^2$ ) және мыстан жасалған өлшемі  $15 \cdot 10^{-4} \text{ м}^2$  тік бұрышты пластинкалар қолданылды. Айта кететін жағдай, алдын ала жүргізілген тәжірибелер нәтижелері, екі мыс пластинкасын өндірістік айнымалы токпен поляризациялағанда, электродтардың еруі еш байқалмады. Егер бір мыс электродын титан сымымен алмастырса, мыс электроды ерітіндіде  $\text{Cu (II)}$  және  $\text{Cu (I)}$  иондарын түзе отырып, қарқынды ерітіндігін көрсетті. Әрбір тәжірибе алдында электродтар нольдік зімпара (наждак) қағазымен тазаланып, дистильденген сумен шайылып, фильтр қағазымен сүртілді.

Мыс электродының еруіне, титан электродындағы ток тығыздығының әсері зерттеліп, нәтижелері 1-кестеде келтірілді. Кестеде көрсетілгендей, титан электродындағы ток тығыздығын жоғарылатқанда,  $\text{Cu(I)}$  иондарының түзілуінің ток бойыншашығымы максимум арқылы өтеді. Ток тығыздықтары 20-100  $\text{кА/м}^2$  аралығында ток бойынша шығымның өсуін, анодты жартылай периодта титан электродының бетінде «вентильдік», яғни «жартылай өткізгіштік» қасиеті бар жартылай өткізгіштік қызмет атқаратын оксидтік қабаттың түзілуімен түсіндіруге болады.

*Кесте-1. Айнымалы токпен поляризациялау кезіндегі мыс электродының еруінің ток бойынша шығымына титан электродындағы ток тығыздығының әсері*

$i_{\text{Ti}}$ , $\text{кА/м}^2$	20	40	60	80	100	120
$\text{ТШ}_{\text{Cu}}$ , %	46	59	64	71	78	69

Титан электродындағы ток тығыздығын одан ары жоғарылату ток бойынша шығымның төмендеуіне әкеледі. Бұл, жоғары ток тығыздықтарында, қосымша реакция – сутегінің тотықсыздану реакциясының өсуіне байланысты. Нәтижесінде жоғарғы ток тығыздықтарында титан электродының бетіндегі оксид тік қабаттың құрылымы борпылдақ, жартылай өткізгіштік қасиеті нашар болып, тізбекте токты нашар өткізуімен түсіндіруге болады.

**А.Я сауи университетінің хабаршысы, №3, 2011**

*Кадирбаева А.С., Нұрділлаева Р.Н. Тұз қышқылы ерітіндісінде айнымалы токпен поляризациялау арқылы...*




Катодты жартылай периодта титан электродында сутектің разрядталуы жүреді. Осы кезде анодты жартылай периодта болатын мыс электродының

электрохимиялық еруі жүреді.

Тұз қышқылы ерітіндісінде мыстың ионизациялануы келесі реакция бойынша жүреді:



Түзілген CuCl суда нашар ериді, бірақ тұз қышқылды ортада олар әртүрлі құрамдағы ерігіш хлорид комплекстерін түзеді [2. 697]:



Сонымен қатар, түзілген  $\text{Cu}^+$  иондары келесі реакция бойынша  $\text{Cu}^{2+}$  иондарына тотығуы мүмкін:



[3. 336-4. 363] жұмыс мәліметтері бойынша, тұз қышқылды ортада мыстың тотығуы бір валентті иондарды түзе, (1)-реакция бойынша басым жүреді, (8)-реакцияның жылдамдығы бірінші сатыға қарағанда әлдеқайда төмен.

Мыстың еруінің ток бойынша шығымына мыс электродындағы ток тығыздығының әсері зерттелініп 2-кестеде келтірілді. Электродтағы ток тығыздығын 200-1200 А/м<sup>2</sup> аралығында арттырғанда, мыс (I) иондарының түзілуінің ток бойынша шығымы кемитіні анықталды. Бұл ток тығыздығының артуымен, мыс электродының нашар еритінін бір валентті мыс хлоридінің электрод бетіне адсорбциялануы нәтижесінде пассивтеліп, мыс электродының еруінің ток бойынша шығымы кемиді.

Кесте-2. Айнымалы токпен поляризациялау кезіндегі мыс электродының еруінің ток бойынша шығымына мыс электродындағы ток тығыздығының әсері

$i_{\text{Cu}}$ , кА/м <sup>2</sup>	200	400	600	800	1000	1200
ТШ <sub>Cu</sub> , %	78	63	54	48	42	37

Айнымалы токпен поляризацияланған мыс электродының электрохимиялық еру ерекшелігі 0,25-1,25 Н концентрация аралығында зерттелді. 3-кестеге сәйкес, тұз қышқылы концентрациясының артуымен Cu (I) иондарының түзілуінің ток бойынша шығымы өседі. Яғни, анионның концентрация өсуімен, оның тотықтырғыштық қасиеті артады, әрі қышқыл концентрациясының артуымен оның электр өткізгіштігі жоғарылайды. Бұл негізгі үрдістің жылдамдығының өсуіне септігін тигізеді. Мыс электродының

А.Ясаун университетінің хабаршысы, №3, 2011


Кадирбаева А.С., Нурділлаева Р.Н. Тұз қышқылы ерітіндісінде айнымалы токпен поляризациялау арқылы...

қышқыл концентрациясына тәуелділігінен реакция реті есептелді. Мыс (I) иондары түзілуінің реакция реті 0,95 мәнді көрсетті.

Кесте-3. Айнымалы токпен поляризациялау кезіндегі мыс электродының еруінің ток бойынша шығымына ерітінді концентрациясының әсері

[HCl], Н	0,25	0,5	0,75	1	1,25
ТШ <sub>Cu</sub> , %	48	53	58	63	68

Айнымалы токпен поляризацияланған мыс электродының еруінің ток бойынша шығымына электролиз ұзақтығының әсері 1-суретте келтірілген. Электролиз ұзақтығын арттыру мыс электродының еруінің және Cu (I) иондарының түзілуінің ток бойынша шығымының кемуіне әкеледі.



$$i_{Cu} = 200 \text{ A/m}^2, i_{Ti} = 100 \text{ кA/m}^2, [\text{HCl}] = 2 \text{ Н}$$


1-сурет. Айнымалы токпен поляризациялау кезіндегі мыс электродының еруінің ток бойынша шығымына мыс электродындағы ток тығыздығының әсері

Мұны уақыт артқан сайын қосымша реакциялардың үлесінің артуымен және электродтардың электролиз өнімдерімен пассивтелуімен түсіндіруге болады. Электролиз ұзақтығы артқан сайын титан электродында мыс ұнтақтарының түзілуі байқалады. Титан электроды мыс ұнтақтарымен қапталып, нәтижесінде электродтың ток түзеткіш қасиеті нашарлайды. Бұл өз кезегінде ток бойынша шығымның төмендеуіне әкеледі.

Мыс электродының ток бойынша шығымына ерітінді температурасының әсері 2-суретте бейнеленген. Ерітінді температурасы артқан сайын Cu (I) иондарының түзілуінің ток бойынша шығымы өседі. Температуралы – кинетикалық әдіспен анықталған мыс электродының құрамындағы мыс иондарының активтендіру энергиясы 5,31 кДж/моль құрады. Бұл жүріп жатқан электрохимиялық реакцияның диффузиялық режимде жүретіндігін көрсетеді.

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №3, 2011

Кадирбаева А.С., Нұрділлаева Р.Н. Тұз қышқылы ерітіндісінде айнымалы токпен поляризациялау арқылы...



$i_{Cu} = 200 \text{ A/m}^2$ ,  $i_{Ti} = 100 \text{ kA/m}^2$ ,  $[HCl] = 2 \text{ N}$ ,  $\tau = 0,5 \text{ сағ.}$

2-сурет. Айнымалы токпен поляризациялау кезіндегі мыс электродының еруінің ток бойынша шығымына ерітінді температурасының әсері

Ұсынылып отырған жұмыста мыстың бейорганикалық қосылыстарын синтездеудің электрохимиялық тәсілін жасау және үрдісті интенсификациялау жолдары іздестірілді. Бұл келесі жолмен шешімін тапты.

Мыстың (I) хлоридін алу үшін, мыс электродын 2 N тұз қышқылы ерітіндісінде титан электродымен жұптастырып, айнымалы токпен поляризациялайды. Электролиз электрод кеңістігі бөлінбеген электролизерде жүргізілді. Алдын ала дайындалған электролит электролизерге құйылады. Электролиз нәтижесінде, электролитте мыс (I) хлориді түзілді. Электролиз, мыс электродындағы ток тығыздығы  $200 \text{ A/m}^2$ , ал титан электродындағы ток тығыздығы  $100 \text{ kA/m}^2$ , бөлме температурасында жүргізілді. Синтезделген Cu (I) хлоридін Бюхнер воронкасында сүзіп, қыздырып, кептіреміз.

Қорытындылай келе, алынған зерттеу нәтижелері негізінде айнымалы токпен поляризацияланған мыс электродының тұз қышқылды ортада еруінің тиімді жағдайлары қалыптастырылды ( $i_{Ti} = 100 \text{ kA/m}^2$ ;  $i_{k} = 200 \text{ A/m}^2$ ;  $[HCl] = 0,25 \text{ N}$ ;  $t = 60^\circ\text{C}$ ;  $\nu = 50 \text{ Гц.}$ ). Тиімді жағдайларда, тұз қышқылы ерітіндісінде мыс (I) хлоридінің түзілуінің ток бойынша шығымы 93% құрады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бірімжанов Б.А. Жалпы химия. Алматы, ҚМҰУ, 2001, 744 б.
2. Ритан Р., Четьяну И. Неорганическая химия. –М.: Мир, Т. 2. 1972, 697 с.
3. Черная С.С., Мецееский Е.В. Потенциометрическое исследование комплексообразования ионов меди (I) и меди (II) в хлоридных водных растворах // Изв.Ан ЛитССР. Сер.хим. – 1963, №3. - С. 336-340.
4. Астахова Р.К., Красиков Б.С. К вопросу об электрохимическом поведении меди в солянокислых электролитах // Журн. прикл. химии. - 1971. - Т. 44, №2. - С.363-371.

А.Я сауи университетінің хабаршысы, №3, 2011

**А.К.МАМЫРБЕКОВА**

химия ғылымдарының кандидаты  
М.Әуезов атындағы ОҚМУ

**Ж.К.ИБРАИМОВА**

М.Әуезов атындағы ОҚМУ-нің магистранты

**А.К.МАМЫРБЕКОВА**

химия ғылымдарының кандидаты,  
А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің доценті

## **БИОТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ӘДІСПЕН АБИОТИКАЛЫҚ СТРЕСКЕ ТӨЗІМДІ ГИБРИДТІ ПЕТУНИЯНЫ АЛУ**

**В работе исследованы условия для введения в культуру *in vitro* *Petunia hybrida* L. и получена каллусная культура. Изучены условия для стерилизации эксплантов *Petunia hybrida* L., влияние минерального состава питательных сред на жизнеспособность и качественные характеристики растений в условиях *in vitro*.**

**The conditions for introduction in the culture *in vitro* *Petunia hybrida* L. are researched and the callus culture is received in the work. The conditions for sterilization fragment *Petunia hybrida* L., influence of mineral structure of nutrient mediums on viability and qualitative characteristics of plants in conditions *in vitro* are studied.**

Қазіргі таңда Қазақстандағы қалалар мен ірі өндіріс орталықтарын атап айтсақ, автокөліктердің санының артуы, түрлі-түсті металл қорыту, жылу энергетика және мұнай өндіру орындары маңында топырақтың, судың, ауаның ауыр металдармен ластануы өзекті экологиялық мәселеге айналды. Қазақстан облыстарындағы ірі өндіріс орталықтары маңында топырақтағы ауыр металдардың мөлшері (мысалы, Zn, Cd, Pb, Cu, Co, Cr) қалыпты жағдаймен салыстырғанда бірнеше есеге жоғарылаған. Қаладағы ауыр металдардың өсімдіктердегі және топырақтағы мөлшері аумақтың урбанизациясын көрсетеді. Автокөлік парктерінің өсуі, қаладағы автокөлік жолдары аймағының дамуы, қала ауасының ластануының негізгі фактор болып отыр. Қала топырағындағы мыс, мырыш, кадмий, никель, темір және басқа да металдар үлесінің өсуі, металл концентрацияларының өсімдіктерде де өскендігін көрсетеді. Әсіресе гүлзарлардағы шөптесін өсімдіктерге ауыр металдар күшті әсер етеді. Ауыр металдардың әсерінен қала өсімдіктерінің декоративтік сапасы төмендейді, ергежейлік өсімдіктер пайда болады, жапырақтардың орналасуында аномалиялық белгілер байқалып, тератологиялық өзгерістерге ұшырайды [1].

Ауыр металдардың улылығын зерттеу және гибридті петуния алудың биотехнологиялық әдісін жасап шығару теориялық ғана емес, практикалық қызығушылық танытады, ол іс жүзінде өсімдіктер биотехнология саласында зерттеушілердің білімін жетілдіре және тереңдете қолданылады. Соңғы жылдары өсімдіктердің ұлпаларын және жасушаларын культивирлеу биотехнологияда кеңірек қолданылуда, бірақ қалалық жасылдандыруда қолданылуға болатын декоративті қасиетке ие гибридті петуния өсімдік регенеранттарын алу технологиялары қазіргі уақытта мүлдем зерттелмеген.

Бұл жұмыстың мақсаты – ауыр металдарға төзімді гибридті петунияларды алу жолдарын жасушалық селекция әдісімен зерттеу.

**А.Ясауи университетінің хабаршысы, №3, 2011**

**Мамырбекова А.К., Ибраимова Ж.К., Мамырбекова А.К. Биотехнологиялық әдіспен абиотикалық стресске...**

Каллустық ұлпалар үшін экспланттар алу мақсатында, микрклоналды түрде көбейту, гормоналды реттеуді зерттеу үшін тұқымдарды суға немесе коректік

ортаға егеді. Біздің жұмыста тәжірибені жүргізу ең бірінші кезең *in vitro* жағдайында залалсыздандырылған өсімдіктерді алу болып табылды. Ол үшін гибриді петунья экспланттарды залалсыздандыру жағдайларды таңдадық. Өсімдік экспланттарын  $KMnO_4$  (0,1 %), натрий гипохлориті (10%), сутектің асқын тотығы (10%), 96%, 70% этил спирті құрайтын ерітінділермен залалсыздандырдық. Ең тиімді екі сатылы залалсыздандыру ұзақтығы 0,5 және 20 минут - 96%- этил спирты мен 0,1%  $KMnO_4$  ерітіндісі болып табылды. Нәтижесінде ең жоғары таза, сау өсімдіктердің саны көп болған. Келесі тәжірибелерді жүргізу кезінде залалсыздандырудың анықталған тиімді жағдайлары қолданылды.

*In vitro* *Petunia hybrida* L. культураға енгізу кезінде Murashige and Skoog, Uata и Gamborg қоректік орталар қолданылды [2]. *In vitro* *Petunia hybrida* L. культураға енгізу бойынша жүргізілген тәжірибелер нәтижесінде Мурасиге-Скуга қоректік ортада өсірілген экспланттардың өмір қабілеттілігінің жоғарғы пайызын (97,50%) көрсетілгендігі анықталды. Сондықтан, келесі зерттеулер жүргізу кезінде Мурасиге-Скуга қоректік орта қолданылды. Қоректік ортаның ең құнды қасиеттерінің бірі – каллусогенезді анықтайтын өсу реттегіш. Қоректік орта құрамындағы фитогормонды реттеуде, модификация дамуда осыған байланысты. Осы кезеңнің зерттеу мақсаты петуньяның жасуша культурасының өсу реттегіші. Реттеу процесінің бірден-бір тәсілі жасуша культурасының дифференциациясы мен метаболизмі және өсімдік ұлпасына қоректік орта қолданумен түрлі концентрлі гормондар модификациялық ортаның зерттеу әсері түрлі концентрлі гормондар 2,4 –Д (2,4-дихлорфеноксисірке қышқылы), кинетин,  $\alpha$ -НСҚ ( $\alpha$ -нафтилсірке қышқылы),  $\beta$ -ИСК ( $\beta$ -индолилсірке қышқылы), 6-БАП (6-бензиламинопурин) өсу үшін және каллустық ұлпаның жиналуы әсері. Ортаның гормоналды құрамы мен ұлпаның түрі осы орталардан алынғаны (1 кесте) белгіленген. Бірінші егу нәтижесінде биомассаның өсімі  $E_3$  және  $E_6$ –7,5, 3,9 г/л ортада үйлесімді. Бір субкультуірлеу уақыты 30 тәулікті құрайды. Екінші егу барысында биомассаның өсімі бойынша әлде қайда жоғары, каллустың тұрақтылығы  $E_3$  және  $E_6$  ортасында байқалады.

1-кесте. *Petunia hybrida* L. каллусты ұлпасына түрлі гормондардың әсері

Ортаның коды	Аралас гормондар	Ұлпаға жағымды әсері	Каллусты ұлпаның өсудегі деңгейі, г/л			
			I	II	III	IV
$E_1$	НСК-0,1 БАП-0,1 2,4-Д-0,1	сұр, жетілмеген; ақшыл жасыл, ақшыл сары	1,5	0,7	-	-
$E_2$	НСК-0,2 Кинетин- 0,1	қоңыр-жасыл, жетілмеген; ақшыл жасыл, дифференцияланған	2,3	1,9	2,6	-
$E_3$	НСК-2,5 БАП-0,15	сулы, анық, жасыл	7,5	7,1	10,2	11,4
$E_4$	БАП-0,1	жап-жасыл, мықты	2,5	1,3	-	-
$E_5$	ИСК -8 Кинетин-0,8	кызғылт, орны құрылымданған	1,7	0,3	-	-

А.Я сауи университетінің хабаршысы, №3, 2011

Мамырбекова А.К., Ибраимова Ж.К., Мамырбекова А.К. Биотехнологиялық әдіспен абиотикалық стресске...

$E_6$	НСК -1 БАП-0,3	сулы, ақшыл жасыл және сары, көкшілдеу	3,9	4,2	5,8	7,4
-------	-------------------	--	-----	-----	-----	-----

E <sub>7</sub>	НСК -0,3 БАП-0,5 2,4-Д-0,1	сулы, анықтау, ашық көгілдір жасыл	2,3	5,4	6,7	5,9
E <sub>8</sub>	БАП-1 Кинетин-1 2,4-Д-0,4	кызғылт, конырқай кызғылт қоңыр	3,2	2,9	5,4	6,2

E<sub>7</sub> ортасында экспонирлеу тез өсетін клонының бөлінуіне мүмкіндік береді. Ортаның гормоналды құрамы басқа нұсқауларға қарағанда өсу реті тоқталды. Үшінші егуде E<sub>3</sub> ортасында өсу реті баяулады, ал E<sub>8</sub> сол уақытта каллусты ұлпа дамыды. Қызыл түсті, құрамы біркелкі ұсақ дәндеуіш, жоғары биомассаның өсуімен ерекшеленеді. Модификация өткізу нәтижесінде төртінші егуде төрт клон бөлінді. Тұрақты сапасы мен саны (түсі, құрылысы, өсу жылдамдығы, биомасса) ортаның гормоналды құрамы: E<sub>3</sub> E<sub>6</sub> E<sub>8</sub> және E<sub>7</sub>. Жасушалық селекцияны жүргізу және ауыр металдардың улылығын анықтау үшін каллустық дақылдар мен өсімдіктердің ауыр металдарға сезімталдығын анықтау қажет болды.

Осыған байланысты ауыр металдардың тұздарының петуния тұқымының өсіп шығуына әсерін зерттедік. Мырыш сульфатының концентрациясының тұқымның шығуына әсерін зерттегенде өсімдік-ке мырыштың әсері 150 мг/л концентрацияда білінді, ол тұқымның шығуына әлсіз ғана әсер етті. 300 және 400 мг/л концентрацияда тұқым өліп қалды. Петуния тұқымына кадмийдің әсері сулы ерітіндіде 10 мг/л байқалды. Бұндай концентрацияда тұқымның өсуі 90% болды. 120 мг/л-де тұқым өсуін тоқтатты. Тұқымның өсуіне мырыштың әсері қызығушылық тудырды, себебі қорғасын Шымкент қаласын ластайтын негізгі металл. Әдебиеттерге сүйенсек [3] көптеген өсімдіктер қорғасынның әсерінен жойыла бастайды (жапырақ хлорозы, жапырақ бетінің кішіреюі, өсудің тоқтауы). Бұл айтылған белгілер біздің тәжірибелерімізде де кездесті. Біздің тәжірибелерімізде петуния тұқымының өсуіне әсер етуші Pb(NO<sub>3</sub>)<sub>2</sub> -0,2%- болды, ал 0,6%-да өсімдік өлді. Белгілі бір концентрацияда Pb(NO<sub>3</sub>)<sub>2</sub> – каллустың бір бөлігі өліп қалды. Сонымен қатар петуния буданына қорғасын және мырыш, мырыш және кадмий, қорғасын және кадмий тұздарының әсері зерттелді. Тәжірибелер көрсеткендей, мырыштың әлсіз концентрациясы кадмийдің уыттылық әсерін жоғарылатпайды (2 кесте). Қорғасын мен кадмийді қосып пайдаланғанда екі металдың да уытты әсерінің күшейгендігі байқалды (3 кесте). Тәжірибеден көрінгеніндей, металдардың бірлескен әсері олардың жекелеген уыттылығын барлық уақытта көтере бермейді. Қаланың гүлзарлары металдардың бірлескен әсерінен зардап шегеді. Бұларға шыдамды өсімдіктер алу үшін, олардың фитоулылығын және каллустық дақылдарын зерттеу керек. Металдардың бірлескен ықпалының өсімдікке толығымен әсер етуін қорғасын - 0,05%, кадмий- 7 мг/л және мырыш 150 мг/л болатындығын

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №3, 2011

Мамырбекова А.К., Ибраимова Ж.К., Мамырбекова А.К. Биотехнологиялық әдіспен абиотикалық стресске...

дәлелдедік. Қорғасын - 0,2 %, кадмий -20 мг/л, мырыш 350 мг/л болып бірігіп әсер етсе өсімдік өліп қалады.

2-кесте. *Petunia hybrida* L. тұқымының шығуына мырыш және кадмий тұздары концентрациясының әсері, бақылаудан %

Cd, мг/л	15	30	60	30	60
Zn, мг/л	150	150	150	300	300
Тұқымның шығаруы, % бақылаудан кейін	75,3 ± 5,8	67,0 ± 5,6	22,5 ± 4,0	44,0 ± 3,3	16,5 ± 2,6

3-кесте. *Petunia hybrida* L. тұқымының шығуына қорғасын және кадмий тұздары концентрациясының әсері, бақылаудан %

Pb(NO <sub>3</sub> ) <sub>2</sub> , %	0,1	0,1	0,2	0,1
Cd, мг/л	20	30	20	60
Тұқымның шығаруы, % бақылаудан кейін	32,0 ± 1,4	18,3 ± 2,6	22,6 ± 1,3	7,8 ± 0,5

Қорыта айтқанда, зерттеулер нәтижесінде петуния тұқымының өсуіне қорғасын және кадмийдің тұздары уытты болып саналады. Жұмыста петуния гибридті және каллус дақылдар үшін ауыр металдардың салыстырмалы уыттылығының бағасы көрсетілген. Петуния гибридті тұқымдарының өнгіштігіне және өсуіне мырыш, кадмий және қорғасын мөлшерінің әсері зерттелген. Ауыр металдардың уыттылық дәрежесі анықталды. Өсімдіктерде ауыр металдардың жинақталуы өсімдік түрінің ерекшеліктеріне, металдардың қасиеттеріне және ортаның жағдайларына тәуелді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Растения в экстремальных условиях минерального питания /Под ред. Н.В.Алексеевой-Поповой. - Л.: Наука, 1983. -178 с.
2. Валиханова Г.Ж., Рахимбаев И.Р., Каржасова А.В., Бишимбаева Н.К. Методическое руководство к практическим занятиям по культуре тканей растений. -Алма-Ата: КазГУ, 1998. – 96 с.
3. Гладков Е.А., Гладкова О.В. Биотехнологические методы получения растений, устойчивых к тяжелым металлам //Биотехнология, №1, 2007. -С.81-85.



## ЭКОЛОГИЯ

**А.Д.АКБАСОВА**

Бактериялық инфекция созылмалы бронхиттің қайталануында жетекші орын алады. Созылмалы бронхиттің қайталануында әр түрлі бактериялар мен вирустар қатысуы мүмкін, Anzueto А. деректері бойынша басым орынды екі микроорганизм алады – *Haemophilus influenzae* және *Streptococcus pneumoniae*, олардың еншісіне қайталанулардың 60-80% жағдайы келеді. *Moraxella catarrhalis* тудырған инфекциялармен ауыратын 54,6% науқастарда өкпенің созылмалы обструкциялық ауруы байқалады. Созылмалы бронхиттің қайталануы бар науқастардың 50-60% бактериялық патогендер анықталады, көбінесе үш микроорганизмнің қатысуымен жүреді: *Haemophilus influenzae*, *Streptococcus pneumoniae* және *Moraxella catarrhalis*. Созылмалы бронхитпен сырқат науқастардағы *Streptococcus pneumoniae* мен *Haemophilus influenzae* микроорганизмдерінің маңыздылығы алғаш рет May JR. мен басқа авторлардың классикалық еңбектерінде 50 жыл бұрын көрсетілген болатын: патогенді микроорганизмдер қайталанған созылмалы бронхитпен науқастарда кілегейлі қақырық болғанда 54,2% жағдайда, ал іріңді қақырық болғанда 90% жағдайда анықталған. Микробиологиялық зерттеу дәлелдегендей, созылмалы бронхиттің өршуі кезінде қақырықтан осы патогендер 60% қайта кездескен [6.21].

Чучалин Е.И. және шет ел авторлар деректерінде бактериялар қайталанған созылмалы бронхитпен науқастардың 50-60% анықталған. Айтарлықтай орынды *Haemophilus influenzae*, *Moraxella catarrhalis* пен *Streptococcus pneumoniae* типтік емес штамдары және вирустар (тұмау, паратұмау, риновирустары) алады. Кейбір шетелдік авторлардың пікірлері олармен сәйкес, дегенмен олар аурудың ауыр дәрежелі ағымында және бронхоэктазы бар науқастарда *Pseudomonas aeruginosa* мен грамтеріс қоздырғыштар тудыратын инфекциялардың артатындығын алға тартады [3.5].

Басқа авторлардың мәліметтері бойынша ӨСОА қайталануының негізгі бактериялық қоздырғыштарына *Haemophilus spp.* (50%) жатады: көп жағдайда *Haemophilus influenzae*, кейде *Haemophilus parainfluenzae*; *Moraxella catarrhalis*

(12,6%); *Streptococcus pneumoniae* (10-15%), сондай-ақ *Enterobacteriaceae* spp. мен *Pseudomonas aeruginosa* (15% төмен) [7.50].

Пікірталас тудыратын сұрақтардың бірі *Streptococcus pneumoniae* штамдарының өкпе патологиясындағы маңыздылығы болып табылады. Зерттеушілердің бір тобының пікірінше, қазіргі таңда өкпе ауруларының этиологиясында *Streptococcus pneumoniae* рөлі артуда [8.5].

Көбінесе *Streptococcus pneumoniae* бактериясының *Neisseria* sp. бірлесе кездесуі жиі байқалған (75%), *Staphylococcus epidermidis* (8,33%), *Haemophilus influenzae* (4,19%). Монодақыл түрінде *Streptococcus pneumoniae* микроорганизмі 63,15%, сиректеу *Streptococcus pyogenes* 15,78%, *Neisseria* sp. 10,52% бөлінген. Ал, грамтеріс таяқшалар айтарлықтай төмен дәрежеде бөлінген: *Haemophilus influenzae* (5,30%), *Klebsiella pneumoniae* (5,30%). Микрофлораның құрамын зерттеу барысында байқалғандай, көбінесе *Streptococcus pneumoniae* (54%), *Neisseria* sp. (35,60%) бөлініп отырған, сиректеу *Staphylococcus epidermidis* (4,76%), *Haemophilus influenzae* (2,38%), *Streptococcus pyogenes* (2,38%) анықталған. Ассоциацияда жиі кездескен микроорганизм *Streptococcus pneumoniae* болды. *Haemophilus influenzae*, *Klebsiella pneumoniae* сиректеу анықталған, бірақ монодақыл ретінде және ассоциацияда тұрақты түрде көп мөлшерде бөлініп отырған. Шетел авторларының деректерінде, 65 жастан асқан науқастардағы өкпенің созылмалы обструкциялық ауруы кезінде іріңді қақырықтың тұрақты түрдегі экспекторациясының болуында және/немесе бронхылық өткізгіштіктің айтарлықтай бұзылысында (ЖДшК/<50% бастапқы көлемнен) қайталану қоздырғыштарының қатынасы өзгешерек: *Streptococcus pneumoniae* мен *Pseudomonas* spp. басымдылық көрсетеді. Ауруы асқынған ағымды 64,4±9,0 жастағы науқастарды зерттегенде қоздырғыштардың спектрі келесі құрамда болды: *Streptococcus pneumoniae* 15,9%, *Haemophilus influenzae* 11,2%, *Enterobacteriaceae* 8,6 %, *Pseudomonas aeruginosa* 6,9 %, *Moraxella catarrhalis* 6,0 %, *Acinetobacter* spp. 1,3% [9.27].

“Атипиялық” микроорганизмдер маңызының жоқтығына қарамастан, созылмалы обструкциялық бронхиттің қайталануының дамуында белгілі орынды алады. Зерттеулерде созылмалы обструкциялық бронхит қайталанған науқастарда *Mycoplasma pneumoniae* микроорганизміне антидене титрінің артуы 8,7% дейін байқалған. *Chlamydia (Chlamydia) pneumoniae* мен *Mycoplasma pneumoniae* серологиялық диагностика мәліметтері бойынша ауру қайталануының сирек кездесетін қоздырғыштарына жатады. Соған қарамастан, көрсетілген жасушаішілік патогендердің статусы біркелкі емес, яғни, этиологиялық маңызының теріске шығуынан бастап аталмыш аурудың қайталануының 10% жағдайында себепші фактор ретінде қабылданады. *Chlamydia pneumoniae* созылмалы обструкциялық бронхит қайталануы дамуында анағұрлым үлкен орынды алады. Белсенді инфекцияның белгілері науқастардың 7% байқалады [10.72].

*Moraxella (Branchamella) catarrhalis* бактериясының маңызы тек 80-ші және 90-шы жылдардың соңында ғана айтыла бастады. *Moraxella catarrhalis* тудырған

пневмония мен жедел трахеобронхитті өкпелік инфекциялар негізінен өкпенің созылмалы аурулары бар науқастарда кездеседі [9.28].

Ерекше назарды созылмалы бронхитпен сырқат науқастардың қақырықтарынан жиі анықталатын грамтеріс микроорганизмдер алады, әсіресе бұлар аурудың асқынған кезеңдері бар науқастарда жиі анықталады. Басқа авторлардың жұмыстарында өкпенің жасанды желдеткішінде (ӨЖЖ) болған созылмалы обструкциялық ауру науқастарының бронхиалды сөліндегі грамтеріс микроорганизмдердің анықталу жиілігі 18% құраған, оның ішінде негізгі орынды *Pseudomonas aeruginosa* алған. ӨЖЖ кезіндегі ӨСОА науқастарындағы микробтық көріністі зерттеуде осыған ұқсас нәтижелер алынған: грамтеріс флора мен *Pseudomonas/Stenotrophomonas* spp. 28% науқаста анықталған. «Атипиялық» микроорганизмдер маңызының жоқтығына қарамастан, ӨСОА қайталануының дамуында белгілі орынды алады. Осы инфекциялар тобы туралы негізгі мәліметтер серологиялық зерттеулер негізінде алынған. Зерттеулерде созылмалы бронхиттер қайталанған науқастарда *Mycoplasma pneumoniae* микроорганизміне антидене титрінің 4 есе артуы 8,7% жағдайда анықталған. Келесі атипиялық микроорганизм *Chlamydia pneumoniae* созылмалы бронхит қайталануының дамуында анағұрлым маңызды орынды алады [7.6].

Сонымен, жүргізілген зерттеулер сұраққа жауап бермесе де, неліктен қайталанудың микробты патогендері мен созылмалы бронхиттер кезіндегі функционалды бұзылыстары арасында тығыз тәуелділік қалыптасқан, осы зерттеудің мәндері созылмалы бронхиттің қайталануы бар науқастар үшін олардың қызметтік өзгерістерінің көрнектілігіне байланысты, эмпириялық антибактериялық емдеуді таңдау мүмкіншілігі болып табылады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Билченко Т.Н.* Распространенность хронического бронхита и бронхиальной астмы (данные эпидемиологических исследований) //Пульмонология, Москва, 1994, №5, 116 с.
2. *Кабыкенова Р.К.* Проблемы бронхолегочной патологии среди населения Республики Казахстан. Сборник тезисов IV Международного конгресса пульмонологов Центральной Азии. Астана, 2004, 75 с.
3. *Чучалин А.Г.* Пульмонология в России и пути ее развития //Пульмонология, Москва, 1998, №4, 167 с.
4. *Кокосов А.Н.* Хронический простой (необструктивный) бронхит. В книге: Хроническая обструктивная болезнь легких. Под ред. А.Г. Чучалина. М.: Бином, 1998, 129 с.
5. *Dewan N.A., Rafique S., Kanwar B., Satpathy H., Ryschon K., Tillotson G.S., Niederman M.S.* Acute exacerbation of COPD: factors associated with poor treatment outcome. Chest. 2000, №3. P. 119.
6. *Anzueto A.* Contemporary diagnosis and management of bronchitis. 2nd ed. Newtown, Pennsylvania: Handbooks in HealthCare Co. - 1999; №12. P.116.
7. *Hager H, Vergnese A, Alvares S., et al.* Branchamella catarrhalis respiratory infections. Rev Infect Dis. - 1987; №45. P.1145.
8. *Smith CB, Golden C, Klauber MR, Kanner R, Renzette AD.* Interaction between viruses and bacteria in patients with chronic bronchitis. J Infect Dis. - 1976; №13. P. 552.
9. *Ball P., Harris J.M., Lawson D., et al.* Acute infective exacerbations of chronic bronchitis. Med. - 1995; №54. P. 91.
10. *Soler N, Torres A, Ewig S, Gonzalez J, Celis R, El-Ebiary M, Hernandez C, Rodriguez-Roisin R.* Bronchial microbial patterns in severe exacerbations of chronic obstructive pulmonary disease (COPD) requiring mechanical ventilation. Amer J Respir Crit Care Med. - 1998. №65, P. 1505.

**В.Р.ТАИРОВ**

магистрант МКТУ им. А.Ясауи

**ПРЕИМУЩЕСТВО В ИСПОЛЬЗОВАНИИ МАГНИТНО-  
КОМПРЕССИОННЫХ МЕЖКИШЕЧНЫХ АНАСТОМОЗОВ С  
ОДНОСТВОЛЬНОЙ СТОМОЙ У ДЕТЕЙ**

Мақалада жас балаларда бір бағанды ішек стомасы бар ішекаралық магнитті-компрессионды анастомозды қолданудағы басымдылығы қарастырылған.

The advantage of use inter-intestinal magnetic compression anastomosis with one-barrell ostomy of children has been studied in the work.

В детской хирургической практике нередко оперативные вмешательства при различных осложнениях брюшной полости завершаются выведением на переднюю брюшную стенку энтеро - или колостомы. У ряда больных формирование кишечной стомы является первым этапом запланированного многоэтапного хирургического лечения, в других случаях - единственным путем спасения жизни больных детей, особенно детей раннего возраста. Вместе с тем мало уделено внимание таким важным вопросам, как тип и способ наложения кишечной стомы, локализация ее в различных отделах кишечника, характер параколостомических осложнений, конструктивные особенности, так как на этих принципах основывается выбор метода реабилитации больных, хирургической тактики при выполнении реконструктивно-восстановительной операции [1,2].

После формирования энтеро- и колостомы состояние больных нередко ухудшается в связи со значительными потерями кишечного содержимого, особенно при высоких стомах, которые быстро могут вызвать обезвоживание, истощение организма больных, вследствие чего развиваются выраженные обменные нарушения, в некоторых случаях до декомпенсированных расстройств гомеостаза, кроме того длительное существование кишечной стомы приводит к отставанию физического развития детей, вплоть до летальных исходов в раннем возрасте [3].

Морфофункциональное исследование отключенного отдела кишечника у пациентов проведено рядом авторов, анализ которых свидетельствует о наличии определенных изменений, носящих этапный характер, таких как угнетение моторно-эвакуаторной функции, развитие гипотрофии либо дистрофии стенки кишки [4,5]. Все эти факторы являются неблагоприятными предвестниками возникновения органических изменений в стенке кишки при длительном выключении ее из функции. За последние десятилетия появились работы по формированию магнитных анастомозов для соединения полых органов [6,7]. Анастомозы, наложенные с помощью магнитных элементов, являются менее травматичными и более выгодными в экономическом морфофункциональном отношении.

В тоже время в данных исследованиях не нашли должного отражения проблемы по осложненному течению компрессионных анастомозов в ранние

и поздние сроки, по использованию магнитно-компрессионного анастомоза (МКМА) как способа временного восстановления непрерывности кишечной трубки, поэтому сроки восстановления непрерывности кишечника при энтеро- и колостомах остаются предметом дискуссии в течении десятилетий.

В настоящее время среди хирургов нет единого мнения о применении конкретного вида стом при схожей патологии, не выбраны наиболее рациональные способы наложения и ликвидации стом.

По данным литературы восстановительные операции на кишечнике сопровождаются большим числом осложнений: нагноение послеоперационной раны от 7,3% до 60% [8], анастомозит, несостоятельность швов анастомоза от 2,2% до 32,6% [9,10]. При этом цифры послеоперационной летальности по данным ряда авторов варьируют от 1-4% до 36-50%. Поэтому остается дискуссионным вопрос о сроках и способах восстановительных операций и влияние их на развитие послеоперационных осложнений.

Указанное выше и послужило основанием для изучения изменений в организме стомированного больного и поиску путей оптимизации хирургической реабилитации пациента с энтеро- и колостомой, что имеет большое практическое и социальное значение.

Настоящая работа основана на анализе результатов лечения 64 больных детей у которых оперативные вмешательства завершились формированием энтеро-или колостом различной локализации. Больные находились на лечении в Областной детской больнице г. Шымкента, в Туркестанской районной больнице за период с 2005 по 2011 годы. Все исследования условно разделены на 3 периода.

В первый период все исследования проводились по общепринятым традиционным методикам, когда больным накладывались один из видов кишечной энтеро- или колостомы.

Во второй период для улучшения результатов лечения больных, которым накладывались двухствольные энтеро или колостомы с интраоперационным или послеоперационным формированием межкишечного магнитного анастомоза с целью временного восстановления проходимости кишечной трубки.

В третий период было разработано более совершенная методика формирования одноствольной кишечной стомы с межкишечным магнитно-компрессионным анастомозом (патент № 47050).

Таблица 1. Распределение обследованных больных по возрасту и полу

№	Возраст Пол	До 1 года	До 3 лет	До 8 лет	До 15 лет	Всего
1	Мальчики	24	9	3	1	37
2	Девочки	17	5	3	2	27
3	Всего:	41	14	6	3	64

По нашим данным, наиболее часто исследуемая патология встречается в первый год жизни и составляет 64% от всех обследованных детей. По нозологическим формам обследованные больные распределились в соответствии с данными таблицы 2, где приведено ранговое распределение обследованных больных по нозологическим формам в общей совокупности исследований.

Таблица 2. Ранговое распределение обследованных больных по нозологическим формам

№	Нозологическая форма и первичная патология, вызвавшая образование кишечных свищей	Общее число наблюдений	к общему числу
1.	Непроходимость кишечника	21	32,8 %
2.	Инвагинация кишечника	14	21,8 %
3.	Острый аппендицит, грыжа	11	17,1 %
4.	Язвенно-некротический колит	2	3,1 %
5.	Пороки развития кишечника	9	14,2 %
6.	Разрывы кишечника	4	6,3 %
7.	Дивертикул Меккеля	3	4,7 %
8.	Всего:	64	100%

Как показывают данные, приведённые в таблице 2, чаще всего, обсуждаемые осложнения развиваются при непроходимости кишечника, инвагинации кишечника и при остром аппендиците. Эти патологические процессы наиболее часто, более чем в 60% случаев, дают тяжёлые осложнения, которые приводят к грубым некротическим изменениям в стенке кишки, к образованию межкишечных свищей и необходимости хирургического наложения прерентивных кишечных стом.

Таблица 3. Характеристика больных в основной группе и группе сравнения по полу и возрасту

Возраст, (лет)	Стомы		Стомы двухствольные с МКМА		Стомы одноствольные с МКМА		Число больных
	мальчики	девочки	мальчики	девочки	мальчики	девочки	
До 1 года	3	3	4	3	9	3	25
До 3 лет	2	1	3	5	5	3	19
До 8 лет	2	2	2	1	3	2	12
До 15 лет	1	1	1	1	2	2	8
Всего:	8	7	10	10	19	10	64

В таблице 3, 15 больным накладывалась традиционная энтеро- или колостома, 2 пациентам сформирована двухствольная стома с интра- или послеоперационным наложением межкишечного магнитного анастомоза, ещё 29 - была выполнена одноствольная конце- вая стома с межкишечным магнитным анастомозом по разработанной методике.

Клинический контроль за состоянием 64 больными детьми с энтеро- и

колостомой проводили по критериям, включающим оценку общего состояния, частоту дыханий и сердечных сокращений, функцию желудочно-кишечного тракта, характер и количество отделяемого из стомы, суточный диурез, состояние послеоперационного шва, также по возникновению послеоперационных осложнений.

Начиная с 4-5 суток после операции в связи с постоянным кишечным отделяемым вокруг стенки развивалась гиперемия и мацерация кожного покрова. К 15-20 суткам среди стомированных больных гиперемия, мацерация кожного покрова вокруг стомы больше отмечалась у больных со стомой без наложения МКМА. Так как после образования анастомоза у больных, которым наложена двухствольная стома с МКМА гиперемии и раздражения кожного покрова значительно снижалось, вследствие уменьшения отделяемого через стому, но меньше всего гиперемия кожного покрова было у больных, которым накладывалась одноствольная стома с МКМА, а у некоторых вообще не отмечалось гиперемия кожного покрова.

Сроки закрытия стом во многом зависело от вида наложенной стомы. Закрытию стомы предшествовало повышение активности, улучшение состояния, минимальное проявление интоксикации, прекращение прогрессирующего истощения, стабилизация массы тела. У больных, которым накладывали одноствольную или двухствольную кишечную стому с МКМА подходы были совсем иные и закрывали раньше.

Интраоперационное восстановление непрерывности кишечника при одноствольной кишечной стоме путем формирования МКМА имеет ряд преимуществ по сравнению с двухствольной кишечной стомой с формированием МКМА:

1. Легче ухаживать за стомой.
2. Меньше мацерации и гиперемии кожного покрова.
3. Сокращаются сроки лечения больных.
4. Упрощается методика закрытия концевой стомы.

Выявленные преимущества перед ручным шовным анастомозом обусловлены важнейшими особенностями МКМА:

- малотравматичен;
- МКМА асептичен;
- отсутствуют воспалительные инфильтраты в толще соединяемых кишечных стенок;
- образовавшийся соединительнотканый «рубчик» не имеет тенденции к грубому склерозированию;

- самая значимая отличительная особенность заключается в том, что все вышеизложенные положительные характеристики МКМА выявлены при формировании его в условиях тяжелейшего гнойно-воспалительного процесса в брюшной полости, требовавшего у некоторых больных неоднократных релапаротомий.



Таким образом, использование метода временного восстановления непрерывности кишечника путем формирования одноствольной концевой кишечной стомы с магнитно-компрессионным межкишечным анастомозом (МКМА) способствует более быстрому улучшению состояния больных в результате прекращения истощающих потерь кишечного содержимого, уменьшению количества применяемых лекарственных средств, сокращению сроков реабилитации стомированного больного, а также уменьшению продолжительности лечения больных, тем самым значительно снижая материальные затраты.

Также разработанный способ формирования межкишечного магнитного анастомоза с одноствольной концевой стомой позволил снизить травматичность оперативного вмешательства, уменьшить число осложнений вокруг стомы и упростить закрытие концевой стомы.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Федоров В.Д., Воробьев Г.И. Проблемы восстановительной и реконструктивной хирургии в колопроктологии // Хирургия. - 1986, № 10. - С. 127-132.
2. Федоров В.Д., Рудин Э.П. Классификация колостом // Хирургия. - 1985. - №4. - С. 114-117.
3. Сергазин Ж.Р. Формирование межкишечных анастомозов с помощью постоянных магнитов у больных с энтеро- и колостомами. Автореф. дисс...канд.мед.наук. - Шымкент, 2007. 22-24 с.
4. Рудин Э.П. Восстановление непрерывности толстой кишки у больных с колостомой // Хирургия. - 1983. - №3. - С. 70-74.
5. Загородный Л.Г., Гюльмамедов Ф.И., Кухто Г.К., Шано В.П., Миминошвили О.И. Восстановительные операции на толстой кишке при многоэтапном хирургическом лечении ее поврежденных // Вестник хирургии. - 1982. - №4. - С.87-91.
6. Цай Н.А., 1996; Wit J., 2000.
7. Сейдинов Ш.М., Тайбеков Т.Т., Тогайбеков А.А. Применение компрессионных магнитных анастомозов при несостоятельности швов анастомоза у детей // Вестник «ЮКГМА». Шымкент 2003, № 14. с.58.
8. Денисов И.Н., Гаусман Г.Я., Хубезов А.Г., Левушкина А.И., Кириллов В.И. Хирургическая реабилитация больных с наружными кишечными свищами // Клиническая хирургия. - 1987. №2. - С.28-29.
9. Воробьев Г.И., Зикас В.С., Павалькис Д.К. Проблемы закрытия двуствольных колостом // Вестник хирургии. - 1989. - №5. - С.134-138.
10. Степанов Э.А., Красовская Т.В., Смиронов А.Н. Осложнения межкишечных анастомозов у детей // Клиническая хирургия. - 1979. - №6. - С. 8

**ЭКОНОМИКА**

**Б.С.МЫРЗАЛИЕВ**

экономика ғылымдарының докторы, профессор

**Б.А.АНЕТОВА**

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

**ҚАЗАҚСТАНДА ЖЕР ҚОРЛАРЫН БАСҚАРУДЫҢ КЕЙБІР  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЙЕСІН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ**

В статье исследованы вопросы совершенствования государственного регулирования некоторых экономико-правовых систем управления земельных ресурсов в условиях развития рыночных отношений.

The article is devoted to the issues of improving the state regulation of some economic and legal systems of land resources management in conditions of market relations development.

Қазақстанда 1,5 млн. га жер жеке меншіктің қолында, соның ішінде ауыл шаруашылығы құрылымдарының меншігінде 861 500 га жер, 491 мың га Қазақстан азаматтарының жеке меншігіне тиесілі, ал еліміздің заңды тұлғаларының меншігінде 371 мың гектар жер бар. Қазақстан азаматтарына ауылдық аумақтардан жеке тұрғын үй салуға бөлінген жерлердің көлемі өте аз, шамамен 75 мың га жер.

Елімізде ауыл шаруашылығы мақсатына арналған жерлердің үлесі 33 пайыз, шамамен 95 млн. гектарға жуық жер бар. Бүгіндері соның 1 пайызы ғана жеке меншік сектордың қолында. Олардың басым көпшілігі ұзақ мерзімге жалға алынған жерлер.

Кейбір азаматтар 2003 жылы қабылданған Жер Кодексі бойынша өзінің мақсатын толық орындаған жоқ, 7-8 жыл ішінде жеке меншік сектордағы жер учаскелерінің көлемі көбеймей отыр. Мемлекет үшін ең басты мақсат - жеке меншік үлесін арттыру емес, жеке меншік институтының негізін қалау болады. Ал ондағы басты принцип ауыл шаруашылығына арналған жерлерді азаматтарға ақылы негізде бөлу болып отыр. Бұл салада нарықтық қатынастың болуы жер нарығы үшін аса маңызды.

Біздің ойымызша Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешені неғұрлым дами түскен сайын, жеке меншік қолдағы жер алқаптарының үлесі соғұрлым арта түседі.

Жер ресурстарын басқару бойынша мына мәселені баса айтуымыз керек: қазіргі уақытта әрбір азаматтың ауыл шаруашылық мақсатына арналған жер телімін жеке меншікке, не болмаса оны 49 жылға дейін ұзақ мерзімді уақытқа жалға алу құқығын иеленуге мүмкіндігі бар.

Қазақстандықтар ақысыз негізде жеке тұрғын үй салуға, жеке қосалқы шаруашылығын жүргізуге, бау-бақшаға және саяжай шаруашылықтарына кішігірім жер телімдерін алуға заң бойынша құқылы. Бұл өзінше бір әлеуметтік бағыт болып табылады.

Жер қорының құрылымдық және сапалық жағдайының өзгерісін қарастыра отырып байқайтынымыз, олардың, әсіресе ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлердің дамуының кейбір бағыттары келеңсіздік сипатта екендігін көре аламыз. Мұндай жағымсыз процестер жердің ресурстық потенциалының қысқаруына, оның нәтижесінде ауыл шаруашылық өнімдерінің төмендеуіне алып келіп, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне қауіп тудырады. Бұл процесті тез арада тоқтатудың ең негізгі жолы жерді тиімді пайдалану. Әсіресе бұл қазіргі шаруашылық жүргізу жүйесінде, яғни, өнеркәсіптік ресурстардың жетіспеушілігі мен топырақтың өнімділігі және оның құнарлығының төмендеген жағдайларында маңызды мәселе болып табылады.

Шаруашылықтың және жерді пайдаланудың экономикалық механизмінің толық жасалмағаны жер ресурстарының тапшылығы мен нашарлауына алып келеді. Осыған байланысты жерді пайдаланудың ақысыз түрінен ақылы түріне өту, жер ресурстарын тиімді пайдаланудың экономикалық негізі жасалуы керек.

Қазақстан аса бай жер-ресурстық әлеуетті иелене отырып, оларды пайдалануға ерекше көңіл бөліп, әлемдік тәжірибеге сүйене отырып жер ресурстарын ұтымды пайдалану және қорғау стратегиясын бекітіп, елдің нарықтық экономика жағдайларына байланысты жер қатынастарын жетілдіру қажет. Нарық жағдайында жер ресурстарын басқару жер қатынастар жүйесінің социалистік түрімен ерекшеленеді. Алғашқы кезде жер мемлекеттің айрықша меншік құқығында болып, жер қатынастарының тек бір түрі - жер пайдалану ғана танылған. Жер оны пайдаланушыларға ақысыз беріліп, салық салынбайтын, жер учаскесі жылжымайтын мүлік мәртебесіне ие болмаған, жерді жалға алуға тыйым салынған. Демек, жерге жеке меншік құқығы, жер пайдаланудың ақылылығы, азаматтық және нарықтық айналымға жер учаскесін енгізу сияқты мәселелер заңдарда көрініс таппаған.

Жоғарыда көрсетілген объективті факторлар жер ресурстарын басқару әдістері мен қағидаларын өзгерту және осы салада зерттеу жүргізу қажеттілігін негіздейді.

Нарықтық қатынастардың дамуы және нарық айналымына жер учаскелерін енгізу, экономиканы мемлекеттік басқарудың дамуы жердің қолданбалы, экономикалық, құқықтық сипаттамасына негізделген фискалдық құралдардың дамуын (салық салу, жалға алу), жерді есепке алу саласындағы қызметті жетілдіруді талап етіп отыр. Мұндай есепті жүргізуді мемлекеттік жер кадастры жүзеге асырады. Бүгінгі күнде қазіргі талаптарға сай кадастрлық жүйенің және заңдылығының қалыптасу процесі, табиғи ресурстар кадастрларының құрылуын жүргізуді реттейтін қоғамдық қатынастар қалыптасу үстінде [1].

Жер туралы, жер учаскесінің меншік иелері және жер пайдаланушылар

туралы толық, нақты және жедел ақпарат жер саясатын жүзеге асыруға көмектесіп, жер және өзге де реформалардың жүзеге асуын бақылауға, жерді пайдалану және қорғауды реттеу және қадағалауға мүмкіндік береді,

Жер қатынастарындағы болып жатқан өзгерістер жер кадастрының функционалдық міндеттерін өзгерту қажеттілігін тудырады. Бұл мәселе жердің аумақтық кеңістік, табиғи ресурс және негізгі өндіріс құралы қызметін сақтай отырып жылжымайтын мүлік мәртебесіне ие болуына байланысты. Бұл жағдайда әрбір жер учаскесі заңды түрде жылжымайтын мүлік мәртебесіне иеленіп жеке және заңды тұлғалардың мүліктерінің құрамына енуі керек.

Сондықтан, жер нарығының дамуына үлесін қосатын, фискалдық саясатты (салық салу және өзге де жер төлемдерін алу) және жер ресурстарын басқаруды жүзеге асыруға негіз болатын қазіргі заманға сай жер кадастры қажет. Яғни, нарықтық қатынастар жағдайында мемлекеттік жер кадастры жүйесіне және бірінші кезекте жер учаскелерін тіркеу және олардың кадастрлық бағасын анықтауға қойылатын талаптар қатандылығы. Сондықтан, мемлекеттік жер кадастры жаңа жер құрылысына, және жер қатынастарына негізделіп құрылуы керек. Демек, әлемдік талаптарға сай келетін мемлекеттік жер кадастрын қалыптастыру өзекті мәселе болып табылады [2].

Мемлекеттік жер кадастры мемлекеттік тіркеу, жердің кадастрлық құнын анықтау, бағалау қызметінде маңызды рөл атқарады.

Зерттеудің мақсаты кадастрлық қызметті жүзеге асыру, жалпы теориялық мәселелерді талдау, мемлекеттік жер кадастрын жүргізу саласындағы әрекет етуші заңдылықты анық білу, оның кемшіліктерін анықтау, ұсыныстар мен тұжырымдар дайындау, қоршаған ортаны қорғау мен табиғат қорларын пайдалану саласындағы кадастрлық қызметті қалыптастыруға бағытталған.

Экономикалық-құқықтық қатынастардың ғылыми түсінігі нарықтық қатынастардың даму кезеңінде, ондағы қоғамдық өзгерістерді, соның ішінде жер құқық қатынастарын, ғылыми түрде жүзеге асыруда негізгі құралдардың қатарына жатады. Себебі, ол ғылымның жетістіктері мен ұжымдық тәжірибелерге арқа сүйейді. Сонымен бірге, ол экономикалық-құқық нормаларын қолдану ауқымын белгілеп берумен қатар, нарық экономикасының әлемдік даму кезеңіндегі қатынастардың реттелу өрісін кеңейтеді және жетілдіруге де қызмет етеді.

Мемлекеттік жер кадастры табиғи ресурс кадастрлары арасында маңызды орын алады. Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 152-бабына сәйкес, мемлекеттік жер кадастры Қазақстан Республикасы жерінің табиғи және шаруашылық жағдайы, жер учаскелерінің орналасқан жері, нысаналы пайдаланылуы, мөлшері мен шекарасы, олардың сапалық сипаттамасы

туралы, жер пайдаланудың есепке алынуы мен жер учаскелерінің кадастрлық құны туралы мәліметтердің жүйесі болып табылады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жер кадастрына жер учаскелеріне құқықты субъектілер туралы ақпарат та енгізіледі.

Жердің мелиорациялық кадастры мемлекеттік жер кадастрының құрамдас бөлігі болып табылады. Суармалы жер учаскелерінің мелиорациялық жай-күйі, олардың табиғи және ирригациялық-шаруашылық жағдайлары бойынша сапалық сипаттамаларын бағалау туралы, оларды пайдаланудың есебі туралы мәліметтер жүйесін құрайтын суармалы жердің мелиорациялық кадастры деп аталады.

Шаруашылық-ұйымдастырушылық қызметтің құралы ретінде қолданылатын, жер туралы мәліметтердің жиынтығын көрсететін мемлекеттік жер кадастрының түсінігімен қатар, жер кадастры оған қатысты туындайтын қоғамдық қатынастар және оларды құқықтық реттеу қатынастарының мазмұнын ашумен тығыз байланысты.

Бұл қатынастардың объектісі жер болғандықтан мемлекеттік жер кадастрын жүргізу қатынастары жер құқық қатынастары тобына жатады. Мемлекеттік жер кадастрын жүргізу қатынастары жер кадастрлық қатынастар тобын құрайды. Жер кадастрлық қатынастары жер кадастрын жүргізу әрекеттерімен байланысты, яғни жер пайдалану құқығын құқықтық рәсімдеу; жер есептерін құрастыру, қарау және бекіту; жердің кадастрлық құнын бекіту; жердің кадастрлық құнына қатысты мүдделі тұлғалардың арыздарын қарау және т.б. Демек, жер кадастрлық құқықтық қатынастар, жалпы құқықтық қатынастарға тән объектісі, субъектісі, мазмұны бар жер құқықтық қатынастардың жеке тобы болып табылады.

Қазіргі уақытқа дейін арнайы әдебиеттерде жер қорын басқару процесінде жүзеге асырылатын жер кадастрын жүргізу бойынша мемлекеттік іс-шаралар жүйесі ретінде жер кадастрлық қызметі арнайы қарастырылмаған. Жерді есепке алу, жер пайдалануды тіркеу, жер кадастрын жүргізу әдебиеттерде тек қана жер қорын мемлекеттік басқару, оның қызметтерін немесе жердің жекелеген санаттарының құқықтық режимі мен құқықтың басқа да сұрақтарын қарастыру кезінде көрініс табады. Жер кадастрлық функциясы мен оның жер қорын мемлекеттік басқару жүйесіндегі орнын зерттеу қажеттілігіне жер есептілік қызметтерінен жер кадастрлық қызметіне өтуімен мәлім болған, мемлекеттік жер кадастрын жүргізу себепші болады. Алғашқыда, жүргізілген жер пайдалануды тіркеу мен жерді мемлекеттік есепке алуды жүргізу аясындағы іс-шаралардан тұратын осы жаңа қызмет мазмұны мен міндеті жағынан әлдеқайда кең. Жер кадастрлық қызмет қазіргі заманға сәйкес кадастрды құру мен қолдауға бағытталған, жер кадастрлық іс-шараларының біртұтас жүйесіне біріктірілген және мемлекеттік жер кадастры аясында жүргізілетін жерді бағалау, жер пайдалануды тіркеу жерді

мемлекеттік есепке алу жөніндегі іс-шараларды қамтиды [3].

Жерді пайдалануды жоспарлау, жердің есебін жүргізу, жерді пайдалануды тіркеу, жерді бөлу және қайта бөлу, халық тұратын жерлерді жоспарлау, жер дауын шешу, жерді пайдалануды мемлекеттік бақылау, жер қорын мемлекеттік басқарудың жалпыға мойындатылған қызметтері болып табылады. Аталған әрбір қызмет өзіне тиесілі басқарушылық қызметтің негізделген түрін, оны атқаратын органдардың жүзеге асыру әдісі мен нысанын көрсетеді.

Жер қорын мемлекеттік басқару жүйесінде пайда болған жер кадастрлық қызмет қоғамдық өндірістің жалпы және жердің табиғи ресурстарының есебінсіз пайда болуы мүмкін еместігінен туындайды.

Қорыта айтқанда, жер өндіріс қорының көзі, әрі өндірісті орналастыру ортасы ретінде өндірістің барлық саласына қатысты. Өндірістің даму қарқыны артқан сайын жер байлығын, жер қорын пайдалану мөлшері де өсіп келеді. Соған байланысты, жер ресурстарының тиімді қорының сапасының төмендеуі қоғамның өндіріске жұмсалатын шығынының артуына кері әсер етуде. Жер қоры сапасының төмендеуінен туындайтын өндіріс тиімділігіне кері әсерді ғылыми техникалық жетістіктер нәтижесі де жоя алмай отыр.

Сондықтан жер қорын үнемді, тиімді пайдалану кезек күттірмей шешімін табуы тиіс мәселеге айналып отыр. Оны шешу үшін жерді тиімді пайдаланудың қазіргі экономикалық механизмге сай жаңа экономикалық жағдайларды ұйымдастыру керек және кешенді жолдардың ішінен ең тиімдісін, ең қолайлысын, нақтысын таңдап алу.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Липски С. Изменение земельных отношений //Экономист. 2003. № 5. С. 84–91.
2. Соболева О.Н. Плата за землю. Земельный кадастр. Выпуск 3. -Ростов-на-Дону: Рост.гос.строит.ун-т, 2001.
3. Медведева О.Е. Методические рекомендации по оценке стоимости земли. М., 2004, 83 с.

**С.С.ЫДЫРЫС**

экономика ғылымдарының кандидаты, профессор

**А.А.КӨЛБАЕВА**

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

## **БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ЖОҒАРЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ӨНДІРІСТІ ДАМУ ЖОЛДАРЫ**

В данной статье рассматриваются пути развития высоко технологического производства в рамках концепции индустриальной политики на основе показателей конкурентоспособности.

This article discusses the development of high-tech production in the concept of industrial policy based on indicators of competitiveness.

Ғылымға деген "мемлекеттік тапсырысты" тұрақтандыру ірі корпорациялардың ғылыми бөлімшелері, шағын және орта ғылымды қажетсінетін фирмалар мемлекеттің көмегімен құрылған білім беру, инфрақұрылым және экономикалық сипаттағы кейбір жеңілдіктер жүйесіне сүйене отырып, ұлттық ғылыми-техникалық дамытудағы өз ұстанымдарын күшейтеді.

Экономикалық қатынастардың жалпы жүйесінде инновациялық қызметтің түрлі нәтижелері - өндіріс тиімділігін арттыру, еңбек өнімділігі мен капиталдың өсуі, жоғары технологиялы өнім көлемі елдің экономикалық қуатын айқындайтын болғандықтан, оған басты рөл беріледі.

Ғылымды дамыту саласындағы мемлекеттік саясаттың басты бағыттары:

- әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі стратегиялық басымдықтарының бірі ретінде ғылымды айқындау;
- жоғары технологиялар өнімінің экспортына бағдарланған ғылымды көп қажет ететін, әрі ресурстарды үнемдейтін және экологиялық таза өндірісті құруға бағытталған зерттеулерді дамыту;
- ғылыми жетістіктерді нақты іске асыруға ықпал ететін тетіктер мен ынталандыру жүйесін құру;
- жаңа жетістіктерді экономиканың қабылдауын жан-жақты ынталандыру және олардың отандық ғылыми-техникалық әлеуметтің пайдалануы үшін жағдайлар жасау;
- ғылыми зерттеулер жүргізу үшін материалдық-техникалық базаны нығайту;
- кадр әлеуетін сақтау мен дамыту, ғылыми-технологиялық дамудың басым бағыттары бойынша жоғары білікті кадрларды даярлау мен аттестаттау;
- ғылыми зерттеулердің тиімділігі мен сапасын жоғарылату үшін ғылыми ұйымдарды аттестаттау және тіркеу жүйесін дамыту;
- ғылымның мемлекеттік емес секторын қалыптастыру мен оны қолдаудың мемлекеттік тетіктерін жасау және жетілдіру;
- талантты жас ғалымдар мен ізденушілерді қолдау;
- мамандарды әлемнің ең үздік ғылыми орталықтарында тағылымдамадан өткізу;

• отандық ғылымның халықаралық ғылыми-технологиялық қауымдастыққа интеграциялануын қамтамасыз ету.

Ұсынылған шараларды іске асыру индустриялық-инновациялық саясатты ғылыми қамтамасыз етуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге еліміздің ғылыми-технологиялық және индустриалды-инновациялық саясатының басым бағыттарының бірі жаңа техника мен технология арқылы жоғары тұтынымдық қасиеттері бар тауарларды шығаруға, материалдық және энергетикалық ресурстарды үнемдеуге, еңбек өнімділігін елеулі түрде арттыруға, экологиялық шектеулерді ескеруге мүмкіндік беру болып табылады және барлық жоғары технологиялардың негізіне ғылым қызмет етеді, ол сонымен бірге адамның базалық, рухани және моральдық құндылықтарын қалыптастыра отырып, мәдениеттің ажырамас бөлігі болып табылады.

Индустриалды даму мақсаттары мен стратегиясын бағдарлау кезінде жүйелік негізде геэкономикалық, технологиялық және әлеуметтік-саяси қағидаларды, персоналды психологиялық ынталандыру мен кәсіпорындағы басқару әдісін толық зерттеу қажет. Қабылданған Қазақстан-2030 Стратегиясына сай индустриалды саясаттың стратегиялық мақсатының басымдық негізі өндірістің әртараптандырылуы және минералды-шикізат кешенінен жоғары технологиялық өндіріске инвестицияларды тарту арқылы жүзеге асады [1].

Елемдік нарыққа ену мәселелерін тез арада шешу үшін бесінші технологиялық кезеңде жүйелілік ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың, өндіріс пен газды қайта өңдеу, электронды және микроэлектронды өндіріс, оптико-талшықты техника, бағдарламалық қамтамасыз ету мен робот жасау, жаңа технология мен басқару әдістерінің қосындысы ретінде құралып, жүзеге аса бастады.

Өндірістік-технологиялық үрдістің қозғаушы күші жоғары білікті жоба, технологиялық ойлар, табылады. Индустриалды дамудың стратегиясы, тәжірибеміз және әдістемесі әр сала үшін таңдау және диффузия тетігіне әкелуі қажет. Осылайша, индустрияны стратегиялық жоспарлау кезінде тек капитал өндіргіш саланың басымдығын ғана емес, сонымен қатар нарық экономикасымен анықталатын технологиялық қосындылардың дамуы мен қазіргі әлеуметтік тап қайшылықтарының әсеріне қиын аудару қажет. Сондықтан индустриалды саясат тәжірибемізде бәсеке қабілеттілігінің көрсеткіштерімен бірге қарастырылуы қажет.

Өндірістің бәсеке қабілеттілік көрсеткіші тімендегі ұлттық экономикалық жүйедегі сыртқы және ішкі сипаттамалар жиынтығымен анықталады:

- экономикалық жүйе ашықтығы;
- қызметтердің барлық деңгейлеріндегі ынталандыру;
- қолданылатын іс-шаралардың үздіксіздігі;
- еңбектің алдыңғы қатарлы көрсеткіштері;
- инновациялық белсенділік;



- инвестиция және болашағы бар технологиялар;
- өсіп келе жатқан еңбек өнімділігі;
- инфрақұрылымға тартылатын инвестициялар;
- инфрақұрылым қызметін анықтаушы есеп-кісап;
- тұтынушылардың сұранысы [2].

Қазақстанда минералды шикізаттардың өндірілуі ЖҰӨ-нің басым көпшілігін алады. Бұл МШК-нің өнімділігін көрсетеді. Қазақстандағы жағдайдың ерекшелігі МШК-нің үздіксіз дамуы шикізаттық салалар мен аз деңгейде өнім өндіретін салалардың ғаламдану жағдайында орын алуы бәсеке қабілеттілігі мен тиімділік көрсеткіштеріне өлкенің есерін тигізеді. Қазақстанның өндірістік қорының әртараптандырудың жалпы бағыттаушысы МШК-нің барлық көрсеткіштерін сақтай отырып, оның үлесін ЖҰӨ-де 30-40% төмендеуі болып табылады. Өзіңізді ұйымдастыру қабілеті бар индустриалды саланың минералды-шикізат кешені мен аралық өнімдер өндірісінен бәсеке қабілеттілігі жоғары саналатын дайын өнімдер өндірісіне кіту келесі қырыныстармен анықталады:

- саланың құрылымдық күрделілігінің артуы;
- өндірістік өнімнің функционалды түрлерінің артуы;
- саланы индустриалды реттеу сапасының жақсаруы;
- материалдық, қаржылық және ақпарат ресурстарының басқа салалармен алмасу жылдамдығының артуы;
- салаішілік ауысу ағымдарының теңдігі.

Әлеуметтік және экологиялық талаптарға сай бәсеке қабілеттілігі мен кешенді техника-экологиялық дамуы келесі көрсеткіштермен:

- технологиялық тиімділік;
- шығындар тиімділігі;
- экологиялық тиімділік;
- нарықтық тиімділік;
- менеджменттік тиімділігімен анықталады [3].

Сонымен, жаңа индустриалды саясат келесі мақсаттар мен міндеттерді шешуге бағытталуы қажет:

- өмір сапасын жоғарылатудағы нақты міндеттерді шешу;
- қаржылық қолдаудағы жариялылық пен мөлдірлік орын алуы.

Мемлекеттік институттарының инвестициялық қолдауы таза бәсекелік басымдықтарды қолдайтын стратегиялық міндеттерді шешуші төмендегі жобаларға бағытталуы қажет:

- экономиканың ғылыми сыйымды және жоғары технологиялық өндірістің өңдеуші секторының дамуын қамтамасыз ету;
- өндірістегі инновациялық белсенділікті жоғарылату;
- ғылыми-техникалық ортада кіші және орта бизнес дамуын біріктіру;
- тең бәсеке жағдайын жасау;
- өңдеуші индустрияның экспортқа бағытталуы;
- бәсеке артықшылығының құрылуы.

Жеке кәсіпкерлік субъектілері тарапынан инвестициялану мүмкіншілігінің

аздығымен анықталады.

Сонымен қатар, міндетті т%орде отандық ғылымның химия, мұнай химиясы, металлургия, ядролық физика, геофизика, микробиология, биотехнология мен гендік инженерия, жоғары технологиялық және ғылыми сыйымды өнім түрлері мен шикізатты терең өңдеу, өңдеу өндірістерінде бәсеке артықшылықтарын анықтау бағыттары қарастырылады. Сонымен бірге индустриалды саясатты жүзеге асырудағы бар шаралар бір жүйеге біріктіріліп, өзара құпталуы қажет.

Келесі экономикалық өсім стратегиясын постиндустриалды қоғамда жүзеге асыру қажеттілігімен анықталады. Экономикалық дамудың негізгі сипатының бірі – оның біртексіздік сипаттамасы. Оте жоғары бәсекелестік ортамен анықталатын кезеңде жоғары технологиялық мұдеу деңгейіне ауысуы кезінде жетекші болып табылған елдердің капиталы құнсызданып, мамандар біліктілігін жоғалтулары м%омкін. Осы кезде өндірістік-технологиялық жүйенің ашылып жатқан жағалықтары капитал тарту орталығына айналады. Осылайша алдын-ала ғылыми-техникалық, инвестициялық және өндірістік капиталға ие болып отырған елдер бәсеке қабілетіне ие болады. Өндірістік-технологиялық жүйеде жоғары технологияны жаппай игеруі мүмкін емес. Жоғары технологиялар келесі белгілерге ие:

- жүйелік ғылымның қажет етілуі;
- үрдістердің физикалық және математикалық жобалары;
- ізденіс жұмыстарының технологиялық ортамен тығыз қатынаста жүзеге асырылатын барлық кезеңдері;
- кәсіпорында білікті мамандар, жабдықтар, жоғары технологиялар, өлшеу құралдары, компьютерлік жүйенің болуы;

Жоғарыда келтірілген жоғары технологияның белгілері алдағы жұмыстың көлемін, жетілдіру м%омкіншіліктерін, жұмыс орындарының санын, т.б. білуге мүмкіндік береді. Ғылыми сыйымды өндіріс саясаты экономикалық өсімді қамтамасыз етуге бағытталуы қажет. Айтылған бағыттарды басқара алмаған жағдайда, ел экономикасы «дамуды қуып жету» жағдайында ғана болады. Сонымен қатар ынталандыру жүйесі келесі міндеттерді шешуге бағытталуы қажет:

- инновацияны қолданудың жалпы белсендірілуі;
- ғылыми сыйымды жоғары технологиялық өндірістің дамуы;
- экономиканың нақты секторының бәсеке қабілеттілігінің жоғарылатылуын қамтамасыз ету;
- құрылымдықты қайта құруға қол жеткізу;

Индустриалды бағдарлама постиндустриалды дамудағы ғылыми-техникалық және өндірістік әлеуеттердің өсуіне әсер етуі қажет:

1. 5-6 технологиялық мұдеу деңгейінің құрылуы. Бесінші технологиялық мұдеу деңгейі ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың, газды өндіру мен өңдеу, электронды және микроэлектронды өндірістің, робот жасау, икемді автоматтандыру мен басқару әдістерінің қосындысы болып табылады. Негізгі анықтаушы фактор микроэлектронды қосындылар болып табылады

және бүгінгі таңда бесінші технологиялық кыдеу деңгейі дамушы елдердің экономикасында негізгі орын алады.

Бәсекеқабілетті мүмкіншілігіне ие болу мақсатында Қазақстанға тұртінші және бесінші технологиялық кыдеу деңгейіне өту қажет. Нетижесінде тиімсіз және бәсекеқабілетсіз салалардан бас тарту қажеттілігі пайда болады. Айтылған өндірістің ғылыми-технологиялық қызмет стратегиясын жүзеге асырғанда, 6-шы технологиялық кыдеу деңгейіне өту үшін дайындық жұмыстары жүргізілуі қажет. Ол ізденістердің негізін биотехнологиялық, химия, ғарыштық техника мен махотроникалық салалық зерттеулер құрайды және ол салалардың негізі Қазақстанда бар.

2. Қазіргі заманғы ғылымды қып қажет ететін инфрақұрылымдық ұйымдар - Байқоңыр, Курчатов, Приозерск, Степногорск, Алатау кенттерінің ғылыми орталықтарында орналасқан.

3. Қазіргі бар ғылыми-техникалық әлеуетті постиндустралды экономикада қолдану мүмкіншілігі. Қолдану тетігін анықтау мақсатында елдің ғылыми-техникалық капитал жағдайына мониторинг жасау қажет. Қазақстанда қазір белгілі білім негізінде мининтеллектуалды меншік бар, бірақ олар түмендегі ғылым талап ететін өндіріс салаларында әлі сирек қолданылады:

- биотехнология, биохимия;
- ядролық технология;
- сирек металдар негізінде жаңа материалдар жасау.

4. Түмендегі ғылыми-техникалық ізденістерді жүзеге асыру үшін басымдық негізде мемлекеттік деңгейде мына бағыттарға қолдау жасалуы қажет:

- жаңа материалдар мен химиялық технологиялар;
- ақпараттық технология;
- «тірі» жүйелер технологиясы.

5. Өндіріс саласына инновацияны ендіруді жылдамдатуға бағытталған заңнамалық базаны жетілдіру. Қазақстанда инновациялық қызметтің еркіндігін қорғауға және мемлекеттік қолдауға бағытталған қолданыстағы қажықтық базаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу және заңдар мен нормативтік актілерді шығару жүрдісі қарастырылуда [4].

Қазіргі мезгілде тек мемлекет қана экономиканы жаңартудың қозғаушы күші бола алады, өйткені отандық жеке сектор әлі ұзақ уақыт ірі және ұзақ мерзімді инвестициялар жасай алмайды. Мемлекеттік қолдау бірнеше салааралық жобалар мен жаңа экспортқа бағытталған өнім шығару шеңберін жүзеге асыруға бағытталуы керек.

Шет ел фирмаларымен бірігіп, дүниежүзілік нарықта орын алуларына мүмкіндік беретін Қазақстанда ғылыми тұрғыдан қамтамасыз етілген бағыттар бар. Қазақстанның экономикалық түрлі салалары түрлі техникалық деңгейге сай. Олар бәсекеқабілетті, сондықтан олар үшін де жеке жобалар жасалуы қажет. Мемлекетте ғылыми-техникалық өндірістік орталықтар Алматы, Қарағанды, Өскемен, Астана, т.б. қалаларда шоғырланған. Мұның барлығы технопарктер

құруға мүмкіндік береді. Ол ғылыми, өндірістік қызметтік желілер құруға жағдай жасайды. Ал олар өз кезінде интеллектуалды өнім, ғарыштық қызмет, ақпараттық технология, радиоэлектроника, атом технологиясында көп мүмкіндіктер береді.

Сонымен қатар өндірістік, ғылыми базаны тиімді және мақсатты пайдалану үшін тиімдегі өндірістерді кеңейтуге мүмкіндік бар:

- ядролық отын;
- уран ерітінділері;
- мыс-берилл ерітінділері;
- тантал-ниобий түрлерін игеру;
- титан гупкасы өнімдері жатады.

Бұларға сұраныс атомдық, ғарыштық, радиоэлектронды өндіріс салаларының өсуіне байланысты артып отырады.

Қазақстанда экономиканың базалық салаларын кәсіпкерлік мұнай-газ, тау-кен кешендерінің дәстүрлі кәсіпорындарында жоғары технологиялы экспортқа бағытталған өнімге бейімделуі қажет. Табиғаттың мұндай мүмкіндіктерін қолданбау үлкен қателік.

Өнімнің бәсеке қабілеттілігін анықтаушы маңызды қысқартқыштардың бірі энергия сыйымдылық болып табылады. Қазақстанда отын-энергетикалық ресурстардың шығыны өндірісі дамыған елдермен салыстырғанда 2-3 есе артық. Сондықтан отын-энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалануды, талдау және елде шығарылатын өнім энергия сыйымды өндіріс қыздерін дәлелді талдау және іріктеу қажет. Электроэнергетикада электроэнергияны желілерде жоғалту 20%, ал жеке аймақтарда – 30% кәсіпкерлік. Отын мен энергия ресурстарын үнемдеу мақсатында Стратегияда 2015 жылда ЖҰӨ-ң энергия қажет етуін екі есе төмендетілуін қамтамасыз ету көрсетілген.

Сонымен, алдыңғы қатарлы мемлекеттердің тәжірибесін ескере отырып, Қазақстан постиндустриалды қауымдастыққа сенімді ену және әлемдік нарыққа өз бағдарламалық өнімін ұсыну мүмкіншілігіне ие бола алады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2030: барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. Алматы: Білім, 1998.
2. Даржанова М.Ш. Аймақ жағдайындағы инновациялық іс-әрекет. Шымкент, 2004.
3. Исабеков Б. Н. Қазақстанда аралас экономика кезіндегі индустриалдық-инновациялық саясат және кәсіпкерлік: мәселелер, концепциялар, шешімдер. Түркістан.
4. Дәуренбекова А.Н. Қазақстан өнеркәсібінің индустриалдық деңгейін көтерудің экономикалық механизмі. Монография. – Алматы: Экономика, 2005.

**Қ.МУСАБЕКОВ**

экономика ғылымдарының докторы, доцент

**Й.У.УЗУН**

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

## **ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ТҮРКІЯ АРАСЫНДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРДЫҢ БАҒЫТТАРЫ**

**В статье рассматриваются значение международных связей и взаимоотношения между Республикой Казахстан и Турцией.**

**The value of international contacts and mutual relation between Republic Kazakhstan and Turkey is considered in the article.**

Әлемдік экономика немесе дүниежүзілік шаруашылық дегеніміз – ұлттық шаруашылықтың жиынтығы. Ол үздіксіз қозғалыста және өсу үстінде болады. Өзара күрделі байланыстардың нәтижесінде бір-біріне қарама-қайшы, бірақ біртұтас әлемдік экономикалық жүйе қалыптастырады.

Дүниежүзілік шаруашылық өзара байланысты екі жүйеден - ұлттық шаруашылықтың жиынтығы және халықаралық экономикалық байланыстардан тұрады. Дүниежүзілік шаруашылықты байланыстыратын бірнеше элементтері бар. Мысалы, егер бұл категорияға техникалық-экономикалық тұрғыдан қарайтын болсақ, дүниежүзілік шаруашылықтың дамуы және аймақтық дамуы жалпы бір заңдылыққа бағынады. Қазіргі кездегі өндірістің материалдық негізі машина техникасы, ұлттық шаруашылықтың даму деңгейінің қандайы болсын, оның материалдық-техникалық базасының негізіне байланысты. Сондай-ақ, қоғамдық құрылымның сипаты мен жекелеген елдердің ұлттық шаруашылығы, әр мемлекеттің ішкі және сыртқы саясаты оның басқа елдермен экономикалық байланыстарының бағытын, дүниежүзілік шаруашылықтың әлеуметтік-экономикалық сипатын көрсетеді.

Дүниежүзілік шаруашылық дегенде, тек бір қарапайым байланысты ғана емес, сонымен бірге, шаруашылық жиынтығынан тұратын: халықаралық еңбек бөлінісі мен еңбекті кооперациялау нәтижесінде туындайтын мемлекетаралық экономикалық қатынастарды да сөз етеміз.

Қазіргі жағдайда кез келген мемлекеттің экономикасының дамуы дүниежүзілік шаруашылық байланыс арқылы ғана толық деңгейде жан-жақты дами алады.

Халықаралық экономикалық байланыс – дүниежүзілік экономикалық байланыстардың көрінісі. Дүниежүзілік шаруашылық көп уақыт бойы бір-біріне қарама-қайшы саяси және экономикалық жүйеден тұрды.

Сыртқы экономикалық қызмет экспортқа бағытталған кәсіпорындардың өндірістік-шаруашылық, ұйымдастыру экономикалық, ағымды коммерциялық міндеттерінің жиынтығы болып табылады [1.10]. Алдымен

олардың таңдаған сыртқы экономикалық стратегиясы, шетел әріптестері нарығындағы жұмыс нысандары мен әдіс-амалдары еске алынады.

Қазақстанның әлемдік экономикаға ойдағыдай кірігуі – елдің экономикалық дамуының сапалық серпілісінің негізі. Мұндай таңдау шындығында әділ әрі заңды. Жас мемлекеттің алдында әлем экономикасына ойдағыдай қосылып, сол арқылы елдің экономикасын дамытудың «қайнар бұлағын» ашу міндеті, әрине, бірінші кезекте тұрған мәселе.

Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясында таяудағы он жылға арналған жеті басымдық пен тиісті міндеттер атап көрсетілген. Аталған басымдықтарды іске асыру Қазақстанның экономикасын дамытып, өркениет көшіндегі орнын ілгерілете түседі.

Қазақстан өзінің тәуелсіздігін жариялаған 1991 жылғы 16 желтоқсанда оның мемлекеттік егемендігін бірінші болып таныған Түркия еді. Содан бері бұл елдің мемлекет басшысы бірнеше рет ауысқанымен, екі елдің қарым-қатынасы үнемі өркендеп, түрлі саладағы байланыстар өрістей түсуде. Түркі тілдес екі елдің өзара қатынасы Түркияның жаңа басшысы жағдайында да өрістей беретініне сенім мол.

- макроэкономикалық процестерді ғана емес, сонымен қатар шаруашылық субъектілердің іс-әрекетін де мемлекет тарапынан реттеу;
- белгіленген деңгейде халықтың денсаулығын сақтау, білім беру, мәдениет, баспана қажеттіліктерін мемлекет қамтамасыз етеді;
- жұмыссыздықты барынша төмендету бағдарында халықтың жұмыс бастылығын реттеу;
- халықтың табысын мемлекеттік реттеу [2].

Нарықтық экономика шарттарында мемлекеттік реттеу тікелей (инвестициялар, дотациялар, субвенциялар, бағалар) және жанама (несие, амортизациялық, фискалды саясаты) әдістерді пайдаланып, халық

шаруашылығының дамуына басқару органдары арқылы әсерін тигізу, экономиканың мемлекеттік, жеке және аралас секторларында макроэкономикалық мақсаттарды іске асыруға бағыттайды.

Әдетте, мемлекеттік реттеу үш негізгі элементтердің бар болуын талап етеді:

1. Экономиканың мемлекеттік секторы, яғни мемлекеттік реттеудің тікелей объектісі (қорғаныс өнеркәсібі, мемлекеттік пайдаланылатын жерлер, көліктің магистральды түрлері, коммуникациялар, әр түрлі салаларда меншіктің аралас түріндегі объектілер).

2. Ұзақ мерзімді жалпы мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру, мемлекет тапсырыстары және салық жеңілдіктері арқылы техникалық қайта жабдықтауға кепілденген нарықтың жасалуы, капитал сыйымды өндірістерді дамытуға пайдаланатын ұлттық табыстың маңызды үлесін бюджет арқылы дамыған қайта тарату жүйесінің болуы.

3. Экономикалық үрдістерді реттеуге, оларды нақты уақыт масштабында жобалауға және бақылауға мүмкіндік беретін, кешенді дамыған байланыс және ақпаратты өңдеу жүйесі.

Мемлекеттік реттеу стратегиясын іске асыру механизмі экономиканы монополизациядан айыру үрдістеріне тиімді әсер ету тетіктерімен қамту керек. Мұнда маңызды принцип тауар және қызмет өндірушілер арасында нақты бәсекелестің пайда болуы, ол деген құрылымды ақша-несие саясатымен қатар инфляцияны тоқтатуға, бағаны төмендетуге және сонымен бірге қаржы тұрақтылығын қамтамасыз етуге, ұлттық валютаны күшейтуге мүмкіндік береді.

Мемлекеттік реттеу жүйесі деп, біздің ойымызша, тек қана әсер ету әдістерін ғана емес, сонымен қатар ұйымдастыру құрылымдарды, құқықтық құжаттарды (заңдар, қаулылар және т.б.), оларды қабылдау, келістіру және бақылау рәсімдері, яғни халық шаруашылығын реттеу үрдістерін жүргізу үшін шарттар жасайтын элементтерді түсіну.

Мемлекеттік реттеу механизмінің негізгі элементтеріне жататындар:

- макроэкономикалық жоспар-жобаларды (индикативтік жоспарлау), оларды орындау механизмдерін әзірлеу;

- халық шаруашылығы құрылымына қатысты шешімдерді қалыптастыру (орталықтандырылған инвестицияларды таратып бөлу, мемлекеттік тапсырыстар, тиімсіз салаларды тұқырту бағдарламаларын әзірлеу);

- тікелей мемлекеттік бақылау саласына кірмейтін (салықтар, дотациялар, кеден ережелері, ақша-несие саясаты және т.б.) үрдістер үшін реттеу жүйесін әзірлеу [3].

Мемлекеттік реттеудің мәселелеріне жоғарыда келтірілген әдістер экономиканың барлық салаларында қолдануға болады, солардың ішінде еркін экономикалық аймақтар үшін және еркін экономикалық аймақтарды мемлекеттік басқарудың жалпы принциптерін анықтауға мүмкіндік береді:

1. Халық шаруашылығын дамытудың жалпы стратегиясын іске асыру позициясынан еркін экономикалық аймақты жасау, дамыту сұрақтарын дәлелдеу.

2. Еркін экономикалық аймақтың басқару механизмін қалыптастыруда мемлекеттік реттеудің ықпал ету саласын шектеу, құзыреттерді, қызметтерді және мақсаттарды нақты бөлуде, олардың өзара іс-әрекеттерінің үйлесімді механизмін іздестіру маңызды рөлге ие.

3. Еркін экономикалық аймақты жасаудың және дамытудың мақсатын таңдағанда тек қана сыртқы экономикалық басымды мәселелерді шешу емес, сонымен қатар жалпы экономиканы тұрақтандыру, ғылымның және өндірістің келешегі бар бағыттарды дамыту, жалпы шаруашылық және әлеуметтік мақсаттарды да шешу болып табылады.

4. Басқа әдістермен қоса еркін экономикалық аймақтың іс-әрекетін реттеуде ең алдымен экономикалық әдістерді қолдану, атап айтқанда салық, қаржы-несие, кеден саясаттары.

Мемлекеттік басқару жүйесінде жергілікті үкімет органдары үдеуші рөлге ие. Бұл еркін экономикалық аймақты басқаруға орынды, себебі, біріншіден, олар территориялық құрылым болып табылады, екіншіден, еркін экономикалық аймақты басқару бойынша өкілеттіліктің маңызды бөлігі жергілікті үкімет құрылымдарына беріледі.

Еркін экономикалық аймақ өңірлік саясаттың объектісі болып, жергілікті басқару органдарының реттеу саласына тап болады.

Шетел және отандық зерттеулерде аймақтық саясаттың ендігі құралдары жиі қарастырылады:

Меншікті басқару, соның ішінде:

- жаңа мемлекеттік кәсіпорындарды орналастыру немесе бар фирмаларды келелі мәселелелі аймақтарға ауыстыру;

- мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіру, жеке меншік фирмалардың акцияларын сатып алу.

Мемлекеттік және аймақтық субсидияларды және инвестицияларды өндірістік, әлеуметтік, көлік, экологиялық және басқа да инфрақұрылымдарға салу.

Салық саясаты (соның ішінде өндірісті ынталандыру мақсатында әртүрлі жеңілдіктер беру немесе салықтан толық босату).

Негізгі құралдардың амортизация мерзімін заң арқылы реттеу, атап айтқанда жылдам амортизацияға құқық беру.

Жеке меншік фирмалардың өнімдеріне және қызметтеріне мемлекеттік тапсырыстар беру.

Әкімшілік шаралар, соның ішінде:

- әкімшілік ғимараттардың және өндіріс объектілердің құрылысына тыйым салу, рұқсат, лицензиялар, сертификаттар беру және бақылаудың басқа да құралдары;

- ресурстардың бөлек түрлерін ұтымды тұтыну, нормалау (мысалы, құрылыс материалдары);

- келелі мәселелелі аймақтарға мәжбүрлі мемлекеттік келісім шарттар арқылы тапсырыс беру.

Әлеуметтік сипатты шаралар:

- аймақтық ерекше жұмысбастылық бағдарламалары, кәсіби дайындық, үй құрылысы, қоршаған ортаны қорғау және т.б.

- халықтың және өндірістің икемділігін ынталандыратын шаралар (мысалы, қоныс аударушыларға миграциялық субсидиялар немесе сыйақылар).

Жермен пайдалану, қоршаған ортаны қорғау және басқа салаларда құқықтық нормалар.

Макроэкономикалық реттеудің құралдары сияқты аймақтық саясаттың құралдары және шаралары, әдеттегідей, ынталандырушы және шектеуші, тікелей және жанама, белсенді және енжарлы болып бөлінеді.

Жоғарыда айтылған аймақтық саясаттың құралдарын еркін экономикалық аймақта да қолданады. Еркін экономикалық аймақтың ерекшелігіне байланысты жергілікті басқару органдары экономикалық, әкімшілік, әлеуметтік және басқа да реттеу шараларымен қолданады, олар еркін экономикалық аймақтың дамуына байланысты жетілдіріледі.

Жергілікті деңгейде еркін экономикалық аймақтың басқару жүйесінің негізгі принциптері және элементтері ендігідей болуы мүмкін:

1. Өңір өз жерінде еркін экономикалық аймақты жасай отырып жалпы өңірдің дамуын, әлеуметтік-экономикалық мақсаттарды және міндеттерді көздейді.

2. Еркін экономикалық аймақтың мақсаттарын және міндеттерін іске асыру үшін өз құзыретінің шегінде басқару органдары реттеудің барлық құралдарымен және әдістерімен пайдаланады.

3. Еркін экономикалық аймақты жасауды және дамытуды жоспарлау өңірді дамытудағы әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларды қалыптастырудың маңызды элементі болып табылады және индикативті сипатқа ие.

4. Басқару органдары еркін экономикалық аймақтың шаруашылық субъектілерінің іс-әрекеттерін өңір мүддесіне қарай бақылау жүргізеді.

Еркін экономикалық аймақты жасаудың және дамытудың жоспарлауын жетілдіру жиынтықта еркін экономикалық аймақтың басқару жүйесінің элементі ретінде сыртқы экономикалық ортаны қалыптастыратын, ең алдымен ғылыми-техникалық, әлеуметтік, сыртқы экономикалық және басқа да мемлекеттік саясаттарын дәлелдеу деңгейін көтеруге бағыттау керек.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Горбунов Э. Структурная политика в условиях эволюционного перехода к рынку //Экономист-1992. - №9. – С.161.
2. Орлов В., Уваров Ю. Рынок, но какой? //Известия, 1992. – 1 декабря.
3. Мырзалиев Б.С. Государственное регулирование экономики. Алматы: Нұр-пресс, 2007. - С.522.

**Р.И.ЕРМАНКУЛОВА**

экономика ғылымдарының кандидаты, доцент  
А.Ясауи атындағы ХҚТУ

**А.АКПАЕВА**

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

### **ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ БАСҚАРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ФАКТОРЛАРЫ**

**В статье рассматриваются теоретические основы управления малого и среднего бизнеса Казахстана и его факторы организации деятельности.**

**The article considers the theoretical bases of management of small and average business of Kazakhstan and its factors of activity organization.**

Шағын және орта бизнес экономикадағы нарықтық қатынастарды қалыптастырудың неғұрлым тиімді әрі икемді түрі болып табылады. Шағын кәсіпорындар өзгермелі нарық конъюнктурасының «өзгеруіне» қарай жылдам бейімделе алады.

1991 жылы Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін кәсіпкерлік белсенділікті қолдауға байланысты бірқатар заңдар қабылданды. Елімізде кәсіпкерліктің дамуына «Қазақстанда кәсіпкерліктің дамуы мен шаруашылық қызметтің еркіндігі туралы» (1991) заңы, «Жеке кәсіпкерлікті қолдау және қорғау туралы» (1992) заңы сияқты заңдар өз үлесін қосты. 1994 жылдың басында жеке кәсіпорындар саны 15,7 мыңды құрады және жалпы жұмыспен қамтылғандар саны 164-ті құрады. Ал 1998 жылы шағын кәсіпкерліктің субъектілер саны 307 мыңды құрап, мұнда 1,2 миллион адамды жұмыспен қамтамасыз етті. Кәсіпкерлік қызметтің ішінен негізі сауда орны ерекше орынға шықты [1].

Кейінгі жылдар Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 6-наурыздағы «Шағын кәсіпкерлікті дамытуды белсендету және мемлекеттік қолдауды күшейту шаралары туралы» және 1998 жылғы 27-сәуірдегі «Жеке және заңды тұлғалардың кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне деген құқығын қорғау туралы» жарлықтары кәсіпкерліктің дамуына жаңа күш-қуат әкелді. Мұнда кәсіпкерлік экономиканың дамуына өз үлесін қосты, себебі осы қызметтің арқасында жаңа жұмыс орындары құрылды, техника және технология дами бастады, жаңа өндіріс пен қызмет көрсету салалары қалыптасты, жаңа аймақтарды игеру, жүргізу және ұлттық кірістің көлемі ұлғая бастады [2].

Енді шағын және кәсіпкерлік қызметті басқару бөлігіне тоқталып кетейік. Шағын кәсіпорындар заң жағынан ерікті, салыстырмалы түрде капитал айналымы мен тауарлар, қызметпен қамту көлемі шағын компаниялар. Шағын және орташа бизнес кешендері деп халықаралық тәжірибеде қамту саны 500 адамға дейінгі кәсіпорындарды айтады. Шағын бизнес кешенінің әлеуметтік-экономикалық нақытылығы, *біріншіден*, оның



иесі мен отбасы мүшелерінің еңбегіне, *екіншіден*, жалдамалы еңбекті пайдалануға негізделген. Ал, өндірістік басқару қызметін кәсіпорын иесі жүзеге асырады.

Шағын кәсіпорын шағын бизнестің «клеткасы» болып табылады. Осыдан шағын кәсіпорындардың жиынтығын құрайтын экономиканың ерекше секторы немесе нарық жағдайындағы өндірістің ерекше қоғамдық формасы екендігі анықталады. Сондықтан, шағын өндірістің техникалық ұйымдастыру жағын сипаттаса, шағын бизнес оның әлеуметтік-экономикалық өлшеміне жатады және осы жағынан «шағын бизнес» ұғымымен сәйкес келеді.

Шағын және орта бизнесті басқару үрдісі – асқан сезгіштікті және білімділікті қажет етеді. Шағын бизнес араласатын экономиканың қай-қай саласы болсын, кәсіпкерден тәуекелшілдікпен қатар, сақтықты талап етеді. Кәсіпкер өз шағын бизнесін бәсекеден қорғау, несие алуда дағдарысқа ұшырау қаупінен сақтану үшін іс-қимылын алдын ала талдап, есептейді. Сөйтіп, тәуекелдің әрбір түріне нақты әдістер қолданып отырады. Кәсіпкерлікте тәуекел етуге жауапкершілікті күшейту мен бақылау жұмыстарын жүргізу – басты мақсат болып табылады.

Қазақстан Республикасында нарықтық экономикаға белсенді қатысушылары – шағын және орта бизнес субъектілері – кәсіпкерлер, жеке адамдар, бизнесмендер екені белгілі. Республикамызда шағын және орта бизнестің дамуына жан-жақты жағдайлар интенсивті түрде жасалынууда. Ал, оларға жекеше тоқталсақ, меншікті жекешелендіру бағдарламасының жүруі, ол өз кезегінде шағын бизнестің дамуының нағыз экономикалық негізі екені анық. Кәсіпкер шағын және орта бизнес субъектісі ретінде оның іс-әрекеті әр кезде де белгілі бағытта ұйымдастырылады және оның нақты нысандары бар. Кәсіпкерліктің шаруашылықты жүргізу тәсілі ретінде бірнеше жалпы белгілері бар. Оның ішінде негізгі шаруашылық субъектісінің еркіндігі мен тәуелсіздігі. Олардың дербестігі нарық механизмі әрекетін қамтамасыз ететін тәртіпті қалыптастырады. Кәсіпкердің тәуелсіздігі оған экономикалық ресурстарды алуға, осы ресурстардан өз қалауынша қызмет пен тауар өндіру үрдісін ұйымдастыруы және оларды нарықта кәсіпкердің ойлағанындай өткізе алу құқығын береді. Материалдық ресурстар мен ақша капиталының иелері бұларды өз қалауынша пайдалана алады. Әрбір қызметші өзі істей алатын еңбекпен айналысуға құқығы бар. Кәсіпкерлікке тән тағы бір сипат шаруашылық жүргізудегі тәуекелге бел бууы, іске кірісер алдында болашақ бұлдыр қиялдарды болжап білу және оны шеше алуы. Шаруашылықтың қауіп-қатері, тәуекелдің негізінде мүмкін болатын және шын мәніндегі шығындар мен нәтижелердің ара қатынасы жатады.

Бүгінде шағын бизнеспен айналысатын кәсіпкерлер әлеуметтік жағынан біркелкі емес – олар әр түрлі топтар мен қоғамдық құрылымнан шыққандар, бірақ шағын бизнес қарапайымдылығымен көптеген адамдарды тарту

мүмкіншілігіне ие. Нарықтық экономикада шағын бизнес негізгі төрт қызметті атқарады:

**Біріншіден,** жұмыс орындарын қалыптастыру. Шағын бизнесте жасалатын жұмыс орындарының ірі компанияларда ашылатын орындармен салыстырғанда өз ерекшеліктері бар. Әдетте, шағын фирмалар жалақыны да, қосымша төлемдерді де аз төлейді. Бұл жұмыс орындарындағы жұмыскерлердің көбісі ешқашан жұмыс істемегендер, кейбіреулері жұмыс орнын ұсақ фирмалардан тапқанға дейін ұзақ уақыт бойына жұмыс іздегендер. Орташа есеппен алғанда шағын кәсіпорындардың қызметкерлерінің ірі компаниялардың қызметкерлеріндей білімдері жоқ. Корпорациялардың талабына толық сәйкес келмейтін жұмыскерлерді жалдай отырып, ұсақ кәсіпорындар елдегі тұрақтылықтың маңызды факторы болып табылады.

**Екіншіден,** шағын бизнес жаңа тауарлар мен қызметтің түрлерін енгізу қызметін атқарады. Мұндай артықшылығына байланысты шағын кәсіпкерлер экономикалық өрлеуде үлесі жоғары. Бұл тұрғыдан алғанда шағын бизнестің жетістіктері қауіпсіз, электрондық қол сағатары, вертолет, тот баспайтын болат пен көшірме аппараттары өндірісіне әсер ете отырып, аталған салалар бойынша нағыз төңкеріс жасауға болады.

**Үшіншіден,** шағын кәсіпорындар жоғарыда айтылған қызметкерден басқа өнімдерін өткізу, қызмет көрсету, жабдықтаумен айналысу арқылы ірі корпорациялардың қызметінде маңызды орын алады.

**Төртіншіден,** көптеген шағын фирмалар тұтынушылардың ерекше мұқтаждықтарын қамтамасыз етуге қабілетті болғандықтан өмір сүре алады. Ірі компаниялар бұл сияқты қызметтен қашуға тырысады. Бай тұтынушылар «ерекше» талғамдарымен ерекшелінеді. Олар жеке тапсырыс бойынша дайындалған, әдеттегі тауарларға ұқсамайтын өнімдерді қажет ететіндіктен, кейбір шағын кәсіпорындар осындай ерекше қажеттіліктерді қанағаттандыру арқылы жетістікке қол жеткізе алады.

Шағын бизнестің осы қасиеттері оның дамуының маңызды факторы болып табылады. Шағын бизнесті ұйымдастырудың ішкі өндірістік артықшылықтарына ерекше көңіл бөлген жөн.

Шағын және орта кәсіпорындар қызметін ұйымдастыру мынадай негізгі қағидаларға сүйене отырып, құрылуы қажет: экономикалық мүдделердің жалпылығы негізінде құрылымға кіру еркіндігі; бірлескен қызметке қатысушылардың тең құқылы болуы, бірлестіктің ұйымдық нысанын таңдау еркіндігі; қатысушылардың және бірлестіктердің өзін-өзі басқаруы қатысушылар арасындағы қарым-қатынастың келісімдік негізі [3].

Ел экономикасында қызмет ететін шағын және орта бизнес тиімділігін бағалау кезінде республикалық және аймақтық деңгейлердегі негізгі факторлардың да әсерін ескеру қажет. Ол факторларды келесі 1-ші кестеден

көруге болады. Біздің ойымызша, шағын және орта кәсіпорындардың тиімділігін бағалау кезінде олардың республика және аймақ деңгейіндегі даму мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін ескеру қажет.

*Кесте – 1. Шағын және орта бизнестің қызметінде ықпал етуші факторлар*

<b>Шағын және орта бизнестің қызмет тиімділігіне ықпал етуші факторлар</b>	
<b>Республикалық деңгейде</b>	<b>Аймақтық деңгейде</b>
Елдің экономикалық және саяси жағдайы	Аймақтың даму деңгейі
Макроэкономикалық жағдайлар	Аймақтағы жеңілдіктер
Мемлекет тарапынан қолдау шаралары	Аймақтағы халықтың сатып алушылық қабілеті
Заңнамалық және құқықтық негіздер	Аймақтағы инфрақұрылым
Ескерту – автормен әдебиеттер негізінде дайындалды.	

Ең алдымен кез келген кәсіпкерліктің қалыпты қызмет етуі үшін елдегі экономикалық және саяси тұрақтылық жағдайдың сақталғаны дұрыс. Сондай-ақ, олардың қызмет ету тиімділігін арттыру үшін заңнамалық және құқықтық негіздерін жетілдіре отырып, белгілі бір шамада мемлекеттік қолдау көрсету жүйесін ұйымдастыру керек. Демек, олардың әрі қарай даму мүмкіндігіне макроэкономикалық жағдай да өз әсерін тигізеді. Бұл айтылғандардың барлығы да республикалық деңгейде ескерілуі тиіс мәселелер.

Ал, аймақтық деңгейде шағын және орта бизнес нысандардың қалыптасуы мен қызмет етуі әрбір аймақтың және ондағы инфрақұрылымның даму деңгейіне, кәсіпорын үшін аймақтағы жеңілдіктер мен сол аймақтағы халықтың сатып алушылық қабілеті немесе әлеуметтік жағдайына тәуелді екенін көруге болады. Жаңа әлеуметтік қоғам құрылымын қалыптастыру, басқару аппаратының үлкендігі, нарықтық экономикадағы икемсіздігі, тұтынушылармен кері байланыстың жоқтығына байланысты ірі шаруашылық құрылымдарының шеше алмайтын әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуде шағын және орта бизнестің алатын орны ерекше.

Жалпы шағын бизнес қызметін жүзеге асырудың экономикада артықшылықтары мен кемшіліктері де кездеседі (кесте 2).

*Кесте – 2. Шағын және орта бизнесті қалыптастырудың артықшылықтары мен кемшіліктері*

<b>Шағын және орта бизнесті қалыптастыру ерекшеліктері</b>	
<b>Артықшылықтары</b>	<b>кемшіліктері</b>
олардың тәуелсіздігі	тәуекелдің жоғары болуы
жергілікті жерде шаруашылықты жүргізу жағдайында тез бейімделуі	нарықтық тұрақсыздық әсері
шешімдер қабылдауда және оны іске асыруда бейімділік пен оперативтік	басшылықтың біліктілігінің төмен болуы
өз идеяларын іске асырудағы мүмкіндіктері	істі басқарудағы жетіспеушіліктер
өнім мен өндіріске өзгерістерді енгізу мүмкіндіктері	қаржы ресурстарын тартудағы қиындықтары

Шағын және орта бизнестің дамуына көңіл бөлу – экологтардың бағдарламаларындағы басты орындардың бірі. Ірі кәсіпорындардың толып жатқан артықшылықтары бар. Өндіріс көлемінің үлкендігі оларға еңбек бөлінісінің мүмкіндіктерін кәсіпорын ішінде пайдалану мүмкіндігін ашады. Еңбек үрдісінің ұсақ операцияларға бөлінуі әр жұмыскердің қандай да бір операцияға маманданып, басынан аяғына дейін өнім жасау жұмысын орындау үрдісімен салыстырғанда, көбірек операциялар орындауына алып келеді. Сонымен қатар ірі кәсіпорындар өндіріс шығынын азайтуға және жоғары сапалы өнім шығаруға мүмкіндік беретін ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық бағдарламаға қаржы салуға қабілетті болып келеді. Шағын бизнестің ірі бизнеспен салыстырғандағы артықшылықтарына мыналар жатады:

- икемділік қасиеті, яғни еңбек және материалдық ресурстарды дер кезінде ауыстырып отыруға нарық талаптарына дәл уақытында жауап беруге мүмкіндік береді;

- тұтынушымен тікелей байланыста болып, оның сұранысына тез арада жауап бере алу қабілет бұл деген жергілікті нарықтарды қажетті тауарлармен қамтамасыз етуге өз ықпалын тигізеді;

- шағын бизнес экономиканы құрылымдық жағынан қайта құруға жол ашады;

- шағын бизнес өндірістің қоғамдық құрылымын жақсартады. Себебі ірі өндірістің өзгермелі ортаға, ҒТП–тің жаңа талаптарына бейімделуін жеңілдетеді, ірі корпорацияларды ұсақ сериялы өнім өндірісінен босатып, ізденумен, жетілдірумен және жаңа өнімдерді игерумен айналысады, тәуекелге барудан қорықпайды;

- елдің жалпы экспорттық әлеуетін арттыруға өз үлесін қосады. Шағын бизнестің көмегімен сыртқы нарыққа шығуға құқық алған, бірақ экспорттық мүмкіндіктерді жүзеге асыруға қажетті тиімді ішкі ұйымдастырушы - экономикалық құралдары жоқ, ірі кәсіпорындардың өнеркәсіп саласындағы кейбір мәселелерін шешуге үлесін қосады;

- ең жаңа технологияның әр түрлі түрлерін дамытуға қабілетті;

- кәсіпкердің басқару қабілетінің толығынан көрінуіне мүмкіндік береді;

- тұрғандар және басқа да жергілікті қаржы көздерінің жинақтары мен капитал салымдарын көбейту арқылы шағын қаржыларды неғұрлым тиімдірек пайдалануға ықпал жасайды.

Сондықтан да шағын қалалар мен қалашықтарды дамыту шағын бизнеске байланысты болып келеді. Шағын кәсіпорындар тұрғындардың қамтамасыз етілмеген мұқтаждарына жауап ретінде кезкелген секторда дами береді. Бірақ, осыған қарамастан шағын кәсіпорындардың артықшылықтарын асыра мадақтау арқылы біздің шешілмеген әлеуметтік-экономикалық мәселелерімізді шешудің жаңа жолдарын тек шағын бизнесті дамытудан ғана көруге болмайды. Айталық, қаншалықты тиімді болса да, ірі

және қымбат ғылыми-техникалық бағдарламаларды жүзеге асыруға шағын бизнестің шамасының келмейтіндігін естен шығармаған жөн. Сонымен қатар шикізат пен капитал алудағы, өнімді өткізу нарығын зерттеудегі, жарнама бойынша мүмкіндігі де шектеулі. Әсіресе, шағын кәсіпорындар баға немесе несие беру шарттары, мемлекеттік реттеу сияқты сыртқы факторларға қарсы тұруға әлсіз болып келеді. Осындай сілкіністер бұл кәсіпорындарды шығынға ұшыратып қана қоймай, көп жағдайда олардың тікелей дағдарысқа ұшырауын ықпал етеді.

Еліміздің көптеген кәсіпорындарында білікті мамандардың тапшылығы айқын байқалады, дегенмен қаржылық жағдайдың қиындығына байланысты бұл мәселенің оңтайлы шешімі табылуда. Шағын бизнесте де мамандар мәселесі күн өткен сайын өзектілігін күшейтіп келеді. Мәселен, шағын фирмалардағы басшылардың 40%-ға жуығы бүгінде білікті мамандардың жетіспеушілігінен күйініп жүргендіктерін баса айтып келеді. Сондай-ақ, шағын фирмалардың жартысынан астам бөлігінің қаржы шектеулілігі салдарынан маман біліктілігін арттыруға шығын шығара алмай отырғандықтарын жасырмайды. Орташа есеппен жиырма шағын кәсіпорынның біреуі ғана өз қызметкерлерін кәсіби оқытуға немесе біліктілігін арттыруға қаржы бөлетін көрінеді. Кеңес беруге, мамандарды қайта даярлауға және бизнеске ақпараттық қолдау көрсетуге жұмсалған шығындардың да өзін-өзі ақтай алмай, шетелдік бастамалардың нәтижесіз жүзеге асып жатқанын да көруге болады. Себебі, біріншіден, бастапқы кезеңдерде техникалық қызмет көрсету бағдарламаларының қайда және кімге бағытталу керектігі түбегейлі айқындалмаған, екіншіден, аталмыш бағдарламаларды дайындау барысында қазіргі таңдағы жедел өзгерістер мен құбылыстар толық ескерілмеген және осы өзгерістерге сәйкес тиісті толықтырулар мен өзгерістер жасалмаған. Ал, жоғары технологиялық бизнестің ақпараттық қамтамасыз етілуін дамыту мен маман даярлауға жеткілікті деңгейде мемлекеттік қолдау көрсетілмеген.

Бүгінде Қазақстанның танымал экономист ғалымдары шағын кәсіпкерлік пен бизнесті жетілдіру мәселелерін терең қарастырғанда, оның экономикадағы маңызын белгілеп берді: біріншіден, тұтынушылық тауарлар мен қызметтер түрлерін көбейту және өндіріс көлемін ұлғайту; екіншіден, халыққа қажет тауарлар мен қызметтердің өндірісін шұғыл ұйымдастыру; үшіншіден, экономиканың мемлекеттік секторының тиімсіз өндірісін қолға алып, өнім шығару және осының есебінен ірі кәсіпорындар қызметінің тиімділігін арттыру; төртіншіден, қосымша әрі көмекші өндірісті жандандыру; бесіншіден, нарық сұранысына ыңғайлы және шұғыл жұмыс істейтін өнім түрлерін шығару арқылы қоғамдық өндірістің көлемін ұлғайтып, халықтың әл-ауқатының артуына ықпал ету; алтыншыдан, жалпы жұмыссыздықты ауыздықтауға көмектесу; жетіншіден, экономикадағы бәсекелестікті дамытады.

Біздің ойымызша шағын кәсіпкерлік пен бизнесті Қазақстанда қалыптастырудың бірден-бір жолы бұл салааралық шағын кәсіпорындар құру, аймақтық-салалық құрылымды жетілдіруде олардың арасындағы сапалы үйлестіру жұмыстарын ұйымдастыру, шағын кәсіпкерлік пен бизнесті дамыту көрсеткіштерін қалыптастыру, көп деңгейлі шағын кәсіпкерлік пен бизнесті дамытуды жеделдету шараларын жүргізу.

Шағын кәсіпкерлік пен бизнесті қолдауда кешендік көзқарастың қажеттілігі ұзақ мерзімдік тұрақтылықтың кепілі бола алады. Әрбір кәсіпорынның іс-әрекеті мен жағдайы әрқалай болғанымен, мемлекеттік қолдау мен реттеуде әлеуметтік әділеттілік қағидасы орнығуы қажет. Шағын кәсіпкерлік пен бизнес өзінің дамуына байланысты алғышарттар мен мүмкіндіктерге қарай дами отырып, әрдайым мемлекет тарапынан қолдауға мұқтаж екенін атап өткен жөн.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Керимбекова Р.Н. Қазақстандағы шағын және орта бизнестің қалыптасу ерекшеліктері //АльПари. – 2009.- №1/2.-224-226 бб.
2. [www.qz.government.kz](http://www.qz.government.kz).
3. Дәуренбекова Ә.Н. Өндірісті ұйымдастыру. Алматы, 2007.

**Ұ.Р.МАХАНБЕТОВА**

экономика ғылымдарының кандидаты  
А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің аға оқытушысы

**К.АХМЕТОВА**

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

**ОҚО ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ МЕН ДАМУЫ**

**В статье рассматриваются региональные развития страны и особенности социально-экономического состояния ЮКО. А также влияние промышленности на социально-экономического развития ЮКО.**

**The regional development of the country and the features of socio-economic status SKO have been studied. The influence of an industry on socio economic development SKO is considered in the presented work.**

Кәсіби үкімет қалыптастыру мен биліктің барлық деңгейінде әкімшілік реформаны жүзеге асырудың қажеттілігі - Қазақстан Республикасының экономикасын реформалаудағы «Қазақстан - 2030» стратегиясында жетінші басымдылығында жан-жақты айқындалған [1.94]. Сонымен қатар, мемлекет басшысының жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауында бұл мәселеге нақты тоқталып отыр. Әлеуметтік-экономикалық дамудың жаңа кезеңінде халықтың тұрмысының неғұрлым жоғары сапалық деңгейіне жету мен әлемдік экономикадағы бәсекеге қабілеттілігін барынша дамытуға жағдай жасау – стратегиядағы мемлекеттік басқарудың басты мақсаты.

Шиеленіскен әлемдік бәсекелестік жағдайында мемлекеттің рөлі жаңа білімдерге қол жеткізу және игеру жағындағы бәсекелестік негізін орнықтыру шаралары бойынша өседі. Бәсекелестік басымдықтар өз кезегінде өтіп жатқан процестердің айтарлықтай локализациялануы (тораптануы) нәтижесінде туындайды және қолдау табады. Экономиканың ұлттық құндылықтары, мәдениеті, құрылым айырмашылықтары, өмір сүріп жатқан ұйымдар мен тарихи даму – мұның бәрі бәсекеге қабілеттіліктің ойдағыдай жетістікке жетуіне өз үлестерін қосады. Сонымен бірге әрбір елдің бәсекеге қабілеттілік модельдерінде үлкен айырмашылықтар бар, өйткені әлемдегі бірде-бір ел барлық немесе көптеген салаларда бәсекеге қабілеттілік жағдайына жетпеген. Кейбір елдер соңғы нәтижеде белгілі бір салаларда ғана жетістікке қол жеткізеді, себебі олардың ішкі жағдайы қолайлы, динамикалық және басымдықтары болып табылады [2.90].

Сондықтан да әлемдік нарыққа бәсекелі өнімдерді ұсына алатын, нарық экономикасын дамытатын, халықтың әл-ауқатын жақсартатын республикада мемлекеттік басқарудың және оның экономикалық дамуының, жандануының, экономикалық өзгерістерге қарай оңтайлы жүйесін ұдайы жасаудың қажеттілігі артады.

Қазақстанның әлемдік деңгейде көптеген мемлекеттерден ерекшелігі оның территориясының көлемі жағынан үлкен екендігінде. Мұндай үлкен территориясы бар оның аймақтарының табиғи-климаттық жағдайының, бедерлік ерекшелігінің, өсімдік және мал шаруашылығы әлемінің біркелкі

еместігімен белгіленеді. Мемлекет аймақтарының қорлар әлеуетін: құнарлы жерлерінің санымен, пайдалы шикізат көлемімен, еңбек қорлары және т.б. ескеру арқылы дифференциациялау маңызды [3.6].

Қазіргі Қазақстанның экономикалық дамуында территорияны түбегейлі дифференциациялау негізінде аймақтардың өкілділігінің, бюджеттік жүйенің тігінен және көлденең теңсіздігі және бюджеттік шығыс және кіріс қорларының көлемінің алшақтығымен сипатталатын жағымсыз тенденциялармен анықталады [5.140]. Сондықтан территориядағы аймақтардың әлеуметтік-экономикалық даму көлемінің алшақтығын көрсетеді және бұл көрсеткіш мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуына кері әсерін тигізеді.

Территорияларды дамытуды тиімді іске асыру мақсатында Үкімет пен Қазақстан Республикасын 2015 жылға дейінгі территориялық дамыту стратегиясы жасалынған [4.65]. Аймақтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын дамыту негізінде аймақтардың бәсекелестікке қабілетті мамандануы, территорияларда инфрақұрылымды кластерлікті құру жолымен байланыстыру бағдарламаның негізгі мақсаты болып көзделген.

Көптеген мемлекеттерде территорияларды дифференциациялауда аймақтардың критерийлерін анықтап жіктейді. Индустриалды дамыған елдерде аймақтарды жіктеуде экономикалық даму деңгейі, экономикалық даму қарқыны, территориялық шаруашылық құрылымының типі, халықтың тығыздық коэффициенті, халықтың өсу қарқыны критерийлері қолданылады. Сонымен, аймақтар төмендегіше жіктеледі [5.20]:

- депрессиялық аймақтар, өткен уақытта жоғары даму қарқынымен қыр көрсеткен;
- стагнацияланған аймақтар, өте төмен немесе «нольденген» даму қарқынымен ерекшеленеді;
- пионерлік аймақтар, немесе жаңа экономикалық жүйеде аймақтарды жаңадан меңгеру;
- микроаймақтар, немесе бірінші экономикалық аймақтар, бөлуден болашақта олардың белгілері жойылады;
- бірінші жолдағы бас экономикалық аймақтар немесе жоғары деңгейдегі аймақтар, мемлекеттің аймақтың макробөлу кестесін құрайды;
- бағдарламалы (жоспарланған) аймақтар – аймақтардың территориялары біркелкі бағанаға дамуы мен шекарасы сай келмейтін, мақсатты бағдарламалар таратылатын аймақтар. Мысалы, Арал аймағының экологиялық апат аумағы Қазақстан Республикасының төрт облысын, 17 аудандық территориясын қамтиды: Ақтөбе, Қызылорда, Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан облыстары және Түркістан қаласы мен ортаазиялық басқа да мемлекеттерге әсер етеді;
- бірегей (проблемалық және жобалық) аймақтар, дамушы елдерді бөліп көрсететін және кең көлемді құрылысқа қатысты немесе өте төмен даму



деңгейімен анықталады. Мысалы, қазіргі таңдағы мемлекеттің жаңа елордасы Астана қаласының құрылысы және үлкен әрі кең көлемді аймақтық және қаржылық орталық - Алматы қаласының құрылысы.

Сонымен, мұндай жағдайда шикізатпен қамтамасыз ету, экономикалық жағдайының деңгейі және халықтың өмір сүру сапасы, инфрақұрылымды дамыту, ортаның экологиялық жағдайы, әлеуметтік даму қарқыны аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына тікелей әсерін тигізеді. Соның ішінде, өндірісті және ауыл шаруашылығын дамыту деңгейі, өндірістік күшті орналастырудың теңсіздігі.

Сонымен қоса мемлекеттің экономикасын толық жетілдіруде және мемлекеттің құқықтық және қаржылық қарым-қатынастарын жақсартуда:

- бірінші жағынан, оның аймақтарының арасында;
- екінші жағынан, салық жүйесі аймақ пен жергілікті органдар арасында, өзекті мәселе болып келеді.

Сондықтан да нарықтық қатынаста аймақтық саясат үшін мемлекеттік және жергілікті бюджеттің тиімді қарым-қатынастары маңызды орын алады. Толығымен алғанда мемлекет пен аймақтар арақатынасында тиімді бюджеттік-құқықтық қарым-қатынас тетігін құру қажет.

Аймақтық саясатты тәжірибеде іске асыру белгілі принциптерге негізделеді. Олар [3.97]:

- нарықтық экономика заңымен, мемлекет пен оның жеке аймақтарының мүдделерін қоғам және табиғатпен, нақты территориялардағы адамдардың қажеттіліктерімен байланысты шаруашылық кешендердің барлық элементтерін тиімді дамытып, қамтамасыз етуді оңтайлы байланыстыру;

- мемлекеттің сыртқы саясаты және сыртқы экономикалық іс-әрекетінің негізгі принциптері мен аймақтың іс-әрекетінің келісуі аймақаралық және мемлекет аралық қатынасты, экономикалық келісім-шартты жүйелі қалыптастыруда жалпы мемлекеттік мүддені тікелілікпен қамтамасыз ету;

- мақсатты бағытталған аймақаралық еңбек бөлінісі және өндіріс, сонымен бірге аймақтардың, кешендердің қалыптасуының дамуы, өнімнің, еңбектің және капиталдың еркін қозғалуы негізінде шаруашылық субъектілердің әлеуметтік-экономикалық және конституциялық-құқықтық кеңістікте тиімді қарым-қатынасы;

- әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінде және нарықтық қатынас жағдайында объективті мүмкіншіліктердің қызмет атқаруы аймақта ұдайы өндіріс үрдісін реттеудің дифференциалды тәсілі;

- өндірістік және қаржы қорларын мақсатты қалыптастыру экономиканы реформалауда әлеуметтік нәтижелерді жақсарту, территорияларда аймақтардың әлеуметтік-экономикалық міндеттерін шешудегі экономикалық еркіндік;

- мемлекеттік қолдау жүйесінің факторлары басымды, артта қалған аймақтарды және территорияларды халықтың тұрған жеріне байланыссыз

кепілдік беру және әлеуметтік нормативтермен қамтамасыз ету негізінде аймақтарда экономикалық дербестікті, тәуелсіздікті ұтымды үйлестіру;

– территориялар аймақтық нарықта органдардың ұдайы өндіруі, жер-су қорларын және интеллектуалды әлеуетін тиімді қолдану жауапкершілігі.

Нарықтық экономикада нақты экономиканың сапалы дамуына, негізгі жағдайлардың орындалуына келесі міндеттерді кіргіземіз:

– аймақтық нарықта сұраныспен қамтылған өнімдерді өндіруді қалыптастыру және өндірісті қолдау, халықты жұмыспен қамту және тұтыну тауарларын ұсыну деңгейі;

– аймақтағы басымдық өндірістер мен кәсіпорындарды дамыту;

– аймақтың құрылымдық және инвестициялық іс-әрекетін, барлық деңгейдегі мүдделерін қорғап, ұйымдастыру;

– аймақтардағы негізгі үлкен өндірістердің іс-әрекетін тиімді жолда жандандыру;

– аймақта кіші және орта бизнесті, кәсіпкерлікті дамыту, жаңа жұмыс орындарын ашу, жергілікті нарықта тұтынылатын тауарлар мен қызметтерге деген сұраныс пен ұсынысты көбейту.

– шетел капиталдарын тиімді пайдалану, нақты экономикалық секторға инвесторлар тарту, шет ел несиелерін тиімді пайдалану, шетел инвестицияларына қолайлы жағдай жасау;

– аймақтың қаржы қорларын қалыптастыру, бюджет қорларын, инвестицияларды тиімді пайдалану;

– жергілікті өнім өндірушілердің сыртқы нарықтағы орнын белгілеп, сұранысқа сай өнім шығара алуы.

Бәсекеге қабілетті ел болу үшін өндірістің жеке салаларының бәсекелестігін арттыру, сонымен қатар, өндірістің бәсекеге қабілетті деңгейіне шығу үшін өндірісті жаңарту немесе технологиялық қайта жарақтандыруға ынталандыру керек, басқару қызметінің маңызды бөлігін, жаңа мамандықтар мен кәсіптердің жұмысшы кадрларын даярлау және қайта даярлау, өндірістік, әлеуметтік және нарықтық инфрақұрылымдарды дамыту жөніндегі іс-шараларды қалыптастыру және жүзеге асыру қажет.

Қазақстанның ғылыми-өндірістік әлеуетінің бәсекелік артықшылықтарын бір сөзбенен жүйелі импорттың орнын басу салалары мен индустрияның өңделген өнімдерін экспорттауды кеңейту үшін барынша пайдалану керек. Мемлекеттің өнеркәсіп саясатының маңызды аспектісің дамыту ең алдымен жалпы экономикалық жағдайға ықпал ету үшін қажетті болатын өнеркәсіптік қызметтің, секторлардың немесе салалардың басым бағыттарын айқындайтын құрылымдық саясат болып табылады. Қазақстандағы құрылымдық саясаттың бүгінгі таңдағы бағыттардың қатарына мыналарды жатқызамыз:

– өнімдердің прогрессивтік түрлерін жасау және өндіру;

– өнеркәсіп кешенін (базалық салалар, сала бөлімшелері, кәсіпорындар

мен олардың бірлестіктері, базалық технологиялар) құрайтын базасын және олардың реформалау (ерекше мәртебесі бар аса ірі корпоративтік құрылымдардың территориалдық-өнеркәсіптік аймағын құру, ірі және орта кәсіпорындарды қайта ұймыдастыру және жою нәтижесінде босатылған алаңдарда кіші кәсіпорындарды жасау) процестерін дамыту;

– мол ғылыми-өндірістік әлеуетті қайта профильдеуді және ғылым мен өндірістің құрылымдық-депрессивтік және экологиялық қауіпті объектілерін саты бойынша біртіндеп жоюды қамтамасыз ететін құрылымдық реформа процедураларын жүзеге асыру.

Өнеркәсіптік қызметтің басымдық бағыттары халық шаруашылығы кешенінің (станок-аспап өнеркәсібі, электр-энергетикалық) техникалық базасын жасау мен дамытуды қамтамасыз ететін төртінші және бесінші технологиялық құрылыстар (электроника, әуекұрылысы, автомобиль құрылысы, ХХІ ғасырдың технологиясын талдау бөліміндегі салалық ғылым) ядросын қалыптастыратын; инфрақұрылымдар (жол-коммуналдық машина құрылысы, құрылыс материалдары өнеркәсібі) саласы үшін шығарылатын өнімдер; тұрғындарды бірінші кезектегі қажеттіліктерін қанағаттандыратын (тамақ, жеңіл және текстиль, медицина өнеркәсіптері) салаларымен тікелей байланысты [5.275].

Осылайша, өнеркәсіп саясатының орталық міндеті қазіргі техникалар мен материалдардың прогрессивтік базалық өндірісін сақтау және дамыту болуы тиіс. Бұл өндірістер Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының және қазақстандық экономиканың гүлденуінің негізін құрауы мүмкін.

Аймақтардың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінің біркелкі болмауы Қазақстан экономикасын реформалауға кері әсерін тигізеді.

Экономиканың тұрақты дамып жандануына арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2030 жылдарға арналған стратегиялық бағдарламасына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2008-2010 жылдарға арналған орта мерзімдік бағдарламасы әзірленген, бағдарламаның негізгі мақсатына ұлттық экономиканы және аймақтық мамандандырылған бәсекеге қабілеттілік негізінде құрылған облыстың аймақтарында тұрақты дамуды қамтамасыз ету, тағы басқалар кіреді.

Оңтүстік Қазақстан облысында 2010 жылы халық табысының негізгі бөлігін қамтамасыз ететін бір қызметкердің орташа айлық жалақысы 48048 теңгені құрайды және 2004 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 147,8%-ға көбейген. Тағайындалған зейнетақы мөлшері орташа есеппен айына 14610 теңгені құрап, 2004 жылмен салыстырғанда 93,5%-ға өсті. Сонымен бірге, ең төменгі күнкөріс деңгейі жан басына шаққанда 2009 жылы 11184 теңгені құрап, 2004 жылмен салыстырғанда 138,4%-ға артты, бұл ең аз азық-түлік

қоржынына жататын азық бағасының өсуімен байланысты.

Оңтүстік Қазақстан облысының әлеуметтік-экономикалық жағдайы соңғы жылдарда біркелкі дамуын біз бірнеше көрсеткіштер арқылы байқай аламыз.

Халықтың жан басына шаққанда ақшалай айлық табысы тиісті кезеңдерде орташа есеппен 22532 теңгені құрап, 250,2%-ға артқан. Бұл кезде халықтың нақты ақшалай табысы 15,4%-ға, тағайындалған мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының орташа айлық мөлшері 13964 теңгені құрап 283,5% өскен.

Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар саны 2004 жылы 119234 адам болса, 2008 жылы оның саны 128049 адам құрады. Азық-түлік қоржынының құнынан төмен, тұтынуға пайдаланылған табыстары бар халықтың үлесі 2004 жылы 5,1% болса, 2008 жылы оның көлемі 0,8 пайыз болып, 84%-ға төмендеген.

Кесте 1-дегі көрсеткіштер бойынша талдауда, облыстың өнеркәсіп кәсіпорындарында қолданыстағы бағамен 2010 жылы 247707 млн. теңгенің өнімі өндіріліп (шағын, қосалқы кәсіпорындар мен үй шаруашылығы секторын қоса), нақты көлем индексі 2008 жылмен салыстырғанда 45,9%-ға артқан. ОҚО 2010 жылы өнеркәсіп өндірістерінде жұмыс істейтін өндіріс персоналының жалпы саны 41516 мың адам. Өнеркәсіп өндірісі саласында негізгі капиталға бағытталған инвестиция көлемі 71220 млн. теңгені құрайды.

Кесте 1 – Өнеркәсіп өндірісінің салалық және функционалдық құрылымы

№	Өнеркәсіп, кәсіпорындар атауы	Өнеркәсіптің жалпы өнім көлемі, млрд. теңге, қолданыстағы бағамен			2008-2010 жж. өсу, (%)
		2008 ж.	2009ж	2010 ж	
	Өнеркәсіп барлығы, соның ішінде	209,6	255,8	305,1	145,9
1.	Кен өндіру өнеркәсібі	28,4	59,97	71,7	252,5
2.	Өңдеу өнеркәсібі	159,5	168,7	202,6	127,0
3.	Электр энергиясының, газ бен су өндіру мен бөлу	21,7	27,2	30,8	141,9
Ескерту. Оңтүстік Қазақстан облысы өнеркәсіптері материалдары негізінде автор құрастырған					

Кен өндіру өнеркәсібі кәсіпорындарында 2010 жылы 71776 млн. теңгенің өнімі өндіріліп, бұл 2008 жылғы деңгейден 152,5 %-ға жоғарылаған. Кен өндіру өнеркәсібінде, негізінен, отын-энергетикалық пайдалы қазбаларды және металл кендерін өндіру салаларын қамтиды және облыстың өнеркәсібінің 13,5%-ын құрайды.

Кен өндіру өнеркәсіп өндірісі пресоналдарының құрылымы 2010 жылы 5745 мың адамды құрап, 2008 жылмен салыстырғанда 1 есеге артқан, сонымен бірге, оның 4226 мың адамы жұмысшы, 1519 мың адам қызметкер болып жұмыс істейді.

Өңдеу өнеркәсіп өндірісі қызметкерлерінің құрылымы 2009 жылы 27836 мың адамнан құралған, оның ішіндегі 21782 мың адамы жұмысшы, 6054 мың адам қызметкер болып жұмыс істейді.

Электр энергиясын, газ бен суды өндіру және бөлу секторында 2010 жылы 30824 млн. теңгенің өнімі өндіріліп, бұл 2008 жылмен салыстырғанда 41,9 %-ға жоғарылаған. Жалпы алғанда, өнім көлемінің ұлғаюы, негізінен, газ тәріздес отындарды өндіру мен бөлу өндірісінің, суды жинау, тазалау және бөлу өндірісінің, электрэнергиясын өндіру және бөлу өндірісінде өндіру (бұл негізінен сатып алынған электрэнергиясын тарату көлемінің өсуінен болған) және бумен және ыстық сумен жабдықтау көлемінің артуынан орын алған.

Электрэнергиясы саласындағы электр қуатын тарату өнеркәсіптері персоналдарының құрылымы 2010 жылы 7933 мың адамнан құралған, оның ішіндегі 5354 мың адамы жұмысшы, 2579 мың адам қызметкер болып жұмыс істейді.

Кесте 2-де Халықтың азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз етілуі бойынша ет және ет өнімдерін, сүт және сүт өнімдерін, жұмыртқа, жеміс-жидектер мен көкөністерді, нан өнімдерді қолдануда мемлекеттік және аймақтық деңгейдегі тұтыну, тұтыну мөлшерінен асады. Бірақ, ғылыми негізделген тұтынуға тиіс мөлшеріне мемлекет бойынша тұтынуымыз аз көлемде екенін байқаймыз.

Кесте 2. Халықтың жан басына шаққандағы азық-түлік өнімдерінің негізгі түрлерімен қамтамасыз етілуінің біршама деңгейі, 2010 жыл.

Өнімнің түрлері	Өлшем бірлігі	Тұтынуға тиіс мөлшері, ғылыми негізделген	Нақты тұтыну		Республикалық көлемдегі шамамен Оңтүстік Қазақстан облысының тұтынуының үлес салмағы	
			ОҚО	ҚР	тұтынуға тиіс мөлшері	үлес салмағы
Ет және ет өнімдері	кг	82	38,4	49	34,6	96,5
Сүт және сүт өнімдері	литр	405	171	204	36,8	120,2
Жұмыртқа	дана	292	84	120	23,2	134,5
Картоп	кг	100	37	45	38,0	55,4
Жеміс жидектер мен көкөністер	кг	246	73	73	29,6	155,1
Қант	кг	35	18,3	21,7	52,3	84,3
Нан өнімдері және жарма өнімдері	кг	95	162	122	140	134,6

Ескерту - ОҚ облысының статистика департаментінің мәліметтері негізінде есептелген

Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіне әсерін тигізетін негізгі фактордың бірі - халықтың тұтыну деңгейінің қабілеттілігі. Тұтыну нарығында тұтынушыларды тауарлар мен қызметтерге сұранысын толық қанағаттандыру облыстың бастапқы міндетінің бірі және мемлекет пен оның

аймақтарының әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламаларында осы міндеттемелер анық және нақты қарастырылуда. Бұл міндеттер мемлекет басшысының жолдауында орын тапқан.

Нәтижесінде аймақтың халқымен көп мөлшерде табиғи көлемде тауарлар тұтынылуда. Статистикалық көрсеткіш бойынша соңғы жылдары азық-түлік емес тауарларды тұтынуда, соның ішінде матаның барлық түріне, тоқыма өнімдерінің кейбір түрлеріне, киім, аяқ киімге, спорттық өнімдеріне, кілемдерге, шұлықтарға және тұрмысқа пайдаланатын бұйымдар – тұрмыстық техникалар, кітаптар мен газеттер және журналдарға, ойындар мен ойыншықтарға, соның ішінде әсіресе, құрылыс материалдарына, тоқыма және тігін өнімдеріне, балалар өнімдеріне сұраныс пен ұсыныстың көлемі көбеюде.

Қазіргі таңда Оңтүстік Қазақстан облысының тұтыну нарығындағы тұрақтандыру қорлары халықты азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз етуді қалыптастыруда. Аймақта барлық азық-түлік өнімдеріне сұраныс жылдан жылға көбеюде. Сонымен қатар, облыста азық-түлік өнімдерін өндіру өнеркәсіптері тұрақты дамып келеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Назарбаев Н.А.* Қазақстан – 2030. Процветание, безопасность и благосостояние всех казахстанцев.
2. Послание Президента страны народу Казахстана. – Алматы: Юрист, 2010. –С.94.
3. *Кенжегузин М.Б., Исаева М.Г.* Экономика Казахстана в условиях глобализации: механизм модернизации и функционирования. – Алматы: ИЭ МОН РК, 2005. –С.134.
4. Стратегия территориального развития Республики Казахстан до 2015 года. – Астана, 2006. –С.65.
5. *Портер М.Э.* Конкуренция. пер. с англ. –М.: Издательский дом «Вильямс», 2005. –С.206.

**Ж.М.ШАЕКИНА**

доктор экономических наук  
КарГУ им. Е.А.Букегова

**Л.В.ТАШЕНОВА**

магистр экономических наук  
КарГУ им. Е.А.Букегова

## АНАЛИЗ И ВЫЯВЛЕНИЕ ОСОБЕННОСТЕЙ ПОТРЕБИТЕЛЬСКОГО ПОВЕДЕНИЯ НА ТУРИСТСКОМ РЫНКЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Бұл мақалада ҚР өңірлеріндегі туристердің талғамдары, мінез-құлық мотивтері мен туристік қызметтерді, сондай-ақ тұтынушылардың негізгі сипаттамаларын анықтауға мүмкіндік беретін жағдайларға зерттеулер жүргізілген. Қарастырылып отырған нарықтағы инфрақұрылымның даму деңгейі және қазақстандық туристердің қанағаттану дәрежелері көрсетілген.

The main features which enabled consumers of tourism services, the motives of their behavior and preferences of tourists across the regions of the Republic of Kazakhstan have been identified in the given work. The degree of satisfaction of Kazakh tourists and the level of infrastructure development of the tourist market have been researched.

Маркетинг ориентирован на тесную работу с потребителем. От качества этой работы зависит то, насколько успешным будет тот или иной туристский бизнес. Изучив маркетинговые методы работы с потребителем, можно добиться успеха в туристском бизнесе. Именно клиент определяет, насколько успешна та или иная туристская фирма: туристское предприятие, предлагающее именно те туристские продукты, которые пользуются спросом у потребителя, будет иметь доход, а значит и развиваться.

Для того, чтобы оценить потребительское мнение о степени удовлетворенности казахстанских потребителей туристскими услугами, было проведено маркетинговое исследование. В качестве основной цели исследования выступило изучение предпочтений потребителей и выявление уровня развития туристской инфраструктуры в Республике Казахстан.

Для достижения поставленной цели были поставлены следующие задачи: изучение материалов, касающихся туризма; сбор данных путем проведения анкетирования; анализ полученных первичных данных; подведение итогов и составление отчета.

Исследование проводилось согласно календарному плану.

Выборка исследования составила 1200 человек. Объем выборки был установлен на основе базовых положений математической статистики. В таблице 1 приведены результаты расчета размера выборки, при коэффициенте соответствия доверительной вероятности (t) равным 2, вероятности (P) равной 0,954 и допустимой ошибке выборки равной 5%[1].

Таблица 1. Пример расчета размера выборки

Размер генеральной совокупности	500	1000	2000	3000	4000	5000	10000	1000000	Бесконечная
Размер выборки	222	286	333	350	360	370	385	398	400

Из таблицы 1 следует, что, начиная с некоторого значения генеральной совокупности, ее увеличение не ведет к увеличению размера выборки. Поэтому при отсутствии точной информации о размере генеральной совокупности вполне можно довольствоваться выборкой 400-1200 респондентов при генеральной совокупности большей 10000.

Так как в нашем исследовании объектом исследования выступила Республика Казахстан, то это и обусловило объем выборки равный 1200 человек. В качестве инструмента исследования был выбран метод опроса респондентов, поскольку он позволяет выявить систему предпочтений, на которые ориентируются потребители при выборе определенных туристских продуктов.

В исследование принимало 57% женского пола и 43% мужского.

Исследование показало, что наиболее предпочтительными регионами для отдыха являются Южный Казахстан (32%) и Северный Казахстан (29%) (рисунок 1). Центральный и Восточный регионы одинаково привлекательны для 34% казахстанцев. Менее привлекательным для отдыха является Западный Казахстан, только 3% голосов респондентов.



Рис. 1 Предпочтения казахстанских туристов (%) Примечание - Составлено автором.

Опрос выявил, что наибольшая частота отдыха казахстанцев – это 1 раз в год (82%), 2-4 раза в год – 10% туристов. По сезонности, наивысший пик отдыха, по мнению респондентов – это лето. Летом отдыхают около 81% казахстанцев. Для 15,3% казахстанцев время года не имеет значения.

По продолжительности пребывания в выбранном регионе казахстанцы предпочитают отдыхать более 9 дней (31%), от 5 до 7 дней (26%), а также от 3 до 9 дней (32%) . До 3 дней отдыхают меньшее количество человек (11%).

Поведение потребителей невозможно понять, не выяснив источники, побудительные силы, мотивы этого явления. При изучении мотивации, вызывающих активность людей и определяющих ее направленность, исследователям необходимо найти ответы на следующие вопросы: «Почему совершается покупка данного туристского продукта?»; «Чем руководствуется потребитель при его выборе?»; «Что заставляет его сделать так, а не иначе?»



и другие [2].

На рисунке 2 показаны основные мотивы туристской поездки казахстанских потребителей.

Согласно результатам исследования, основными мотивами отдыха у казахстанцев является желание отдохнуть, восстановить физические силы – 63% респондентов, а также насладиться красотой ландшафтов (22%). Лечебный туризм занимает 8% населения РК.




Рис. 2 . Мотивы туристской поездки казахстанских потребителей (%) Примечание - Составлено автором.

Казахстанцы, по результатам исследования, на отдых в выбранном регионе готовы потратить до 20 тысяч тенге (27%) от 20 тысяч до 40 тысяч тенге (34%). Свыше 80 тысяч тенге готовы потратить лишь 7% респондентов.

Наиболее предпочтительными средствами передвижения у респондентов являются поезда, а также личный автомобиль. 9% респондентов пользуются услугами авиатранспорта. Для туристов не является популярным передвижение на мотоциклах, велосипедах и такси, так считает менее 1% опрошенных.

Казахстанцы предпочитают в основном отдыхать с семьей (37%) и с друзьями (37%). Реже отдыхают в одиночестве (4%).

Согласно проведенному исследованию, казахстанцы чаще всего не прибегают к услугам туристских фирм, 65 % респондентов выбрали самостоятельный туризм. Остальная часть (35%) является потребителями услуг турфирм.

Наиболее предпочитаемый вид туризма у казахстанцев - рекреационный и спортивный. О чем свидетельствуют результаты исследования (рисунок 3).

Менее 5% респондентов отметили мотоциклетный, велосипедный, паломнический и профессионально-деловой туризм.




Рис. 3. Предпочтительный вид туризма в зависимости от целей (%) Примечание - Составлено автором.

На вопрос «Где Вы обычно останавливаетесь на ночлег?» 78% казахстанцев отметили в отелях, гостиницах и хостелах. 16% потребителей предпочитают ночлег в палатках. Менее 3% респондентов останавливаются в кемпингах, пансионатах и мотелях.

На вопрос «Достаточно ли развита туриндустрия в РК?». 35% отметили скорее нет, чем да. 23% респондентов категорично указали неразвитость туриндустрии. Только лишь 29% респондентов удовлетворены туристскими услугами

Необходимо выделить 5 основных ценовых коридоров, принятых в исследовании: до 20 тысяч тенге; от 20 тысяч до 50 тысяч тенге; от 50 тысяч до 80 тысяч тенге; от 80 тысяч до 110 тысяч тенге; свыше 110 тысяч тенге.

В 1 категорию попало 46% опрошенных, во 2 – 23%, в 3 – 16%, в 4 – 6%, а в 5 – 9%.

В опросе в качестве респондентов принимали наибольшее участие 76% студентов, 13% рабочих. Служащие и бизнесмены – 10%. Также в опросе приняли менее 1% безработных.

В исследовании респондентам предлагали оценить факторы, которые делают данный регион привлекательным, по 6-балльной шкале. Профильровав данные, мы получили перечень факторов, которые выделяют респонденты в качестве основополагающих для развития туризма (Рисунок 4).



Рис. 4. Ранжирование факторов, влияющих на развитие туризма (по 5-ти балльной оценке) Примечание - Составлено автором.

Наиболее важным фактором при выборе средства передвижения респонденты отметили комфорт, второстепенным, но не менее важным надежность. В наш скоростной век быстрота в использовании также занимает одну из лидирующих позиций (Рисунок 5).




Рис. 5 . Факторы при выборе средства передвижения респонденты Примечание - Составлено автором.

В результате опроса выяснилось, что богатый природный ландшафт является решающим фактором в выборе того или иного региона. Затем казахстанцы отдают предпочтения тем регионам, в которых обеспечивается максимальный уровень безопасности и наиболее широко развита инфраструктура, два этих фактора, по мнению, казахстанцев являются равноценными.

Таким образом, на основе проведенного исследования нами построен портрет потребителя туристских услуг по регионам Республики Казахстан (Таблица 2).

Таблица 2. Портрет потребителя туристских услуг по регионам РК.

	Северный Казахстан	Центральный Казахстан	Восточный Казахстан	Западный Казахстан	Южный Казахстан
Частота отдыха	1 раз в год	1 раз в год	1 раз в год	1 раз в год	1 раз в год
Предпочтительное время отдыха	лето	лето	лето	не имеет значения	лето
Длительность отдыха в выбираемом регионе	от 5 до 9 дней	от 3 до 7 дней	от 5 до 7	от 3 до 5 дней	9 дней и более
Мотив	«Желание просто отдохнуть»	«Желание просто отдохнуть»	«Желание просто отдохнуть»	«Желание просто отдохнуть»	«Желание просто отдохнуть»
Ценовой коридор	от 20000 до 400000 тг	до 20000 тенге	от 20000 до 40000 тенге	от 20000 до 80000 и выше	От 20000 до 40000 тенге
Предпочтительное средство для передвижения	личный автомобиль	личный автомобиль	поезд	самолет	поезд

Состав, в котором туристы предпочитают отдыхать	с друзьями	с друзьями	с семьей	с друзьями	с семьей и с друзьями
Тип туризма, который наиболее подходит для туриста	самодетельный	самодетельный	самодетельный	организованный	самодетельный
Вид туризма, который наиболее предпочтителен для туриста	рекреационный, спортивный и лечебный	рекреационный	рекреационный и лечебный	ностальгический	рекреационный и спортивный
Выбор места для ночлега	отели, гостиницы, хостелы	отели, гостиницы, хостелы	отели, гостиницы, хостелы	отели, гостиницы, хостелы	отели, гостиницы, хостелы
Мнение потребителей о степени развития туристской индустрии	туристская индустрия скорее не развита, чем развита	туристская индустрия скорее не развита, чем развита	туристская индустрия скорее не развита, чем развита	туристская индустрия скорее не развита, чем развита	туристская индустрия скорее не развита, чем развита
Средний ежемесячный доход	до 20000 тенге	до 20000 тенге	до 20000 тенге	от 20000 до 50000 тенге	до 20000 тенге
Фактор, получивший максимальный балл в рейтинговой оценке регионов	Богатый природный ландшафт	Богатый природный ландшафт	Богатый природный ландшафт	Развитая туристская инфраструктура региона	Богатый природный ландшафт и развитая туристская инфраструктура региона

**Примечание - Составлено автором.**

Необходимо отметить, что Казахстан - перспективный туристский регион. Для более полного удовлетворения потребителей в стране имеются все условия для организации экологических, активных, экстремальных, исторических и познавательных туров. Основной проблемой туристической отрасли Казахстана по-прежнему остается неразвитая инфраструктура и слабый маркетинг региона. Одновременно, положительным моментом является возможность предложить относительно низкий уровень цен и новые типы туров.

ЛИТЕРАТУРА

1. Дурович А.П. Маркетинговые исследования в туризме: Учебное пособие. - СПб: Питер, 2008. – 93 с.
2. Дурович А.П. Маркетинг в туризме. – Москва: Институт дистанционного образования; МЭСИ, 2000. – 87 с.

**Б.С.МЫРЗАЛИЕВ**

экономика ғылымдарының докторы, профессор

**А.Н.ҚАРАХОЖАЕВА**

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

## **ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНДИКАТОРЛАРДЫ ЕСЕПТЕУ ӘДІСТЕМЕСІН ҚОЛДАНУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ**

**В этой статье рассматриваются показатели уровня жизни населения и основы использования в методике расчета социально-экономических индикаторов.**

**This article focuses on indicators of living standards and the basics of using the methodology of calculation of social and economic indicators.**

Әлеуметтік статистика экономикалық талдау әдістерінің ең маңызды қосымшаларының бірін білдіреді. Ол адамдардың өмірі мен қызметінің, қоғамның құрылымының сандық сипаттамасын, олардың мемлекетпен құқықпен өзара қарым-қатынасын, адамдардың мінез-құлқындағы негізгі заңдылықтарды анықтау мен өлшеуді, олардың арасындағы байлықты бөлуді білдіреді. Қоғамның әлеуметтік өмірінде болып жатқан құбылыстар мен процестерді статистикалық талдау үшін специфика статистикалық әдістердің объектіге сандық және сапалық сипаттамаларына сандық өлшем беруші, олардың арасындағы байланыстарды, олардың өзгеруінің тенденцияларын талдап қорытушы көрсеткіштердің әдісімен жүзеге асырылады. Бұл көрсеткіштер әлеуметтік статистиканың зерттеу пәні ретінде көрінетін қоғамның әлеуметтік өмірін көрсетеді.

Өзінің табиғаты жағынан күрделі де көпқырлы қоғамның әлеуметтік өмірі әр түрлі қасиетті, әр түрлі деңгейлі, әр түрлі сапалы қатынастар жүйесін білдіреді. Жүйе бола отырып бұл қатынастар өзара байланысты және өзара негізделген болып келеді. Әлеуметтік статистикадағы зерттеудің маңызды бағыттарының біріне: халықтың әлеуметтік және демографиялық құрылымы, оның динамикасы, өмір сүру деңгейі, тұрмыс жағдайының деңгейі, денсаулығы, мәдениеті мен білімі, адамгершілік статистикасы, қоғамдық пікірі, саяси өмірінің деңгейі жатады. Зерттеудің әрбір саласына қатысты көрсеткіштер жүйесі жасалынады, ақпарат көздері анықталады, елдегі және аймақтардағы әлеуметтік жағдайды реттеу мақсатында статистикалық материалдарды пайдалануға спецификалық тәсілдер де қолданылады [1].

Демография өзінің пәнін халықтың табиғи өсіп-өнуін зерттеуде әр түрлі әдістерді пайдаланады, олардың арасында негізгілерін сипаты бойынша үш топқа: статистикалық, математикалық және әлеуметтік топқа біріктіреді. Демографиядағы бақылау объектілеріне жекелеген адамдар немесе оқиғалар емес, белгілі бір ережелер бойынша топтасқан, кей жағдайға қатысты адамдар мен оқиғалардың жиынтығы жатады. Мұндай жиынтықтар статистикалық фактілер деп аталады. Демография статистикалық фактілер

арасындағы объективті өмір сүретін, оның пәніне қатысы бар өзара байланыстарды анықтауға және өлшеуге ұмтылады, бұл үшін статистикада жасалған әдістерді, атап айтқанда, корреляциялық және факторлық талдау әдісін пайдаланады. Демографияда басқа да статистикалық әдістер пайдаланылады, атап айтқанда, іріктеу және индексті әдістер, орташа шама әдістері, кестелік және т.б. әдістер пайдаланылады.

Халықтың өсіп-өну процестері өзара кейде қарапайым, кейде күрделі сандық қатынастармен байланысты болып келеді, бұл көптеген математикалық әдістердің басқа сипаттамалар туралы мәліметтер бойынша бір демографиялық сипаттамаларды өлшеу үшін қолданылатынын білдіреді. Жоғарыда айтып өткеніміздей, Граунт туылған және қайтыс болған адамдар саны туралы мәліметтер негізінде халықтың саны мен жасының құрамын анықтау мүмкіндігін ашты. Бұл халықтың демографиялық параметрлерінің арасындағы математикалық өзара байланысының мысалы болып табылады. Бүгінде демографияда халықтың математикалық моделі кеңінен пайдаланылады, оның көмегімен тікелей бақылау жолымен алынған фрагменттік және нақты емес мәліметтер негізінде халықтың тууы мен өлімінің шынайы ахуалы туралы толық және нақты түсінік алуға болады. Кей жағдайларда математикалық модельдер көмегімен тікелей статистикалық есепке алу көмегіне қарағанда, одан да нақтырақ мәліметтер алуға болады. Шын мәнісінде, демографиядағы математикалық модельдеу қатарына Граунттың атымен байланысты адам өлімінің ықтималдылық кестелері, сондай-ақ математикалық моделдеудің түрлерінің біріне жататын демографиялық болжаулар жатады [2].

Ақыр аяғында, соңғы ширек ғасырда демографияда демографиялық мінез-құлық деп аталатын, яғни адамдар, отбасы, қоғамдық топтардың өмірінің демографиялық аспектілеріне қатысы бойынша әрекеттер, шешім қабылдау, жоспар, пікірлер, қажеттіліктер, субъективті ұстанымдарды зерттеудің әлеуметтік әдістері барынша белсенді пайдаланылады.

Әлеуметтік жүйе ретіндегі аймақты басқару, осы негізін қалаушы принциптерге құрылуы тиіс. Аймақтық даму мақсаттарымен қатар аймақты бағалау үшін адамдардың өмір сүру деңгейінің мемлекеттік немесе басқа да стандарттарға сәйкес келуінің маңызы орасан зор. Аймақтарға барынша дербестік беру нәтижесінде, оларда әлеуметтік экономикалық саясатты жүзеге асыруда ауыртпалдық ортасы орналасқан. Дәл осы аймақтарда халықтың өмірін қамтамасыз ету мәселесі шешіледі, және жергілікті басқару органдары халықтың алдында және аймақтағы ахуал үшін басты жауапкершілікті мойнына алады, бұл аймақтық саясатқа жаңа міндеттемелер жүктейді. Аймақты басқарудың тиімділігінің критерийіне және жұмыстың басты бағытына сол территорияда өмір сүріп жатқан халықтың әлеуметтік-экономикалық мұқтаждықтарымен

қатар аймақтың кешенді дамуын қанағаттандыру дәрежесі арта түсуі тиіс.

Аймақтық саясатты дайындау мен даму стратегиясын қалыптастыру процесінде ақпаратты құраушылар маңызды рөл атқарады: дамудың қолда бар мүмкіндіктері туралы мәліметтердің жеткілікті көлемін алу бұрын қабылданған шаралардың ықпалының нәтижесін объективті бағалау қажет. Осы жағынан алып қарағанда бірінші кезекте аймақтың халқының өмір сүру сапасы мен деңгейінің сипаттамасының маңызы зор.

Осы аталған жұмыста қазіргі уақыттағы өмір сүру сапасы мен деңгейінің түсінігінің дәл сипаттамасы проблемаларды қарастыру нәтижесінде халықтың өмір сүру сапасы мен деңгейінің қолда бар концепциясына нақты ретроспективалық талдау берілді, ол олардағы негізгі ерекшеліктер мен өзгерістерді анықтауға мүмкіндік береді. Әлеуметтік-экономикалық дамудың әрбір кезеңінде осы түсініктердің әр түрлі аспектілеріне баса назар аударылады. Уақыт өте келе өмір сүру деңгейінің материалдық жағын қабылдаудан оның сапалық сипаттамасына баса назар аударылып келеді. Өйткені ол тек таза экономикалық көрсеткіштердің көмегімен ғана сипаттала алмайды. Біздің пікірімізше, өмір сүру сапасы түсінігінің кеңінен таралуы сол дамудың қисынды жалғасы болып табылады. Өмір сүру сапасы өзіне өмір сүру деңгейінің бұрынғы, дәстүрлі түсінігін ғана емес, сонымен бірге тек осы түсінік шеңберінен шығатын ғана емес, сонымен бірге экономика аумағынан шығатын түсінікті қамтиды [3].

Анықтамаларды салыстырмалы бағалау көрсеткендей, бүгінгі таңда осы екі түсінік өзара жақындаса түсіп, адамзат дамуының тұжырымдамасының негізіне жататын халықтың өмір сүру мүдделерін жүзеге асыру дәрежесін көрсетеді. Сонымен, елдегі және аймақтағы халықтың өмір сүру сапасы мен деңгейі, олардың әлеуметтік-экономикалық дамуының ең маңызды сипаттамаларының бірі болып табылады. Өмір сүру сапасы мен деңгейінің өсуін бағалау халықтың әр түрлі топтары үшін елдің экономикасында болып жатқан бағыттар мен салдарына талдау жасауға, сондай-ақ олардың жағымсыз ықпал етуін азайту бойынша іс-шаралардың тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді.

Алайда, өмір сүру сапасы мен деңгейі түсінігінің айтарлықтай жақындасуына қарамастан, өмір сүру сапасына сапалы құраушыны қосу есебінен олардың арасындағы айырмашылық оның анықтамасындағы айырмашылықты да білдіреді. Өмір сүру сапасын бағалауға көбінесе субъективті тәсіл қолданылады, бұл кезде өмір сүру деңгейін адамдардың мұқтаждықтары мен мүдделерінің ғылыми-негізделген нормативтерімен объективті салыстыру негізінде сипаттау қабылданған. Сонымен бірге, осы түсініктер арасындағы белгілі бір айырмашылықтары олардың ауқымдылығы мен қолданушылығының әр түрлі деңгейін де білдіреді. Атап айтқанда, егер де жеке отбасылар турлы сөз болғанда, әдетте «өмір сүру деңгейі» түсінігі

пайдаланылады, бұл кезде «өмір сапасы» түсінігі елдің немесе тұтас алғандағы аймақтың халқына қолданылады.

Соңғы жылдары әлемдік тәжірибеде өмір сүру сапасын бағалауға тұжырымдамалар мен тәсілдер басым болып келеді, оларда «адамзаттың дамуына» баса назар аударылады, ол адамның таңдау жасау мүмкіндігін кеңейту процесін білдіреді. «Адамды таңдау» түсінігі әр түрлі аспектілерді қамтиды, оның мазмұны мен өзектілігі уақыт өтумен өзгеріп отыруы мүмкін: ұзақ жас жасау, денсаулығы, білімі, табысы мен тұтынуы, саяси, экономикалық және әлеуметтік еркіндік, шығармашылық мүмкіндігі мен еңбек өнімділігі, өзін-өзі құрметтеу мен адамның құқығына кепілдік беру, ерлер мен әйелдердің тең құқықтығы, экология және т.б. Қазіргі таңда олардың арасындағы ең маңыздысы: ұзақ өмір сүру және дені сау болу, білім алу мен жақсы өмір сүруге қажетті ресурстарға қол жеткізу болып табылады. Сонымен, қоғамның дамуының басты мақсаты экономикалық немесе өндірістік көрсеткіштер емес (мысалы, адам басына шаққандағы ІЖӨ) , адамдарға өзінің күш-қуатын жүзеге асыру мүмкіндігін беру мен осы ортаға жағымды ықпал етуші орта құру болып табылады.

Тұтас алғанда, қандай да бір түсініктің нақты қызметі туралы сөз ете отырып, қоғам дамуының үш жағының біреуіне: өмір сүруді қамтамасыз ету және өмір сүру шарттары - өмір сүру сапасы мен деңгейінің көрсеткіштері, сондай-ақ осылар анықтайтын қоғамның өмір сүру қабілеті – адамзат дамуының көрсеткіштеріне сипаттама беру қажет.

Көрсеткіштер жүйесі негізінде халықтың өмір сүру деңгейін анықтауға әр түрлі әдістемелік тәсілдерін қарастыру процесінде халықтың өмір сүру деңгейі мен әлеуметтік-экономикалық жағдайын сипаттаушы көрсеткіштер жүйесінің артықшылықтары мен кемшіліктері анықталды, ең маңызды көрсеткіштердің есептеу әдістемесіне сыни талдау жүргізілді және де осының негізінде аймақтың әлеуметтік дамуына сипаттама беру үшін көрсеткіштер жүйесі ұсынылды.

Халықтың өмір сүру сапасы мен деңгейінің түсінігі күрделі де көпқырлы категориялар болып табылады, өйткені олардың объективті сипаттамасы көрсеткіштердің барабар жүйесі арқылы ғана мүмкін болады. Халықтың өмір сүру деңгейі мен әлеуметтік-экономикалық дамуының көрсеткіштерінің әр түрлі жүйелеріне жүргізілген салыстырмалы талдау оларды аймақтың әлеуметтік дамуын бағалау мақсатында қолдану үшін жекелеген кемшіліктерін анықтады, мысалы, атап айтқанда: индикаторлар жинағының негізгі жүйелер көрсеткіштерінің құрамынан айырмашылығы, республикалық және аймақтық деңгейлердегі көрсеткіштердің сәйкессіздігі, құбылыстардың біреуінің маңызды жақтарын сипаттап, екінші маңыздырақ құбылысты сипаттамау кемшіліктерін анықтады.

Көп жағдайда көрсеткіштер жүйесіне мынадай талаптар қойылды: әр түрлі деңгейдегі объектілерді қамтудың жеткілікті толықтығы, көпдеңгейлі



талдауды қамтамасыз ету, әрбір бағыт бойынша индикаторларды бөліп қарау мүмкіндігі және талдап қорытушы баға құру сияқты талаптар қойылады.

Осы және басқа да жүйелер негізінде зерттеу объектісінің ерекшеліктерін есепке алушы аймақтың әлеуметтік дамуын бағалау үшін үш деңгейлі көрсеткіштер жүйесі ұсынылды.

Біз өмір сүру деңгейінің негізгі әлеуметтік-экономикалық индикаторларын есептеу әдістемесін: табыстар көрсеткіші, халықтың табысының деңгейі бойынша бөлу көрсеткішін, халықтың кедейшілік дәрежесі мен төмен табыс деңгейінің көрсеткіштерін зерттедік. Олардың кейбіреуі үшін жекелеген зерттеушілерге пайдалануға ұсынылған және ахуалды барынша дәл сипаттауға мүмкіндік беретін «балама» варианттар келтірілді. Атап айтқанда, мысалы, «табыстар қайшылығының коэффициентінің» артықшылықтары мен кемшіліктерін талдау нәтижесі бойынша біз мынадай қорытындыға келдік, осы коэффициентті құраушы талдау көрсеткішіне қарағанда пайдалы болуы мүмкін, сондықтан да соған ұқсас «Панкратьева санының коэффициентін» пайдалану ұсынылды.

Зерттеуде өмір сүру минимумының негізінде төмен табыстар деңгейін анықтау әдістемесіне де жеткілікті түрде үлкен назар аударылды. Бұл халықтың жекелеген жігі, ауқатты емес адамдардың бюджетіне біз жүргізген зерттеулер, осы әлеуметтік топтың кедейшілік дәрежесін көрсете отырып, өмір сүру минимумының көрсеткіштерін ең жоғары салыстыруға қол жеткізу қажет болды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Разработка научно-методологических подходов и создание индикатора для оценки текущего развития экономики. Научно-исследовательские разработки Агентства РК по статистике. [http://www.stat.kz/publishing/Pages/2008\\_nii.aspx](http://www.stat.kz/publishing/Pages/2008_nii.aspx).
2. Серикбаева С.Г. Статистическое исследование и прогнозирование демографической структуры населения Республики Казахстан: Дис. канд. экон. наук: Москва, 2005 183 с. РГБ ОД, 61:05-8/2057.
3. Каримбаева Е.Б. Необходимость организации выборочных обследований и регистров населения в условиях рыночной модели экономики //Вестник КазГУ Серия экономическая. Алматы, 1998. №11.

**С.ЫДЫРЫС**

экономика ғылымдарының кандидаты, профессор  
А.Ясауи атындағы ХҚТУ

**Д.БАЙМУХАНБЕТОВ**

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

**ИНДУСТРИАЛДЫ БАҒЫТТАҒЫ СЕРПІНДІ ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ  
АСЫРУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚОРЛАРДЫҢ РӨЛІ**

**В данной статье показана роль инновационного фонда в осуществлении индустриально-инновационных проектов.**

**The article shows the role of innovative fund in the realization of industrial-innovative projects.**

Инновация дегеніміз – белгілі бір қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін жаңашыл жаңалықтарды кешенді құру процесі, таралуы және қолданысқа енгізу болып табылады. Әр түрлі, әсіресе шетелдік ғалымдар (Н.Мончев, И.Перлаки, В.Хартман, Э.Мэнсфилд, И.Шумпетер және т.б) инновация түсінігін өзінің зерттеу объектісі мен саласына байланысты тұжырымдар айтты. Мәселен, Б.Твисс инновацияны ғылыми ашылымдар немесе экономикалық мазмұнға ие процесс ретінде анықтайды. Ал, Б.Сантоның пікірінше, инновация – бұл қоғамдық, техникалық және экономикалық процесс, яғни идеялар мен ашылымдарды практикада қолдану арқылы қасиеттері жақсы өнімдер мен технологияларды құруға жеткізеді. Ал, егер де инновация экономикалық табысқа, пайдаға негізделсе, онда оның нарықта пайда болуы қосымша табысты әкелуі мүмкін.

Қазақстанның ғылыми-технологиялық саясаты инновациялық процестерді жандандыруға, жаңа технологиялық құрылымдарды енгізуге, өңдеуші өнеркәсіптегі жаңа қайта бөлістерді игеруге, ұлттық ғылыми-техникалық әлеуетті дамытуға, ғылым мен өндіріс арасындағы алшақтықты еңсеруге, индустриялық қызметті ынталандыруға, озық шетел технологиясының нақты трансферті мен халықаралық стандарттарды енгізуді қамтамасыз етуге бағытталуы керек.

Сондықтан, Қазақстан дағдарыстан кейінгі кезеңде ел экономикасын дамытудың бағыт-бағдарын айқындап, маңызды деген жобаларды қолға алуды мақсат етіп отыр. Соның бірі – индустриалды-инновациялық бағыттағы серпінді жобаларды іске асыру. Елді индустрияландыру, инновациялық технологиялар мен шешімдерді өндіріске енгізу дамудың дұрыс жолы ретінде таңдалып отыр. Оған қажет алғышарттар да жетерлік: ғылыми әлеует, өндірістік-қаржылық инфрақұрылым және ең бастысы, кәсіпкерлердің талпынысы.

Қазақстан Республикасында инновациялық белсенділіктің өсуіне, жоғары техникалық және ғылымды қажетсінетін өндірістерді дамытуға жәрдемдесу мақсатында Ұлттық инновациялық қор құрылған болатын.

Инновациялық Қорды құру инновацияларды енгізудің тиімді және нарықтық тетіктерінің болмауының жүйелік проблемасын шешуі, венчурлік қаржыландыруды ынталандыруы тиіс. Венчурлік қаржыландыру - идеяларды жаңа өнімнің тұсаукесер үлгілерін құруға және оның коммерциялық әлеуетін бағалауға дейін жеткізуге байланысты қолданбалы ҒЗТКӘ-ның (ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелер зерттеулері), бастапқы сериялық өндіріс және өнімді бірінші сату, өндірісті ерте ұлғайту және өнімді өткізудің жаңа нарықтарына шығу кезеңдерінде инновацияларды құруға және коммерцияландыруға бағытталған инвестициялау. Шағын инновациялық кәсіпорындарды дамыту мен қолдаудың пәрменді тетіктерінің бірі бизнес-инкубация процесі болып табылады, яғни табыстың мүмкіндігін айқындау, оларды дамыту, қауіпті кезеңінде инновациялық жобаларға қолайлы жағдай жасау, сондай-ақ технологиялық компанияларды жедел дамыту.

2007 жылға дейінгі кезеңде технологиялық парктердің құрамынан Қазақстанның әр түрлі өңірлерінде және Қазақстанның жетекші техникалық, аграрлық және медициналық жоғарғы оқу орындарының жанынан кем дегенде 12 арнайы технологиялық бизнес-инкубаторлар және технопарктер жанындағы 8 оқу орталықтарын құру болжануда. Бизнес-инкубаторларда жұмыс үшін компаниялар мен инновациялық кәсіпорындарды іріктеу өтініш берушінің жеке басына, ғылыми дәрежелері мен атақтарының болуына қарамастан жобалар мен идеялардың конкурсы ретінде конкурстық негізде жүргізілетін болады. Технопарктерді деңгейлер бойынша олардың ҰИҚ элементтері мен қатысушыларына бөлу Қазақстанның инновациялық дамуының жағдайы үшін мейлінше қолайлы болып табылады:

- ұлттық ғылыми-технологиялық парктер;
- өңірлік технологиялық парктер;

Қазіргі уақытта мынадай ұлттық ғылыми-технологиялық парктер құрылуда: Ақпараттық технологиялар паркі, Биотехнологиялар паркі, Ядролық технологиялар паркі, Жаңа материалдар паркі, Агротехнологиялар паркі және басқалары [1].

Егер, әлемдік тәжірибеге көз салсақ, нақ осы инновация дамыған мемлекеттер экономикасын өсірудің негізгі құралы болғанын көруге болады. Мысалы, Еуропа және Малайзия, Сингапур, Оңтүстік Корея, Жапония секілді елдерінен байқалады. Инновация саласына айтарлықтай қаржы бөлінеді. Бұл ілім-білімге негізделген экономиканы дамытуға ұмтылатын елдердің барынша жоғары технологиялық деңгейге шығуына мүмкіндік береді. Қазақстанда ғылымға бөлінетін шығыстар соңғы жылдары ЖІӨ-нің 1,1 пайызынан аспайды, яғни ғылыми-техникалық қызмет елдің экономикалық дамуының негізі болып табылмайды. Саланың құрылымдық бөлінісі бойынша: қаржыландырудың 71 пайызы қолданбалы зерттеулерге тиесілі болса, шамамен 8 пайызы тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға бөлінеді.

Тек 21 пайыз көлеміндегі іргелік ғылымға арналған шығыстар тұтастай алғанда орташа әлемдік деңгейге сәйкес келеді.

Қазақстанда қазірдің өзінде технопарктер, индустриялық аймақтар, АЭА, «Инжиниринг және технологиялар орталығы» құрылды. Қаржы инфрақұрылымы шеңберінде 2003 жылы «Ұлттық инновациялық қор» АҚ құрылып, жұмыс істеп жатыр, оның негізгі қызметі жоғары технологиялық және ғылымды қажетсінетін өндірістерді дамытуға жәрдемдесу болып табылады. Ал, елде мұндай технопарктердің бірнешеуі құрылды, онда бірегей зертханалар мен технологияларды көруге болады. Мысалы, Қарағанды «UniScienTech» технопаркі. Ал, 2010 жылғы жазда құю өндірісін дайындаудың сандық технологиялар кешені пайдалануға берілді. Ол қысқа уақыт ішінде кез келген күрделі объектіні жоғары дәлдікпен цифрлауға және оның компьютерлік моделін алуға, тез әрі дәл үш бойылық объектілердің деректемелерін өлшеуге мүмкіндік береді. Қазір бұл кешен өңір кәсіпорындарының қосалқы бөлшектер құюға арналған әр түрлі құм қалыптары мен өзектерін өндіру жөніндегі сынама тапсырыстарды орындауда. Инновацияларды дамытуға технопарктер үлкен рөл атқаратынын айтқым келеді, олардың негізгі міндеті – өңірлік инновациялық жобаларды ынталандыру, инновациялық инфрақұрылыммен аумақты қолдау болып табылады. Технопарктердің аумағында қазіргі заманғы зертханаларда тәжірибелі жұмыстар жүргізу мүмкіндігі ұсынылады, бұл – технологияларды ойлап табу мен енгізу процесінде айтарлықтай маңызды. Сонымен бірге, инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы Заңда зияткерлік меншікті патенттеуге арналған гранттар, сондай-ақ техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеуге арналған гранттар көзделген.

Ұлттық инновациялық жүйені іске асыруда «ҰИҚ» АҚ да шешуші рөл атқарады. Қазіргі уақытта Қазақстанда да «ҰИҚ» АҚ-ның бақылаусыз қатысуымен 6 венчурлік қорлар құрылған. Бұлар: «Адвант» венчурлік қоры» АҚ, «Венчурлік «Әрекет» жоғары технологиялар қоры» АҚ, «Сентрас» АИФРИ» АҚ, «Glotur Technology Fund» АИФРИ» АҚ, «Almaty Venture Capital» АҚ, «Logycom Perspective Innovations» АИФРИ» АҚ. Олардың қажеттілігі тәуекелдің жоғары деңгейі бар жобаларды банктердің қаржыландырмауы мүмкін, ал венчурлік қорлар start-up компанияларында және дамудың бастапқы сатыларында тұрған компанияларда тәуекелдік инвестициялауды жүзеге асыруға арналғандығымен шарттасқан. Әдетте, қордың инвестициялық кезеңіне 4-5 жыл кетеді, қордың өмір сүруінің толық мерзімі – 7-10 жыл. Осы мерзім аяқталуы бойынша қор өзінің инвестицияларын іске асыру үшін барлық іс-қимылдарды жүзеге асырады, бұдан кейін таратылады.

Соңғы жылдар ішінде «ҰИҚ» АҚ инновациялық жобаларды қаржыландыруға арналған 70-тен астам өтініш қаралды, бұл ретте 9 инновациялық жобаны қаржыландыруды мақұлдады және қаржыландырылды.

Осылайша, бүгінгі күні «ҰИҚ» АҚ-ның инновациялық жобалар қоржыны 3,2 млрд. теңге жалпы сомасына 9 инновациялық жобаны құрайды. Сонымен бірге, «ҰИҚ» АҚ тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелерге (ТКӘ) де қаржыландыру ұсынатындығы мен осы бағыт бойынша «ҰИҚ» АҚ-ға дәл сол кезеңге 87 ТКӘ жобаларын қарастыруға келіп түскендігін және 7 ТКӘ жобалары қаржыландырылып отырғандығын атап өткен жөн. Цифрларынан көріп отырсыздар «ҰИҚ» АҚ-ға жобалардың көп келіп түсіп отырады, алайда олардың ішінде инновациялық құраушылардың болмауы себепті не болмаса жобаны коммерцияландырудың әлеуетті мүмкіндігінің болмауына байланысты қаржыландыру сатысына дейін жететіндері өте аз. Кез келген жаңалық оның технологиялығы мен инновациялығынан басқа коммерциялық тартымдылық пен нарықтағы сұранысқа да ие болуы тиіс қой.

«Қала ауқымындағы деректерді берудің желісіз мультисервистік желі құру» жобасын 2007 жылы құрылған «Аспан Телеком» ЖШС жобалау компаниясы іске асыруда, жобамен заңды және жеке тұлғалар үшін Wi-Max технологияларын пайдалана отырып, телекоммуникациялық қызметтер ұсыну көзделген. Алматы қаласында Wi-Max желісін коммерциялық пайдалануға алғашқы қосқан осы компания болды. «Астана қаласында талшықты-оптикалық желі базасында мультисервистік қызметтер ұсыну» жобасын 2008 жылдан бастап халыққа аналогтық және цифрлық кабельдік телехабарларды, деректерді беру мен интернетті қамтитын талшықты-оптикалық желілерді пайдаланумен бірге, мультисервистік телекоммуникациялық қызметтер ұсынатын «Бизнес-Телеком Лтд» ЖШС жобалық компаниясы іске асырылды. Жобалық компания Астана қаласында 8 000 пайдаланушыларға арналған желілер құрылды. «Фосфордың туынды техногендік қалдықтарынан құрамында фосфоры бар тыңайтқыштар өндіруді ұйымдастыру» жобасын 2008 жылдан бастап «Агрофос-юг» ЖШС іске асырады. Бұл – құрамында фосфоры бар қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату бойынша отандық ғалымдар әзірлеген кешендік технология. Ұсынылатын техникалық шешім құрамында фосфоры бар зиянды қалдықтардан фосфорлы-калийлі және азотты-фосфорлы-калийлі тыңайтқыш өндіруге мүмкіндік береді. Бұл – Қазақстандағы құрамында калийі бар тыңайтқыштарды жалғыз өндіруші. Сонымен қатар, құрылыс материалдары мен прибор жасау саласында да жобаларды «ҰИҚ» АҚ қаржыландырады. Осындай жобаларды қаржыландыру инновациялар саласында жұмыс істейтін шағын және орта бизнесті дамытуға және қосымша ынталандыруға әкеледі. Бұған қоса «ҰИҚ» АҚ әр түрлі салалардағы отандық ғалымдардың тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелерін қаржыландыруды жүзеге асырады. Мысалы, «ПолихимТех-Алматы» ЖШС іске асыратын ТКӘ жобасы. Осы технологияға бес еуразиялық патенттер, сондай-ақ бес қазақстандық патенттер алынды. Ауыл шаруашылығы салалары үшін, «МТЗ

Казсервис» ЖШС жобасы әзірленді және іске асырылды. Яғни, жоғарыдағы мәліметтерге сүйене отырып инновациялық бағыттағы жұмыстардың нәтижелі іске асып отырғанын көруге болады.

Алайда, осы ретте де бірнеше кемшіліктер туындайды. Біріншіден, технологиялар мен өнімдердің көптеген ғылыми әзірлемелерінің аяқталмауы, олардың өндірістің нақты секторынан «қол үзуі» және тиісінше осылардың барлығы әлеуетті әріптестер алдында ұсынылған технологиялардың (немесе өнімдердің) бағасын түсіреді; Екіншіден, осы проблеманың туындауы – технологиялық жаңашылдықтарды енгізудің және оларды нарыққа шығарудың қазіргі заманғы тетіктерінің жоқтығы. Нарықтық жағдайларда жаңашылдықтарды игеру тетіктерінің нарықтық шарттарында жоғары тәуекел тән қасиет болатын, бірақ табыс жағдайында жоғары жоғалтулар болатын шағын инновациялық бизнеспен үздіксіз байланысты. Дамыған экономикаларда шағын инновациялық кәсіпкерлікті дамыту үшін қажетті инфрақұрылым құруды қамтамасыз ететін халық шаруашылығының ерекше секторы қолданылады; Үшіншіден, бізге технологиялық парктерді және мамандандырылған бизнес-инкубаторларды және ғылыми ортамен, өндірістің нақты секторымен өзара байланысты арнайы қаржылық тетіктерді дамыту қажет; Төртіншіден, бізде ішкі нарықта озық технологияларға және өнеркәсіп жаңашылдықтарына деген төлем қабілеті жоқ. Ғылым және ғылыми-техникалық қызмет қызметтер саласына және осы қызметтер нарықта сұранысқа ие болуы тиіс. Өкінішке орай, ғылыми қызметтер мен ғылыми өнімдердің отандық нарығы қазіргі уақытта өте аз. Көптеген кәсіпорындардың ғылымның жаңа жетістіктерін «сатып алуға» мүмкіндіктері жоқ.

Дегенмен де, мемлекет басшысы «Нұр Отан» партиясының кезектен тыс XII съезінде дағдарыстан кейінгі даму бойынша айқындалған әдістерді қарау және пысықтау үшін үкіметке 2020 жылға дейінгі ұзақ мерзімді стратегияны әзірлеуді тапсырған болатын. Стратегиялық жоспарды іске асыру екі бесжылдық кезеңге бөлінеді. Басты басымдықтар бойынша бес жылға дамудың мақсаттары мен міндеттерін нақтылайтын мемлекеттік бағдарламаларының бірнешеуі ғана әзірленді. Олардың ішінде бастыларының бірі 2010-2014 жылдарға арналған үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы болады. Сонымен қатар, салалық жоспарлар мен мастер-жоспарлар әзірленуде. Инновациялық бағыттар – ұлттық экономиканың индустриалды дамуының жаңа бағдарламасындағы бастысы болып табылады.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев жақын бес жылдыққа 7 басымдылықты айқындады. Ол – АӨК дамыту және ауылшаруашылық өнімдерін қайта өңдеу, құрылыс индустриясы және құрылыс материалдарын өндіру, мұнайды қайта өңдеу және мұнай-газ секторының инфрақұрылымы, металлургия және дайын металл өнімдерін өндіру, химия, фармацевтика

және қорғаныс өнеркәсібі, жеке энергетиканы қоса отырып, энергетика, көлік және телекоммуникация инфрақұрылымы. Негізгі басымдылықтардың бірі – жел күшін және күн сәулесін пайдалану есебінен жаңартылған энергия көздерін дамыту.

Сонымен қатар, инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген және бірқатар нормативтік-құқықтық актілер қабылдауды іске асыруда «Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бірнеше нысандарда көрсетіледі. Мысалы, авиациялық өнеркәсіпті дамыту Қазақстан Республикасының маңызды стратегиялық мақсаты болып табылатындығына сену қажет. Қызықты әрі перспективалы жобалар назардан тыс қалмау керек. Ол үшін жай ғана инновациялық даму институттарына, оның ішінде «Ұлттық инновациялық қор» АҚ-ға, «Инжиниринг және технологиялар трансферті орталығы» АҚ-ға жүгіну қажет. Өтінімдерді қарастыру рәсімі сол «ҰИҚ» АҚ-да өту керек.

Әрине жақын бесжылдық инновациялық дамумен шектелмеу керек. Қазір жаһандық экономика ауысуда. Сондай-ақ, Қазақстан ұлттық экономиканың құрылымын қайта қарауда. Еліміз шикізат бағытынан алшақтап, тереңнен өңдеумен айналысуы керек. Сол себептен, біз инновациялық даму жолын таңдауымыз керек. Бүгінгі күні ақылды экономика қажет. Өйткені, өнеркәсіптегі, ауылшаруашылығындағы, құрылыстағы, энергетикадағы жаңа технологиялар, оның ішінде энергия, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың балама бағыттарын дамыту, жаңа материалдарды, био және нанотехнологияларды құру, ғарыш – бұл таяу жылдарда әлемдік экономикаға серпін беретін бағыттар [2].

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Оспаналиев А.* Ұлттық инновациялық қор акционерлік қоғамы 2010 жылы венчурлік қорлардан 1 миллион АҚШ долларынан асатын табыс тапты. <http://www.wap.inform.kz/>
2. *Мұқаметқали Қ.* Инновациялық саланы дамыту – үдемелі индустрияландырудың аса маңызды құрамдасы. <http://dmk.kz/>

**А.М.КОКЕБАЕВА**

кандидат экономических наук  
профессор МКТУ им. А.Ясауи

**Г.К.ТУРЫСБЕКОВА**

кандидат экономических наук  
МКТУ им. А.Ясауи

## **ФАКТОРЫ, ПРЕПЯТСТВУЮЩИЕ ФОРМИРОВАНИЮ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИННОВАЦИОННОЙ СИСТЕМЫ**

Мақалада ұлттық инновациялық жүйені қалыптастыруға кедергі келтіруші өндірістік-технологиялық және институционалдық факторлар қарастырылған.

The article considers the industrial- technological and institutional barriers to forming a national innovation system.

Инновационный тип развития экономики основывается на системной интеграции научно-технической сферы в процессы экономического и социального развития. Условием осуществления такой системной интеграции является формирование системы институтов, стимулирующих генерирование научно-технической сферой нововведений, способных создавать новые рынки национальной продукции и услуг и укреплять конкурентные позиции на традиционных. В результате формируется национальная инновационная система, создающая новые продукты, соответствующие по качеству, цене, объемам и срокам выхода на рынок имеющемуся платежеспособному спросу.

Формирование Национальной инновационной системы Казахстана берет начало с 2003 года, когда были созданы составляющие ее объекты институциональной и физической инфраструктуры. Объекты институциональной инфраструктуры включали: предназначенный для обеспечения проектного финансирования АО «Национальный инновационный фонд» (АО «НИФ»), АО «Центр инжиниринга и трансферта технологий», ряд венчурных фондов с участием АО «НИФ». Объекты физической инфраструктуры составили 4 технопарка в городах Алматы, Караганда, Уральск, а также ПИТ «Алатау».

Как показывает практика, принятые меры по формированию инновационной инфраструктуры не привели к ощутимым сдвигам в сфере инновационного развития нашей страны. По-прежнему, как и в прошлые годы, динамичному развитию казахстанской экономики, достижению стратегических целей повышения благосостояния народа препятствуют сырьевая направленность экономики, слабая интегрированность с мировой экономикой, неразвитость производственной инфраструктуры, общая техническая и технологическая отсталость предприятий, отсутствие действенной связи науки с производством, отсутствие финансирования научно-исследовательских и опытно-конструкторских работ.

Свидетельством сохранения отставания Казахстана в формировании



инновационной экономики могут служить межстрановые сравнения по индексу уровня применения знаний в экономике (КЕИ) и индексу Innovation System. В 2009 году по индексу КЕИ (уровню применения знаний в экономике) Казахстан можно было сравнить с такими странами, как Ямайка и Монголия, где доходы населения значительно ниже. По этому индексу наша страна значительно отстает от стран, имеющих сопоставимый уровень ВВП на душу населения (Чили, Малайзия и Турция), то есть казахстанская экономика является менее конкурентоспособной. А по индексу Innovation System наша страна находится на одном уровне с отсталыми африканскими странами (Ангола, Зимбабве), характеризующимися в 18 раз ниже ВВП на душу населения [1].

Согласно статистическим данным, объем инновационной продукции за последние четыре года снизился на 6,8% и составил в 2010 году 142,2 млрд.тенге или 0,66% от ВВП [2]. За этот период произошло уменьшение количества предприятий, имеющих завершённые технологические инновации, на 31,6% или почти на одну треть. При этом произошло увеличение общих затрат на технологические инновации в 2,8 раза. Учитывая временную отдаленность результатов технологических нововведений, возможно, следует ожидать влияние этих затрат на количественные и качественные параметры инновационной деятельности в перспективе.

Показатель уровня инновационной активности предприятий, являющийся обобщающим показателем уровня инновационного развития страны и определяемый в виде удельного веса инновационно-активных предприятий в общем их числе, снизился за эти годы с 4,8% до 4,3 %. По этому показателю сохраняется многократное отставание от других стран мира, включая и постсоветские страны: в США этот показатель составляет порядка 50%, в Турции - 33%, в Венгрии - 47%, в Эстонии - 36%, в России - 9,1% [1].

Как видим, в нашей стране еще не сформирована система конвертирования отечественных и зарубежных знаний в национальное богатство, основанная на эффективно функционирующей национальной инновационной системе.

В этой связи повышается значимость выработки и реализации новых подходов к формированию Национальной инновационной системы, повышению эффективности взаимодействия ее элементов (включая восполнение недостающих звеньев в «цепи» инновационной поддержки), а также усилению взаимодействия и координации этих элементов для достижения конечной цели. Поэтому, представляется целесообразным рассмотреть таких факторов, препятствующих формированию национальной инновационной системы, как производственно-технологические, экономические и институциональные.

Производственно-технологические факторы, связанные с недооценкой значимости и масштабов необходимых изменений, направленных на смену технологических укладов, переориентацию страны на инновационный путь развития, на новое качество роста экономики. Поскольку для совершения технологического прорыва недостаточно возможностей малого и среднего бизнеса, необходимо приведение в действие потенциала крупных компаний на основе единой индустриальной политике и создания инфраструктуры национальной инновационной системы.

В связи с этим, по нашему мнению, значительные возможности для весомых сдвигов в повышении инновационной активности крупных предприятий открываются в Инновационной программе, принятой к реализации в ФНБ «Самрук-Казына» [3].

В 2010 году Фондом направлено на финансирование НИОКР 2,4% чистой прибыли или 8 млрд. тенге. Эти объемы финансирования научных разработок, осуществленные шестью дочерними компаниями ФНБ (КМГ, КТЖ, Казатомпром, Казахтелеком, Самрук-Энерго, КEGOC. - «ЭК»), составляет около четверти объема финансирования научных разработок в целом по стране (33,5 млрд. тенге). А к 2015 году предполагается доведение масштабов финансирования научных разработок до 72 млрд.тенге.

В тоже время в вышеназванных дочерних компаниях фонда отмечаются такие недостатки в сфере инновационного менеджмента, как недостаточное обоснование инновационной стратегии, отсутствие эффективного механизма финансирования инноваций, неудовлетворительное состояние и низкая результативность инновационной инфраструктуры. Так, по результатам аудита инновационной деятельности только три компании - КТЖ, Казатомпром и Казахтелеком имеют 50- процентный рейтинг по 100-процентной шкале, оценивающей наличие инновационной инфраструктуры и результативность ее функционирования, а остальные - менее 25 процентный рейтинг.

Для устранения недостатков в системе инновационного менеджмента необходима реализация мер по организации эффективной, системной работе по стимулированию и внедрению инноваций, включающих формирование инновационной инфраструктуры, повышение статуса научно-технических советов, разработку необходимых регламентов и положений, создание опытно-испытательных участков, обеспечивающих процессы коммерциализации инновационных продуктов.

Для привлечения отечественного инновационного потенциала требуются организационные меры по развитию сотрудничества с научно-исследовательскими учреждениями страны. Кроме того, необходим комплекс мероприятий по развитию инновационной культуры, организацию системы управления интеллектуальной собственностью, включающей

проведение инвентаризации патентов, технологических лицензий и соглашений, а также контроль за их использованием.

В результате мониторинга инновационной деятельности дочерних компаний Фонда выявлен перечень целесообразных для внедрения 19 инновационных проектов на общую сумму 850 млн. тенге. При этом следует отметить значительную отраслевую диверсифицированность проектов, поскольку 7 проектов связаны со сферой логистики и транспорта, 6 – с нефтехимией и химией, 2 - с добычей урана и редких металлов, 2- с энергетикой, 1- с добычей углеводородов, 1- с телекоммуникациями.

Экономические факторы, препятствующие формированию национальной инновационной системы, сопряжены с тем, что высокая капиталоемкость и длительность сроки окупаемости нововведений в условиях недостаточности финансирования препятствуют внедрению инноваций в производство. К примеру, в 2010 году затраты на технологические инновации по всем источникам финансирования составили всего лишь 235,5 млрд. тенге или 1,1 % от ВВП. При этом структура источников финансирования технологических инноваций характеризуется преобладанием собственных средств предприятий: 93,2% в 2010 году, при мизерной доле средств государственного бюджета – около 2,3 % [2].

К институциональным факторам, препятствующим формированию национальной инновационной системы относятся отсутствие системности в развитии инновационной инфраструктуры, слабая связь науки и бизнеса, обусловленная недостатками в организации деятельности субъектов научной сферы, институтов развития, а также незаинтересованности предпринимательского сектора во внедрении инноваций в производство.

Как показывают результаты аналитических обследований научной сферы, инициативный характер большинства проектов по разработке инновационной продукции, не являющихся региональными или научно-техническими заказами, вынуждает разработчиков самостоятельно заниматься поиском покупателей изобретений. А отсутствие прямой связи определяемого государственными органами также самостоятельно без участия заинтересованных сторон государственного заказа с потребностями бизнеса приводит в разрыву связей наукой и производством.

Следовательно, модель управления и финансирования казахстанской прикладной науки в настоящее время не способна обеспечить создание конкурентоспособных отраслей и производств в силу ее оторванности от решения конкретных технологических задач бизнеса, сосредоточенностью в значительной степени на собственных научных интересах, отсутствия ориентации на востребованный результат и коммерческую значимость исследований.

В связи с этим представляется целесообразным дополнение институциональной организации инновационной деятельности на основе

создания в системе «Национального инновационного фонда» комплекса структур, ориентированных на решение вопросов коммерциализации инноваций. Выполняющие роль связующего звена между инноваторами и потребителями инноваций структуры включают формируемые на базе двух НИИ и семи вузов девять пилотных офисов коммерциализации, Методологический центр коммерциализации инновационных проектов, обеспечивающий нормативно-правовой и методической базой процессы коммерциализации, консультирование и обучение субъектов инновационной деятельности [4].

Таким образом, осуществляемые меры по развитию институциональной составляющей национальной инновационной системы будут способствовать формированию предпринимательской среды в области коммерциализации инноваций, оказанию помощи малым инновационным компаниям и крупным предприятиям при трансфере технологий, определению технологий, обладающих потенциалом для создания новых технологических компаний с конкурентоспособными технологическими решениями.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Программа по развитию инноваций и содействию технологической модернизации в Республике Казахстан на 2010-2014 годы. Астана, 2009.
2. «Казахстан в 2010 году». Статистический сборник. – Астана, 2011.
3. Нацкомпании покажут пример внедрения инноваций // Эксперт-Казахстан, 07.11. 2011.
4. НИФ откроет офисы коммерциализации на базе НИИ и вузов. [www.inti.kz](http://www.inti.kz)

**А.Н.БАЯЛИЕВ**

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

**Г.Ж.БАЙБОСЫНОВА**

экономика ғылымдарының кандидаты, доцент

## **ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ҮДЕМЕЛІ ИНДУСТРИАЛДЫ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ ДАМУ ЖАҒДАЙЫ**

**В данной статье рассматриваются ход реализации программ форсированного индустриально-инновационного развития на 2010-2014 годы и ее особенности.**

**This article deals with the motion of realization programs of forced industrial – innovational development for 2010-2014 years and its peculiarities.**

Үдемелі индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы 2010-2014 жылдарға арналғаны белгілі. Осы карта аясында елдің ішкі жалпы өнімі 7 трлн. тенгеге өседі деп күтілуде. 2015 жылда ДЖӨ 50%-на қол жеткізу міндеті қойылып отыр. Ал, қайта өңдеу саласының ішкі жалпы өнімдегі үлесі 12,5 пайызды құрайды деп жоспарланған. Жаңа кәсіпорындардың ашылуы шикізаттық емес экспорт ауқымының 40 пайызға ұлғаюына серпін беруі қажет делінген. Жалпы алғанда 2014 жылға дейін индустриалды-инновациялық даму картасы бойынша 25 млрд доллар игерілмек. Аталған мақсаттарға жету үшін қолға алынатын және аса маңыз бөлінетін үш басты бағытты атап өтілген:

- индустриалдандыру, яғни өндірістің қуаттылықтарын арттыру, өнеркәсіп пен агроөнеркәсіпте жаңа өнімдерді жасау.

- үдемелі индустриалдандыру, яғни қысқа мерзімнің ішінде дамыған елдердің деңгейіне жету үшін озық түрде жұмыс істеу.

- инновациялық индустриалдандыру, яғни еңбек өнімділігінің жоғарылуы, озық технологияларды барынша пайдалану, ұлттық инновациялық жүйені дамыту болуы тиіс екендігін білдіреді [1].

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің соңғы 2010 жылғы 29 қаңтардағы Қазақстан Халқына Жолдауында: «Инновациялар ғана еңбек өнімділігінің шұғыл артуына жеткізеді. Менің тапсырмам бойынша Үкімет Жедел индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасын және Елді индустрияландырудың егжей-тегжейлі картасын әзірледі.

Бұл құжат – таяудағы бес жылда біз нені, қайда және қашан салатынымыздың толық іс-қимыл жоспары – деп атап көрсетті» [2].

Елміздің инновациялық индустрияландыруы дамудың ең тиімді дұрыс жолы деп есептейміз. Себебі инновациялық жүйені дамытуға арналған ғылыми әлеует, инновациялық және қаржылық инфрақұрылым, инновациялық кәсіпкерлікті дамыту қолға алынған. Бұл технопарктер мен бизнес-инкубаторлардың құруын, ғылыми зерттемелерге гранттар бөлінуін, өндірісте инновациялық жобалардың іске асырылуы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тәсілдерінің кеңінен қолдануын көздейді.

Аталған мәселелерді іске асыруында ҰИҚ рөлі маңызды. ҰИҚ мемлекеттік-жекеменшік әріптестік қағидалары негізінде отандық инвесторлармен бірге құрылған Қазақстанның алты венчурлық қорында әріптес болып табылады. Қазақстандық венчурлық қорлардағы ҰИҚ-тың еншісі – 49 пайызға дейін жетеді.

Индустрияландыру жоспарына сәйкес экспорт, инновациялық сияқты талаптарға жауап беретін бәсекелестікке лайықты жобаларға қолдау көрсетіледі. Инновациялық экономиканы дамыту үшін ҰИҚ төмендегідей жобалар іске асыра алады олар шетелде қызығушылық танытатын фармацевтика, мұнай-химия, металлургия өнеркәсібі салаларында жобалар баршылық. Біздің тағы бір бағытымыз – химия өнеркәсібі, минералдық тыңайтқыштар мен құрылыс материалдар өндірісі салаларындағы инновациялық жобаларды қаржыландыру. Мысалы «Агрофос-Оңтүстік» жобалау компаниясы, фосфоры бар зиянды қалдықтардан аммонийленген суперфосфат өндіріп шығаруға мүмкіндік беретін техникалық шешімді қолданысқа енгізуде. Осылайша, Шымкент маңындағы экологиялық жағдайды жақсартуға, біз сонымен бірге ауыл шаруашылығы үшін қажетті минералды тыңайтқыштарды жасап шығара аламыз. Құрылыс секторында екі жоба бар, олар Павлодардағы ағаш өңдеу комбинаты тұтынушылардың әртүрлі санаттарына арналған қол жетімді баға бойынша бөлме аралық есіктердің шығаруын және сатуын қалпына келтірді. Алматы облысының Көксу кентінде 2007 жылғы мамыр айында керамзит кірпіштер мен блоктар өндірісі бойынша зауыт іске қосылған. Керамзиттен жасалатын құрылыс материалдары жеңілдік, төмен жылу өткізушілік сияқты ұтымды қасиеттерге ие. Бұл іргетасқа жасалатын жүктемені азайтуға, жылу өткізушілігін сақтап қабырғаның жуандығын азайтуға, сонымен бірге қосымша жылу сақтайтын материалдарды қолданудан бас тартуға мүмкіндік береді, өйткені керамзит – ол экологиялық таза жылытқыш. Жалпы алғанда осындай жобалар 5-7 жыл бойы жүзеге асырылады.

Өнеркәсіптің аграрлық саласы инновациялық жобаларды қажет етеді. Себебі біздің осы салада үлкен ресурстарымыз баршылық, яғни агроөнеркәсіптік қуаттардың жетілдіру және асыл тұқымды шаруашылықтарды дамытуды қажет етеді. Алдағы уақытта шикізат экспортымен айналыспай, ауылшаруашылық өнімнің терең өңделуіне мән берілуі керек деп ойлаймыз. Бұл үшін үздік агротехниканы қолдану маңызды, яғни егіндік жерлерде жоғары өнімділікті қамтамасыз ете алатын инновациялық энергия - және су сақтайтын технологияларды жетілдіруді қажет етеді.

Инновациялық жобаны қажет етін бұл металлургия өнеркәсібі. Келесі кезекте энергия сақтау, био - және нанотехнологияларды дамытуға күшті бағыттау маңызды. Үлкен ғылыми әлеует химия өнеркәсібінің дамытуында

да сақталады. Біз үшін перспективті салаларды анықтап алу маңызды, және ары қарай осы салаларды жетілдіру негізінде жалпы тұрақты дамуға қол жеткізуге болады. Алдағы уақыттарда дамытуға бөлінетін қаражаның жетпіс пайызын жұмыс істейтін дәстүрлі салалар және өндірістердің жетілдіруі мен жаңғыртуына, ал қалған отыз пайызын жаңа технологиялар саласын дамытуға жіберілу қажет деп ойлаймыз.

Шешім қабылдау қажеттілігі адамның саналы және мақсатқа бағытталған қызметімен анықталып, басқару үрдісінің барлық кезеңінде орын алады және кезкелген басқару қызметінің құрамдас бөлігі болып саналады. Ұйымда басқару шешімдерін қабылдау жеке адамның қалауына қарағанда біршама айырмашылықтарға ие және ол жеке емес топтық үрдіс болып табылады. Қабылданушы шешімге келген ақпараттың шынайылығы мен дұрыстығы үлкен әсерін тигізеді. Осыған байланысты шешім шартты анықталған және тәуекелді немесе анықталмаған түрде қабылданады.

Қазіргі таңдағы менеджментте басқарушы топтар және мамандардың қатысуымен мәселелердің кешенді, жан-жақты талдануын қажет етуі мен шешім қабылдаудың кеңеюіне алып келді. Шешім қабылдау – бір мезеттік құбылыс емес, белгілі құрылым мен қайталанушы үрдіс көрсеткіші. Шешім қабылдау үрдісі – басқару субъектісі іс-әрекетінің циклдік жүйелілігі. Циклдік жүйеліліктің жүзеге асуы – ұйымдағы мәселенің қорытынды талдау негізінде қойылуы, баламаны сараптау, олардың ішінен ең тиімдісін таңдау және оны жүзеге асырумен қалыптасады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Каренов Р.С. Менеджмент негіздері. – Қарағанды. 1999. - 40 бет.
2. Герчикова И.Н. Процесс принятия и реализации управленческих решений //Менеджмент в России и за рубежом, 2003.– 39 бет.
3. Бельгибаев А.Қ. Менеджмент. Алматы, 2006. – 101 бет.

**Б.М.ДАНДАЕВА**

экономика ғылымдарының кандидаты, доцент  
А.Ясауи атындағы ХҚТУ

**А.Ж.БАҚАШБАЕВА**

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

### **АЙМАҚТАРДА ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ ЖҮЙЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**В статье рассматриваются особенности формирования системы социальной поддержки населения в областях.**

**The article deals with the features of forming the social support system of the population in areas.**

Бүгінгі күнде тұрғындардың әлеуметтік экономикалық жағдайын қолдау маңызды мәселелердің біріне айналған. Осы негізде Қазақстанда басты мақсат – әлеуметтік мемлекетті құру. Еліміздің әлеуметтік экономикалық дамуы, өркендеуі әлеуметтік қызметтерді іске асыру саласына толығымен байланысты. Әлеуметтік экономикалық әл-ауқатты сипаттайтын көрсеткіштер: кедейшілік, жұмыссыздық, табысы, жалақысы, зейнетақысы, ең аз күнкөріс шамасы және т.б.

Елбасымыз айтқандай, еліміздің дамуының негізгі көзі – бұл халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайының жоғарылауымен сипатталады. Мектепке дейінгі тәрбие мен орта білім алуда балаларды кең мүмкіндіктермен қамтамасыз ету үшін күнделікті өзгеріп отырған әлеуметтік-экономикалық жағдайларға сәйкес үздіксіз жанарумен қамтамасыз етуші жекелеген әлеуметтік топтар мен тұлғалардың, қоғамның қажеттілігін ескере отырып, жұмысшы кадрларды және мамандарды жоғары тиімді, бәсекеге қабілетті түрде дайындау мен қайта дайындауды қоғам талап етеді.

Қазақстанда әлеуметтік саясатты қалыптастыру үрдісі тұрғындарды әлеуметтік қолдаудың жаңа түрлерін оларды іске асырудың берік тетіктерін іздестіруді, сонымен қатар әлемдік үлгілерге сай болуды талап етеді. Нарықтық реформа әлеуметтік қолдау жүйесін құратын нарықтық құрылымдарға келуді және одан туындайтын қажетті экономикалық өзгерістерге оның дамуына кедергі жасамауды талап етеді [1].

Бұл жағдайды қамтамасыз ету үшін нақты бағдар және тактикалық сипаттағы стратегиялық мақсаттар болуы тиіс. Бұндай жүйені қалыптастыру әлеуметтік саясатты қайта қарастырумен және бірінші кезекте әлеуметтік қолдау субъектілерінің қызметін өзара қайта бөлумен байланысты болады.

Әлеуметтік қолдаудың мақсаттары бір жағынан, белгілі бір себептерге байланысты қолайсыз жағдайда қалғандарды қолдауда болса, келесі жағынан қоғамды әлеуметтік қатты наразылықтан әр түрлі деструктивтік оның ішінде экономикалық ортадан туындайтын әсерден қолдауда болады. Әлеуметтік мәселелерді аумақтар деңгейінде шешу мәселелері үкіметтің негізгі мақсаты

болып табылады.

Әлеуметтік қолдаудың аумақтық жүйесін жетілдіру әлеуметтік реформаларының негізгі бағыты болуы тиіс, себебі тек аумақ деңгейінде ғана олардың әлеуметтік-экономикалық, табиғи-демографиялық, экологиялық және басқа да ерекшеліктерін толық түрде есепке алуға болады, ал оларды орындау оларды қанағаттандыратын тәсілдер мен ұсыныстарды түзеу арқылы мүмкін болмайды. Мұндай ерекшеліктердің болуы, әлеуметтік қолдаудың ауырлығын мемлекетпен аумақтарға ауыстыруды аумақтық саясаттың мәнін көтеруді талап етеді. Осыған орай қалыптасатын үрдісті зерттеу әлеуметтік қолдаудың аумақтар деңгейінде қалыптасуының және жетілуінің жолдарын іздеудің қажеттілігін көрсетеді [2].

Жалпы еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағын жақсартуда тұрғындарды әлеуметтік қолдаудың үрдісін және заңдылығын іздестірудің жолдарын анықтау қажет. Осыған байланысты халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуда мынадай мәселелер алға қойылған:

1. Халықты әлеуметтік қорғаудың көп деңгейлі жүйесін дамыту.

2. Нарықтық қатынастарға негізделген атаулы әлеуметтік көмек көрсету (тұрмысы төмен азаматтарға, оның ішінде әйелдер мен жастарға), ана мен баланы әлеуметтік қорғау жүйесін нығайту жөніндегі қағидаттарды жетілдіру.

3. Өңірлік және салалық аспектілерін ескере отырып, халықтың тұрақты жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету және еңбек көші-қонын үйлестіру.

Бүгінде тұрмысы төмен отбасыларының өмір сүру деңгейін жақсарту, олардың әлеуметтік қорғалуын қазіргі заманғы әлеуметтік-демографиялық, әлеуметтік-экономикалық жағдайларды ескере отырып оңтайландыру жөніндегі шараларды жүзеге асыру үшін ұйымдық, құқықтық, әлеуметтік-экономикалық жағдайларды қалыптастыру негізінде бағдарламалар жасалынған. Осы негізде жалпы Қазақстанның барлық аймақтарында халықты әлеуметтік қолдау мүмкіншіліктері қарастырылған. Демек, төмендегі 1-ші кестеден әрбір аймаққа бөлінген әлеуметтік жәрдемақы алушылар санының жылдан-жылға ұлғайғанын көруге болады. Оның ішінде Маңғыстау, Шығыс Қазақстан, Қарағанды Алматы және Жамбыл облыстарының үлесі жоғары.

1- кесте. Қазақстанда әлеуметтік жәрдемақы алушылар саны (адам).

	2003	2004	2005	жылдар			2009
				2006	2007	2008	
Қазақстан Республикасы	786426	790359	773770	764553	748378	756533	767213
Ақмола	41055	40848	40000	39328	37793	37597	36993
Ақтөбе	36074	35895	34967	34378	33206	33232	33511
Алматы	87776	88924	85218	83226	82180	83224	85435
Атырау	28674	28859	26660	26006	25110	25507	25547
Батыс Қазақстан	35336	34875	34259	34046	33483	33168	33212
Жамбыл	52758	53926	53765	53437	52028	52354	53145
Қарағанды	72894	73109	73528	73091	71091	71836	72072
Қостанай	40411	39967	39500	38573	37054	36802	37077
Қызылорда	40116	40004	38956	38455	37232	37222	37163
Маңғыстау	117410	119234	122752	123229	123379	128049	132428
Оңтүстік Қазақстан	18322	19229	19382	19676	20042	21205	21652

Павлодар	36740	36477	35209	34246	33228	33146	33469
Солтүстік Қазақстан	41480	41118	37384	36704	35770	35660	35091
Шығыс Қазақстан	79636	79140	76269	74390	72004	71819	72703
Астана қаласы	13274	13606	14197	14606	14941	15918	17192
Алматы қаласы	44470	45148	41724	41162	39837	39794	40523
Ескерту – ҚР Статистика агенттігінің мәліметтері негізінде алынған							

Демек, халықты әлеуметтік қолдау жүйесін жетілдіру мақсатында төмендегі басым міндеттерді шешу қажет:

- Қазақстан Республикасының халықты әлеуметтік қолдау жөніндегі тұжырымдамасының шарттарын іске асыру.
- Еңбекке қабілетсіз азаматтар мен халықтың тұрмысы аса төмен топтарының өмір сүру деңгейін көтеру және тұрақтандыру.
- Әлеуметтік қолдаудың мемлекеттік кепілдіктерін қамтамасыз ету.
- Тұрмысы төмен топтардың әлеуметтік қолдау жүйесін дамыту.
- Әлеуметтік салада құқықтық қатынастардың тиімділігін арттыру, қоғамдық өмірге, әлеуметтік қамтамасыз етуге белсене қатысу.
- Күнкөріс деңгейін есептеудің маңыздылығы бойынша бағыттарды жасау, көрсетілген көмектің атаулылық бағдарламасын нақтылау.
- Денсаулық сақтау, білім, мәдениет, спорт салаларында көрсетілетін қызметке қол жетушілікті жеңілдетуге бағытталған шаралар жүйесін жүзеге асыру үшін алғы шарттар жасау.

• Әр аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму үрдісінде әлеуметтік көмекті ұйымдастыру, экономикалық тиімді модельдерді енгізу және дамытуда, әлеуметтік қызмет көрсету саласында мәліметтер базасын құруда тұрмысы төмен азаматтарды тең жағдайлар мен мүмкіндіктермен қамтамасыз ету жөнінен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдардың, кәсіпорындар мен басқа да өндіріс орындары басшыларының іс-әрекеттерін үйлестіру.

Қазақстан Республкасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауындағы басты мәселе еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту. Сондықтан еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуында әр аймақтың экономикасының дамуының үлесі зор. Демек, мемлекеттің соның ішіндегі аймақтарының әлеуметтік-экономикалық жағдайын дамытуда, әлеуметтік саясаттың қазіргі таңдағы негізгі мақсатының бірі аймақта халықты қажеттілігімен толық максималды қамтамасыз ету, аймақта кедейшілік деңгейін азайту және сонымен бірге халықтың әлеуметтік-экономикалық дифференциациясын төмендету, бұл тек біздің аймақта ғана емес, сонымен қатар аймақтардың толығымен алғанда мемлекеттің мақсаты.

Қазіргі таңда, мемлекетіміздің күннен күнге әлеуметтік қолдау көрсету жағдайын жақсаруымен халықтың кедейшілік деңгейі де төмендеп келеді, бірақ та сондада елімізде кейбір халықтың тұрмыс тіршілігінің әлеуметтік және экономикалық негізгі жағдайлары төмен екендігі көрінуде:

- еңбек нарығындағы жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныстың алшақтығы;

- жәрдем ақының, зейнетақының және еңбек ақының көлемінің қазіргі нарық сұранысына жеткіліксіздігі;
- ауыл инфрақұрылымының даму деңгейінің жеткіліксіздігі, кейбір ауылдардың ауыз суларының тапшылығы, әлеуметтік, экологиялық және экономикалық жағдайларын төмендетуде;
- ауылдық жерлердегі медициналық әлеуметтік көмекті сапалы және жеткілікті түрде көрсетілмеуі;
- ауылдық жерлердегі жалпы білімдік және маманданған мектептердің жетіспеушілігі.

Сондықтан да мынадай факторлар: кірістің төмендігі, еңбек ақының нақты сұранысқа сай, экономикалық жағынан дұрыс есептелмеуі, әлеуметтік қорғаудың әлсіздігі, өмір сүру ұзақтығының төмендігі, білім беру сферасындағы кепілдіктің болмауы, денсаулық сақтау, мәдениет деңгейінің төмендігі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың тұрақтылығын бұзады және экономикалық, әлеуметтік басқару аспектілеріндегі қайшылықтар мен кемшіліктер әлеуметтік саланың төмендеуіне ол өз есебінен кедейшілікті туындатады, өйткені әлем тәжірибесі дәлелдегендей, қазіргі заманда ілгері дамудың негізгі күші адамға, оның хал-жағдайына, көңіл күйіне, білім мен біліктілігіне, жаңашылдық жасампаздық қасиеттеріне, толығымен алғанда адамның өмір сүру сапалығына тығыз байланысты.

Сонымен бірге, сапалы өмір адам капиталын қалыптастырудың негізгі капиталы, ол экономикаға тікелей әсерін тигізеді және өз негізінде экономиканы дамытады. Сондықтан да бүкіл әлемдік деңгейде кедейшілік мәселесіне көп көңіл бөлінуде.

Қазақстан Республикасында халықты әлеуметтік қолдау жүйесін жетілдірудің құқықтық және ақпараттық, қаржылық және институтционалдық жетілдіру негізінде мынадай бағыттарды қарастырамыз:

- мемлекеттік стандарттар мен нормативтер арқылы әлеуметтік саланы реттеу;
- жеңілдіктерді ұсыну;
- міндетті әлеуметтік сақтандыру;
- әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік көмек.

Қорыта айтқанда, соңғы жылдары Қазақстан едәуір экономикалық өсуге қол жеткізді, осының нәтижесінде денсаулық сақтау, білім саласын қаржыландыру елеулі өсті, сондай-ақ олардың одан әрі дамуының перспективалары жасалды. Мемлекетіміз әлеуметтік бағдарлана отырып, бұдан әрі де саланың дамуына елеулі түрде көңіл бөлуге ниеттенуі тиіс. Демек, мемлекетіміздің дамуының негізгі көші бұл – әл-ауқатты ел азаматы болып табылады және әрбір азамат сол елге өз үлесін қосуы тиіс.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қолдау министрлігінің арнайы WEB сайты / [www.enbek.kz/](http://www.enbek.kz/).
2. Шаймерден Н. Негізгі мақсат – халықты әлеуметтік қолдау // Оңтүстік Қазақстан 2006 №55.

**Г.Ж.БАЙБОСЫНОВА**

экономика ғылымдарының кандидаты, доцент

**С.ЕРНАЗАРОВА**

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

### **ИНДУСТРИАЛДЫ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУДАҒЫ КӘСІПКЕРЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**В данной статье рассмотрены проблемы предпринимательства в индустриально-инновационном развитии, а также пути их финансирования и поддержки.**

**This article deals with the problems of business in industrial-innovational development. Some ways of finance and support are considered.**

Кәсіпкерлік ел экономикасының жандануы мен одан әрі қарай дамып, тұрақты өсуінің қамтамасыз етілуін іске қосушы тұтқасы ретінде бизнестің әр алуан түрлері мен ұйымдық формаларынан тұратын нарықтық шаруашылықты қалыптастыру мен оның жұмыс істеуінде үлкен маңызға ие [1]. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың нәтижесінде ұсақ және орта сериялы өндірістер негізінде нарықты тауар және қызметтермен толтыру, жергілікті шикізат ресурстары мен өндіріс қалдықтарын кеңінен пайдалану, жұмыс орындарын көбейту мәселелері тез арада шешімін табады. Елімізде жұмыссыздық деңгейі елеулі белең алған кезеңде кәсіпкерлік қосымша еңбек салаларын және жұмыс орындарын көбейтуге ықпал етуі оның маңыздылығы мен артықшылығын елеулі дәрежеде арттырады.

Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын құрылымдарда жоғары қарқынмен жұмыс орындарын құру және осының негізінде халықты мүмкіндігінше толық жұмыспен қамтамасыз ету елімізде және оның жекелеген аймақтарында жұмыссыздықтың салдарынан туындаған әлеуметтік шиеленістерді азайтады. Мәселен, дамыған елдердің экономикасында шағын және орта деңгейдегі шаруашылықтардың үлесі 90%-дан асады. Осы шаруашылықтар жалпы ішкі өнімнің 50%-ын өндіріп, барлық жұмысшылардың 80%-ын жұмыспен қамтып, жыл сайын еңбек нарығында қалыптасатын барлық жаңа жұмыс орындарының 75%-ын қамтамасыз етеді [2].

Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік алғашқы рет кооперативтік бастамада шағын кәсіпорындар түрінде 1992 ж. пайда болған. Олардың үлесіне республикадағы жұмыспен қамтылған жалпы жұмысшылар санының 6%-ы және ЖІӨ 7%-ы тиді. Бұл кезеңде кәсіпкерлікті құру мен дамыту үшін сонау 1990 ж. желтоқсанда қабылданған «ҚазССР-да шаруашылық қызмет еркіндігі мен кәсіпкерлікті дамыту туралы» заң маңызды мәнге ие болады, келесі жылдары оған өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп толықтырылды және 1992 жылы шілде айында «Жеке кәсіпкерлікті қорғау және қолдау туралы» жаңа Заң қабылданды. Мемлекет тарапынан атқарылып жатқан осындай іс-шараларға қарамастан, кәсіпкерлік қызмет саласындағы белсенділік

сол кезде баяу дами бастады. 1994 жылдың бас кезінде жеке кәсіпорындардың саны 15,7 мыңға жетіп, осы кәсіпорындарда жалпы 164 мың адам жұмыс істеді.

Елімізде 1997 жылдан бастап жаңа бюджет саясатын жүргізу бағыт ала бастады. Кәсіпкерлікті дамытуды жүзеге асыру арқылы салық базасын кезеңмен кеңейту бойынша әр түрлі шаралар қабылданды, коммуналдық шаруашылық қалыптастырылды, кепілдік қоры құрылды, тендер негізінде мемлекеттік сатып алу мен қызмет көрсету жүйесі дамып, шағын және орта бизнеске несие беріле бастады.

2009 жылдың бас кезінде экономиканың шағын бизнес секторында жұмыс істейтіндердің саны 1280,9 мың адамды құрды, оның ішінде жеке кәсіпкерлер саны 731,1 мың адамға жетті. Шағын бизнес субъектілерінің өнім (жұмыс, қызмет) өндіру көлемі мен түрі және салалар мен шаруашылықтар бойынша таралымына қарағанда олардың көбісі сауда (72,8%), өнеркәсіп (6,7%) және құрылыс (4,1%) салаларына шоғырланғандығы байқалады.

2011 жылғы қаңтар-қыркүйекте шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерімен өнім шығарылымы 5935,7 млрд. теңгені құрады. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің жалпы санында дара кәсіпкерлер үлесі – 64,9%, шаруа (фермер) қожалықтары – 24,6%, шағын кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар – 9,3%, орта кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар – 1,2%-ды құрады [3].

Кәсіпкерлік саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырып, оны жүзеге асыру мен қатар мемлекет жағынан кәсіпкерлікті қаржылай, ақпараттық-талдау және матриалдық-техникалық жағынан қолдау қолға алынды. Мемлекет аталған қолдаудың барлық түрін атқарушы органдар арқылы, көптеген жергілікті және аймақтық деңгейде қабылданған бағдарламалар арқылы, және соған лайықтап мемлекеттік капиталы қатысуымен арнайы құрылған мекемелер арқылы жүзеге асырады. «Самұрық-Қазынадан» отандық шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға бөлінген қаражат көлемі 120 млрд. теңге. Оның 117 млрд. теңгесі екінші деңгейлі банктер арқылы шағын және орта кәсіпкерлік өкілдеріне үлестірілді. Осының нәтижесінде, 5 мыңға жуық жаңа жұмыс орны ашылып, дағдарыстың кесірінен қаржы тапшылығына ұрынған кәсіпкерлерге едәуір көмек болды. Оған қосымша, 120 млрд. теңге инвестициялық және инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыруға бағытталмақ.

2010 жылы Президент Жолдауында тапсырмалар негізінде «Бизнестің жол Картасы-2020», «Инвестор-2020», «Лизинг-2020», «Экспортер-2020» бағдарламаларының белсенді қатысушысы болып, кәсіпкерлікті қолдау үшін өзге де өзіндік бағдарламаларды жүзеге асыру қолға алынды.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев: “Бизнестің жол картасы-2020” бағдарламасының мақсаты өңірлерде кәсіпкерліктің, бәрінен бұрын шағын және орта бизнестің



жаңа тобын дамыту есебінен тұрақты жұмыс орындарын ашу болады.

Бұл бағдарлама қаражатын пайдалану мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылуы тиіс:

- несиелер бойынша пайыздық ставкаларды субсидиялау;
- шағын және орта бизнеске несиелерді ішінара кепілдендіру;
- бизнес жүргізуге сервистік қолдау білдіру;
- кадрларды қайта даярлау және біліктілігін арттыру, жастар практикасы және әлеуметтік жұмыс орындары.

“Бизнестің жол картасы-2020” кәсіпкерлер үшін де, сол секілді банктер мен инвесторлар үшін де шикізаттық емес жобаларды қаржыландыру жөнінен жаңа мүмкіндіктер ашады” –деп атап көрсетті [4].

Мәселен, банктермен бірге екінші дәрежелі банктердегі орта және шағын бизнестің несиелерін кепілдендіру бағдарламасы жүзеге асырылды. Ол бойынша, «Даму» Қорынан 4 млрд.теңге қарастырылған. 2 млрд.теңгеге орта және шағын кәсіптің лизингтік шаруаларын қаржыландырудың жеңілдетілген бағдарламасы жүзеге асырылды. Лизинг құралының әрі қарай дамуы үшін «Самұрық-Қазына» Қоры тобы ішінде біріккен лизингтік компанияны құру көзделінді. Бизнесті қолдаудағы «Бизнес Кеңесші» бағдарламасын аймақтарда жүзеге асыру арқылы, бірегей «Call center» құру, кәсіпкерлікті қолдау орталықтарын құру арқылы «Даму» жұмысын әрі қарай жалғастыру іске асырылды.

«2001-2009 жылдары орта және шағын бизнесті қолдау үшін бөлінген мемлекеттік инвестиция 2012-2013 жылдары өз әсерін береді. Бұл кәсіпкерлік салаға жағымды әсер ететіні белгілі. 2009 жылы Дағдарысқа қарсы бағдарлама аясында 120 млрд.теңге бөлінсе, оның арқасында 2500 жоба 132 млрд.теңгеге қаржыландырылып, 3000 жұмыс күші жаңадан құрылды әрі бұрынғы жұмыс орындары сақталынып қалынды.

Кәсіпкерлікті, ең алдымен шағын және орта бизнесті дамыту мақсатында, пилотты режимде «Бизнестің жол картасы - 2020» Бағдарламасы бойынша, соның шеңберінде кредиттерінің жалпы көлемі 101,2 млрд. теңге болатын 225 жобаны іске асыру қолға алынды.

2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап Беларусьтің, Қазақстанның және Ресейдің Кеден одағы қызмет істей бастады, ол бірыңғай сауда саясатын жүргізеді. 2010 жылдың 1 шілдесінен бастап бірыңғай кеден аумағын қалыптастыру басталды, бұл өткізу нарығын 16 млн. тұтынушыдан 168 млн. тұтынушыға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Бизнес жағдайын жақсарту бойынша қабылданып жатқан шаралармен қатар бұл экономиканың өңдеу салаларына шетелдік және отандақ инвестицияларды тарту арқылы экономиканы әртараптандыру үшін ынталандырушы болуға арналған. Бірыңғай экономикалық кеңістік келісімдерінің шеңберінде қол жеткізген келісімдерді іске асыру әріптес елдердің макроэкономикалық саясатының

*А.Ясауи университетінің хабаршысы, №3, 2011*

---

---

келісілген қағидаларын, бірыңғай ережелерін өнеркәсіп және ауылшаруашылық кәсіпорындарын мемлекеттік қолдауын, отандық тауар өндірушілердің көлік инфрақұрылымына кемсітушіліксіз қол жеткізуін, сондай-ақ қызметтер, капитал мен жұмыс күшінің қозғалысының еркіндігін қамтамасыз етеді.

2011 жылы Үкіметпен Ұлттық Банктің экономикалық саясаты:

- қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға;
- экономиканы әртараптандыруға бағытталған, ең алдымен Индустриалды-инновациялық дамудың бағдарламасын жүзеге асыруға;
- жұмыспен қамтудың тұрақтылығын және халық табысының өсуін қамтамасыз етуге;
- білім беруді, денсаулық сақтауды және тілдерді дамытуды қосқанда адами капиталды дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын жүзеге асыруға бағытталатын болады.

Бәсекеге қабілеттілікті арттыруға макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету, инвестициялық және бизнес ахуалды жақсарту, институционалдық даму, технологиялық және инновациялық даму деңгейі, елдің адами ресурстарының сапасын дамыту, сондай-ақ Кеден одағы және Бірыңғай экономикалық кеңістік шеңберінде сауда кедергілерін азайту және экономикалық бірігуді кеңейту есебінен қол жеткізілетін болады.

Бизнес-ахуалды яғни кәсіпкерлікті жақсарту мақсатында орталық деңгейдегі сияқты өңірлік деңгейде де дәл солай әкімшілік кедергілерді және рұқсат беру жүйесін азайту жұмысы жалғасатын болады.

2011 жылы Қазақстанның экономикалық мүдделерін әзірлеу және жылжыту мақсатында, Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістіктің беретін жаңа мүмкіндіктерін қолдану мақсатында бизнес қоғамдастықпен белсенді бірлескен жұмыс жалғасатын болады.

Жаһандық сауда-экономикалық жүйеге одан әрі жақындай түсу мақсатында сытқы экономикалық саясатта басым мақсаттардың бірі Кеден одағы бойынша әріптес елдермен тығыз үйлестіре отырып Дүниежүзілік сауда ұйымына Қазақстанның кіруі үдерістерін жылдамдату болып табылады.

2011 жылы Индустриалды-инновациялық дамудың бағдарламасын іске асыру шеңберінде экономиканың қайта өңдеу секторларына және елдің инфрақұрылымын дамытуға ішкі және сыртқы инвестициялық ресурстары барынша жандандырылып, Индустриалдандыру картасы шеңберінде жаңа индустриалды және инновациялық жобалары қосымша іске қосылады. Экономика салаларындағы өнімділікті арттыруға ынталандыру үшін қолданыстағы кәсіпорындарды ауқымды жаңғырту бойынша «Өнімділік - 2020» бағдарламасы қабылданатын болады.

Бизнес үшін қосылған құны жоғары өндірістерді қолдаудың жүйелі

**А.Ясауи университетінің хабаршысы, №3, 2011**

---

*Байбосынова Г.Ж., Ерназарова С. Индустриалды-инновациялық дамудағы кәсіпкерлік мәселелері*

---

шаралар тобы, жаңа технологиялар трансферті, отандық инновациялық шешімдерді әзірлеу, экспорт өнімінің жоғарылауы, өнім шығаруға ұзақ мерзімді тапсырыс қамтамасыз етілетін болады.

Бизнеске шикізат емес экспортты одан әрі жылжытуда және жаңа технологияларды енгізуде жүйелі көмек көрсетілетін болады. Кәсіпкерлікті, соның ішінде шағын және орта бизнесті дамытуды қолдау үшін «Бизнестің жол картасы – 2020-ны» жүзеге асыру төрт бағытта: бизнес-бастамаларды қолдауда, кәсіпкерлік секторды сауықтыруда, кәсіпкерлердің валюталық тәуекелдерін төмендетуде және кәсіпкерлік әлеуетті күшейтуде, жалғасатын болады.

«Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау құралы болуда.

Біздің ойымызша, индустриалды-инновациялық стратегияны жүзеге асырудағы кәсіпорындардың рөлін келесі түрде көрсетуге болады: шағын кәсіпорындар тауарларға, жұмыстар мен қызметтерге деген ішкі сұраныс қажеттіліктерін қамтамасыз етуге, орта кәсіпорындар экспортқа бағытталған инновациялық өнімдерді өндіру мен құруға, ірі кәсіпорындар өткізудің сыртқы нарықтарын кеңейтуге және өнімді ұлғайтуға бағытталуы тиіс. Осындай мәселерді шешу арқылы ел экономикасының жалпы дамуын қамтамасыз етуге болады. Кәсіпкерлік – жаңа экономиканың қозғаушы күші екендігі мәлім.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Ашанұлы Қ.* Жаңа экономика жаңаша ойлауды талап етеді // Ана тілі, №1-2, 13.01.2005.
2. *Исабеков Б.* Қазақстанда аралас экономика кезіндегі индустриалдық-инновациялық саясат және кәсіпкерлік: мәселелер, концепциялар, шешімдер. – Түркістан: Тұран, 2004. – 319 бет.
3. Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігі //Жедел ақпарат №05-05/351, 2011 жылғы 14 қазан.
4. Жаңа онжылдық - жаңа экономикалық өрлеу - Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы //Егемен Қазақстан, 30 қаңтар, 2010, №33-35.

**А.А.САПАРОВА**  
кандидат экономических наук  
МКТУ им. А.Ясави

**А.Т.КОКЕНОВА**  
кандидат экономических наук,  
доцент МКТУ им. А.Ясави

## **СОСТАВЛЯЮЩИЕ ИННОВАЦИОННОГО ПОТЕНЦИАЛА РЕГИОНА**

Мақалада аймақтың инновациялық әлеуетін қалыптастыру үрдісіндегі материалдық-техникалық қорлардың ролі қарастырылған.

This article considers the role of material resources in the process of innovation capacity in the region.

Послание Президента Нурсултана Абишевича Назарбаева «Новое десятилетие – новый экономический подъем, новые возможности Казахстана» является важным событием общественно-политической жизни страны [1].

В силу своей взвешенности, всесторонней проработанности и реальности этот документ впечатляет и заставляет задуматься о путях его реализации. В Послании на наш взгляд по вопросу достижения намеченных рубежей, дается четкая картина о путях нового подъема экономики страны. Одним из направлений, как отмечается в Послании, является путь ускоренной модернизации, причем предусматривается решительно встать на рельсы форсированного индустриально-инновационного развития и на этой основе усилить социальную поддержку населения [1].

На данном этапе наша общая цель состоит в том, чтобы обеспечить успешный переход на следующий этап развития до 2020 года, осуществить модернизацию страны, укрепить потенциал и повысить конкурентоспособность Казахстана. Президент Н.Назарбаев, обнародовав Послание, фактически заявил, что верит в созидательную силу народа.

В этой связи, дальнейший рост и обеспечение устойчивого развития экономики Казахстана связывается с формированием и использованием отечественного инновационного потенциала. Понятие «инновационный потенциал» стало концептуальным отражением феномена инновационной деятельности и получило развитие в середине 70-х годов XX века.

Материально-технические ресурсы играют важнейшую роль в процессе формирования инновационного потенциала. Они являются его вещественной основой, определяют технико-технологическую базу потенциала, влияют на масштабы и темпы инновационной деятельности. Формирование инновационного потенциала тесно связано с имеющимися возможностями получения материальных ресурсов.

Инновационный потенциал как совокупность ресурсной и результативной составляющих определяется суммарными показателями –

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №3, 2011

Сапарова А.А., Кокенова А.Т. Составляющие инновационного потенциала региона

объемом освоенных новшеств (или реализованных нововведений) и затратоемкостью реализованной продукции инновационной сферы.

Однако внедрение радикальных инноваций, как правило, требует мер государственного регулирования, позволяющих преодолеть свойственную хозяйствующему субъекту рыночной экономики ориентацию на краткосрочную прибыль. Таким образом, участие государства дает возможность подняться над приоритетом рыночной целесообразности.

Так, в рамках программы «Стратегия 2030» правительство Казахстана приняло и реализует Государственную программу по форсированному индустриально-инновационному развитию (ПФИИР) РК на 2010-2014 г.г., и детальную карту индустриализации страны, разработанную с учетом особенности регионов. В этих документах приоритетными отраслями реализации новых индустриальных проектов определены агропромышленный комплекс, стройиндустрия, нефтепереработка, металлургия, химическая промышленность и фармацевтика, энергетика, развитие транспортной и телекоммуникационной инфраструктуры. Эти отрасли составляют базовые элементы региональной экономики Казахстана, которые в совокупности формируют надежный экономический щит от глобализационных вызовов извне, моделируя долгосрочное экономическое развитие. Ориентир на ускоренную индустриализацию, как и другие стратегические решения в Казахстане, это результат усилий главы государства по корректировке ранее принятых программ с учетом изменившихся условий.

Реализация стратегии индустриально-инновационного развития уже дала существенные результаты в Южно-Казахстанской области.

Например, объем валового регионального продукта (ВРП) за 2009 год составил в текущих ценах 925,2 тыс. тенге, величина валового регионального продукта на душу населения составила 366,7 тыс. тенге. В структуре ВРП доля производства товаров составила 39,4%. В 2009 году ЮКО в республике по ВРП занял 7-е место. Доля области в общем объеме ВРП сельскохозяйственной продукции составило 8,8%. Доля области в общем объеме ВРП промышленной продукции в 2009 году – 3,7%.

Анализ результатов работы за последние годы показывает, что объем ВРП за последние годы в сельскохозяйственном производстве имеет тенденции к снижению. Так, если в 2007 году доля составила – 11,2%; в 2008 году – 9,56%. Это связано со снижением объемов производства на мировом рынке [2].

Известно, что показатели развития агропромышленного комплекса (АПК) зависят от многих факторов. Но часто сельхозпроизводители по рукам и ногам связаны кредитными обязательствами. Мало того, и покупательная способность оказывает существенное влияние на рынок продовольственных

*А.Ясауи университетінің хабаршысы, №3, 2011*

*Сапарова А.А., Кокенова А.Т. Составляющие инновационного потенциала региона*

товаров. Мировой финансовый кризис породил ситуацию, когда сотни фермеров и переработчиков могли оказаться на грани банкротства. Поэтому в клан «пяти больших дел» вошел и АПК. Так как комплекс охватывает около 30% от общего количества занятого населения республики мероприятия были направлены, в том числе на повышение экономической активности, занятости и внедрения инновации. В целях стабилизации экономики прямым назначением на развитие АПК из республиканского бюджета было выделено за период с 2009 по 2011 годы около 350 млрд. тенге. Инвестиции предназначались на поддержку существующих и развитие новых экспортоориентированных секторов, таких как зерновой, переработка мясной и молочной продукции и производство плодоовощных культур. Началось создание сети тепличных хозяйств, овощехранилищ, птицефабрик, молочно-товарных ферм, откормочных площадок и убойных пунктов с развитой инфраструктурой экспорта. Приоритетными являются проекты по организации современных мясоперерабатывающих комплексов, развитию производства плодоовощных культур с применением технологий капельного орошения, выпуску и глубокой переработке тонкой шерсти, развитию инфраструктуры экспорта казахстанского зерна, созданию агротехмаркетов, а так же сборкой сельхозтехники. В последние годы на селе взят курс на укрупнение мелких товаропроизводителей.

Стратегия индустриально-инновационного развития ЮКО предусматривает создание благоприятных условий для внедрения достижений научно-технического прогресса и поддержки инновационной деятельности в регионе.

В этой связи, в эксплуатацию введен инвестиционный проект АО «Казахстан Мактасы», «Завод по производству сортового семенного материала хлопчатника» с годовой мощностью 5000 тонн элитных семян, стоимость проекта 1701,0 млн. тенге. Занято в нем – более 91 человек.

В 2010 году вступил в строй в ЮКО первый казахстанский завод смазочных материалов, построенный компанией «High corporation» в рамках Госпрограммы ФИИР. Расположен он в промышленной зоне Шымкента. Производственная мощность предприятия 70000 тонн в год технического масла. Важно подчеркнуть, что при полном соответствии мировым стандартам выпускаемое в Шымкенте моторное масло в среднем на 10 % дешевле импортного. На заводе применяются самые совершенные технологии от таких ведущих мировых производителей, как GMS Technologies, Exxon mobile. Примечательно, что производство полностью автоматизировано и занято в нем всего 150 человек.

Качество продукции контролирует испытательная лаборатория, так же оснащенная по последнему слову нефтехимической науки. По планам руководителей предприятия, в ближайшее время завод может стать ведущим производителем технических масел во всем центрально-азиатском регионе. Уже в следующем году предприятие предусматривает увеличить производство товарной продукции до 30000 тонн, из которых треть пойдет на экспорт. Кроме того, совместно с нацкомпанией «Казмунайгаз» разрабатывается проект по строительству завода, который будет производить базовые моторные масла

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №3, 2011

Сапарова А.А., Кокенова А.Т. Составляющие инновационного потенциала региона

исключительно на казахстанском сырье. Это позволит вести более глубокую переработку нефти, каждая тонна которой будет использована для выпуска готовой продукции.

В 2010 году запущен ряд проектов в составе текстильно-хлопкового кластера. Это современные инновационные предприятия, выпускающие товары, соответствующие мировым стандартам. Так, ТОО «Oxi textile» реализовал инвестиционный проект «Производство гребенной и карданной пряжи» ее мощность составляет 7,5 тыс. тонн хлопка волокна, вложено инвестиций около 6000 млн. тенге. Обеспечено постоянной работой 260 человек. АО «Ютекс–KZ» реализует инвестиционный проект «По производству пряжи и готовых тканей». Это современное высокотехнологичное производство оснащенное итальянским оборудованием. Годовая мощность завода 14935 тонн хлопка волокна. Продукция завода будет в основном реализовываться на внутреннем рынке, часть на экспорт. На предприятии занято около 400 человек.

Кроме того, в рамках программы фондом науки профинансирован проект по внедрению инновационной технологии производства отечественных элитных семян картофеля. Обязательным условием получения высоких урожаев картофеля является использование качественного семенного материала при соблюдении всех агротехнических приемов выращивания. Для внедрения разработанной технологии улучшения качества семенного картофеля и повышения урожайности товарного картофеля инвестиции, в первую очередь были направлены на закуп необходимого лабораторного оборудования и приборов.

Одновременно для полной реализации предлагаемой технологии сокращения энергозатрат, освобождения человеческих ресурсов была приобретена германская современная сельскохозяйственная техника для возделывания картофеля соответствующая мировым стандартам. Немецкая техника существенно отличается своей экономичностью и эффективностью применяемых приемов. Например, четырехрядная гребнеобразующая фреза, за один проход осуществляет четыре операции: рыхление, боронование, малование и борьба с сорной растительностью. Картофелесажалка обеспечивает точную высадку клубней и гарантированную густоту стояний растений картофеля. Картофелеуборочный комбайн заменит сорок рабочих за трудовой день. Оборудование для сортировки и хранения картофеля и поддержания условий хранения обеспечивает высокую сохранность семенного материала.

Широко используется новая форма орошения – капельное. Оно в отличие от общего полива позволяет подводить воду дозированно и постоянно, отдельно к каждому кусту картофеля путем применения системы труб. Технология более экономична в расходе воды для полива и менее энергоемка. Кроме того, при использовании данной технологии предотвращается загрязнение грунтовых вод, т.е. не создаются условия для вторичного засоления почвы.

Таким образом, примененная технология капельного орошения является прогрессивной, водосберегающей и экономически выгодной.

*А.Ясауи университетінің хабаршысы, №3, 2011*

*Сапарова А.А., Кокенова А.Т. Составляющие инновационного потенциала региона*

В результате применения инновационных технологий в текущем году (2011 год) планируется получить урожай элитного семенного картофеля 450 тонн, товарного картофеля – 650 тонн; что позволит обеспечить регион отечественным семенным и экологически чистым товарным картофелем. Таким образом ТОО «Жолбарыс Агро» уже сегодня готово выйти на рынок с достойной конкурентоспособной продукцией.

В рамках реализации Стратегии индустриально-инновационного развития принимаются меры по созданию Регионального технопарка. Основной целью деятельности технопарка будет являться содействие развитию инновационной инфраструктуры и наукоемких производств, трансферта технологий. Еще есть целый ряд инновационных проектов с применением новых технологий разработанных учеными Вузов ЮКО, реализация которых планируется в рамках технопарка.

Безусловно, выбор и реализацию инновационных приоритетов необходимо осуществлять с учетом развития рыночной среды, с помощью рыночных механизмов, посредством формирования и выполнения комплексных межрегиональных и межгосударственных инновационных программ и проектов, создание и развитие инновационной инфраструктуры, стимулирования и освоения конкурентоспособных технологий, не забывая при этом о модернизации функционирующих смежных производств, сформированных еще в период планового хозяйства.

В реализации программы ФИИР важную роль играет государство. Оно и впредь будет активно вовлекаться в создание новой инновационной системы. Внедрение инноваций должно быть не ради инноваций, а для повышения конкурентоспособности казахстанского бизнеса, и стимулирования инновационной активности предприятий. Для увеличения инновационной активности бизнеса с 2010 года предоставляются инновационные гранты по выполнению опытно-конструкторских работ и рискованных исследований прикладного характера, на подготовку технико-экономического обоснования инновационного проекта на патентование объекта интеллектуальной собственности в иностранных государствах и международных патентных организациях, на приобретение инновационных технологий.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Послание Президента Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева народу Казахстана «Новое десятилетие! Новый экономический подъем – новые возможности Казахстана!» //Казахстанская правда. – 30 января, 2010 г.
2. Агентство Республики Казахстан по статистике, [www.stat.kz](http://www.stat.kz)



## ЕРКІН ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҚТЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ ҚҰРАЛДАРЫ

В статье рассматриваются способы государственного регулирования свободных экономических зон, экономических регионов.

In article mechanisms of management of free economic zones, a state policy of perfection of development of special economic zones are considered.

Мемлекет фискалды, қаржы, сыртқы сауда, әкімшілік және әлеуметтік шараларды пайдаланып, ынталандыру жүйесі арқылы нақты аймақта экономиканы дамыту және қойылған мақсаттарға жету үшін жағымды шарттар жасайды.

Еркін экономикалық аймақты мемлекеттік реттеу құралдарының бірі жеңілдетілген мемлекеттік несиелер және инвестициялар, жалдауға және коммуналдық қызметтерге төмен бағалар жүйесі, т.б. қамтитын қаржы шаралары болып табылады.

Еркін экономикалық аймақтағы жеңілдіктер мен ынталандырулар жүйесін тиімді жасау – болашақта оның ойдағыдай дамуының кепілі. Дәл осыдан инвесторларды тартудан түскен пайда мен салық және кеден жеңілдіктерінің берілуінен болған бюджеттік шығындардың арақатысы тәуелді. Жалпы жеңілдіктер, мұндағы даму факторларының өтемақы механизмі емес, берілген аймақтың салыстырамалы басымдылықтарын іске асыруда қосымша құрал қызметін атқаруы тиіс. Мемлекет рөлі тек осындай оңтайлы жүйені қалыптастыруда ғана емес, сонымен бірге оның орнатылған жеңілдіктерін және преференцийлерді сақтау үшін тұрақты түзетулер мен бақылау жасауда да маңызды.

Қазақстанда арнайы экономикалық аймақтарда қаржы іс-әрекеті еркін экономикалық аймақтардың Әкімшілік кеңесі қаржы қорын немесе еркін экономикалық аймақтың шекарасы әкімшілік-территориялық бірліктің шекарасымен тура келгенде бюджетті қалыптастыруды қарастырады. «Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймағы, «Астана-жаңа қала» арнайы экономикалық аймағы әкімшілік-территориялық бірліктің шекарасында орналасқан себебінен, олардың бюджеттері бір мезгілде сәйкес Ақтау және Астана қалаларының бюджеті болып табылады. Оңтүстік облысындағы «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағында, Алматы қаласының Медеу ауданының Алатау кентінде орналасқан «Ақпараттар технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағында қаржы қоры қалыптасқан.

Арнайы экономикалық аймақтардың қаржы қорының немесе бюджетінің табыс құрамына еркін экономикалық аймақта салық төлеуші ретінде тіркелген заңды және жеке тұлғалардың төлейтін жергілікті және жалпы

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №3, 2011

Қарғабаева С.Т. Еркін экономикалық аймақты мемлекеттік реттеу құралдары

мемлекеттік салықтары кіреді. Сондай-ақ, заңмен қарастырылған арнайы қорларға төлемдер қаржы қорының (бюджеттің) қалыптастыру көзі бола алмайды. Зерттеу көрсеткендей, арнайы экономикалық аймақтардың қаржы қорының (бюджетінің) табыс бөлігін қалыптастыруда қаржы қорына салықтарды есепке қосу тәртібінде ескертілген ерекшеліктер бар. Арнайы еркін экономикалық аймақтың қаржы қорының (бюджетінің) жоғары тұрған бюджетпен өзара байланыстары арнайы экономикалық аймақтың қаржы қорына (бюджетіне) түсетін табысының жалпы соммасынан бөлінген сомма ұзақ мерзімді тұрақты норматив арқылы анықталады. Әр арнайы экономикалық аймақ бойынша сәйкес Ережелерде бөлінген сомманың нақты нормативтері анықталған, бұл деген тек аймақтың дамуына ғана емес, сонымен қатар жалпы өңірдің дамуына да ықпалын тигізеді.

Қаржы бойынша арнайы экономикалық аймақтарды мемлекеттік реттеуде арнайы экономикалық аймақтың Әкімшілік кеңесі мақсатты қаржы қорларын құра алады деп қарастырылған, соның ішінде арнайы экономикалық аймақтың экономикалық және әлеуметтік даму қоры. Ондай қор Қазақстан Республикасының барлық арнайы экономикалық аймақтарында құрылған.

Арнайы экономикалық аймақтардың мақсатты қаржы қорлары бос бюджет құралдары, салықтық сипатты емес төлемдер, сауда жүргізгеннен түскен табыстар, аймақтық лотереялар, заңдық және жеке тұлғалардың еркін салымдары, сондай-ақ заңға қарсы келмейтін басқа көздер арқылы да құрылады.

Арнайы экономикалық аймақта салық салу Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес реттеледі, онда арнайы экономикалық аймақта тіркелген шаруашылық субъектілерге жеңілдетілген салық салу тәртібі қарастырылған. Заңдық тұлғалардан табыс салығы 20% мөлшерінде алынса, арнайы экономикалық аймақ тәртібі орнатылмаған басқа жерлерде 30% мөлшерінде алынады.

Аймақтарда заңдық тұлғалардан табыс салығына жеңілдіктен басқа басымды инвестициялық жобаларды іске асыру үшін жеңілдіктерді қарастырған «Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы бойынша ендігі түрде жеңілдіктер берілген [1]: мемлекеттік заттай гранттар; келісім шартты жасағаннан бастапқы 5 жыл мерзімге 100% негізгі мөлшерге дейін табыс салығы, жер салығы және мүлікке салығы мөлшерін төмендету, әрі қарай 5 жылға дейін 50% негізгі мөлшерге дейін табыс салығы, жер салығы және мүлік салығы мөлшерін төмендету. Берілген жеңілдіктер инвестициялар бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік комитетімен беріледі, сондықтан еркін экономикалық аймақтағы басымды инвестициялық жобаларды қолдау мақсатында бұл жеңілдіктер енгізілген.

Қазіргі уақытта «Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы»

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №3, 2011

Қарғабаева С.Т. Еркін экономикалық аймақты мемлекеттік реттеу құралдары

Қазақстан Республикасының Заңы жойылғанына байланысты бұл тәртіп 2003 жылы 8 қаңтарда қабылданған «Инвестициялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңымен реттеледі [2]. Бұл Заңға сәйкес жоғарыда айтылған мемлекеттік заттай гранттар беріледі.

Арнайы экономикалық аймақтарға табыс салығы бойынша заңдық тұлғалардан орнатылған 20% жеңілдік «Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы» Заңымен қолданатын жеңілдетілген тәртіппен бәсекеге түсе алмайды, себебі инвесторлар үшін арнайы экономикалық аймақтарға қарағанда басқа өңірлерде жағымды. Сондықтан, табыс салығы бойынша жеңілдік 10% аспау керек.

Қазақстан Республикасының қаржы-несие және салық жүйесінде болып жатқан өзгерістерді және шетел тәжірибесін (мысалы, Қытай) ескеріп арнайы экономикалық аймақта салық тәртібін жетілдіру және арнайы экономикалық аймақтар шарттарында салық бойынша көптеу жеңілдіктерді орнату қажет.

Еркін экономикалық аймақты құру және оның жұмыс істеу тәртібін анықтайтын нормативтік құжаттарды Қазақстан Республикасының кедендік бірлестік Кеңесінің мүшесі болып табылатынын ескере отырып, тиісті халықаралық келісімдер мен конвенциялардың негізінде құру керек (кіру уақыты – 1992 жыл, шілде айы).

Еркін экономикалық аймақ іс-әрекеттеріндегі кедендік салу мәселелері республиканың шексіз құқығы болып табылады, ол аймақ кәсіпорындарының сыртқы экономикалық операцияларға кедендік баждары мен салықтарының жеңілдік деңгейін белгілейді. Мемлекет аймақ шекарасындағы (ішкі және сыртқы) кедендік бақылауды жүзеге асырады.

Аймақта тұтыну және қайта өңдеу үшін, жинау және келесі қайта экспорттау үшін еркін экономикалық аймақ аумағына шетелден келген өнімдер кедендік салықтан және импорттық салықтан босатылады. Еркін экономикалық аймақтарда бажсыз әкелінген импорттық материалдарды қолдану мен өндірілген аймақтың дайын өнімдерін республика аумағына жеткізу жағдайларында бұл өнімдерге импорттық компонент құнының бөлігінде баж салынуы мүмкін.

Еркін экономикалық аймақта өндірілген экспорт өнімге экспорттық баждар, экспорттық салықтар салынбайды, лицензиялауға және квоталауға түспейді. Қайта өңдеуге түспеген, еркін экономикалық аймақ арқылы жүзеге асырылған экспорт өніміне белгіленген тәртіпте экспорттық баждар мен экспорттық салықтар салынады. Мұндай өнімге тиісті республика аумағында қабылданған лицензиялау және квоталау тәртібі жүреді.

Арнайы экономикалық аймақта кедендік реттеу Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен реттеледі. Арнайы экономикалық аймақтың жері Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жер ретінде қарастырылады. Берілген тәртіп өндіріс операцияларын орындауға қажетті, сырттан кіретін жабдықтаулар, шикізат, материалдар және басқа да тауарлар

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №3, 2011

Қарғабаева С.Т. Еркін экономикалық аймақты мемлекеттік реттеу құралдары

кедендік баждардан, салықтардан және экономикалық саясаттың шараларын қолданудан босатуды қарастырады [3].

Арнайы экономикалық аймақта қайта өңделген тауарлар шығуда кеден баждарынан босатылады. Арнайы экономикалық аймақтағы кәсіпорынға бажсыз жабдықтауды және шикізатты кіргізуге, бажсыз дайын өнімді шығаруға болады. Басқа тауарларға шыққан еліне байланысты арнайы экономикалық аймақтардан Қазақстан Республикасының басқа жеріне баруында кеден баждары салынады.

Арнайы экономикалық аймақтарда жұмыс істейтін шаруашылық субъектілердің салық жеңілдіктері бар екенін ескеріп, арнайы экономикалық аймақта кеден тәртібі өндірісті, экспортқа бағытталған өнімді шығаруды ынталандырады деп айтуға болады.

Қазақстан Республикасының арнайы экономикалық аймақтарының қызмет ету тәжірибесін зерттеу көрсеткендей, арнайы экономикалық аймақтарды тиімді мемлекеттік реттеу мақсатында арнайы экономикалық аймақтың құқықтық базасын жетілдіру қажет.

Біріншіден, арнайы экономикалық аймақтың қызмет ету мерзімін ұзарту қажет, себебі ірі компаниялардың жобалары капитал сыйымды және оларды өтеу мерзімі 8-10 жылға созылады.

Екіншіден, арнайы экономикалық аймақта, біздің жағдайда «Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймағында іс-әрекеттердің басымды түрлерінің тізімін кеңейту қажет:

- көлік логистикалық орталықтың іс-әрекеті үшін көмекші және қосымша көлік іс-әрекетін кеңейту;
- шекарамен шектес орталығының іс-әрекеті үшін агенттер арқылы көтерме саудасын кеңейту;
- қосалқы аймақтар оператор-компаниялардың іс-әрекеті үшін;
- жылжымайтын мүлікпен операцияларды, жалға беруді және тұтынушыларға басқа да қызметтер көрсетуді кеңейту;
- электроқуатты, газды және суды таратуды кеңейту.

Арнайы экономикалық аймақтар туралы мәселелер бойынша қабылданған нормативтік-құқықтық актілерді реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының, оның субъектілерінің және муниципалды құрылымдардың жалпы даму мүддесіне жауап беретін Заң қабылдау қажет. Әлемдік тәжірибені негізге алып, Қазақстанға қажетті арнайы экономикалық аймақтардың түрлеріне, олардың мамандануына, мөлшеріне, жасалу, қаржыландыру және басқару тәртібіне ерекше көңіл бөлу керек. Арнайы экономикалық аймақтың шаруашылық іс-әрекеті тәртібін анықтағанда осы аймақтарда шетел және қазақстандық кәсіпкерлерге берілетін салық, кеден, бюджеттік және т.б. жеңілдіктер мөлшерін және нақты түрлерін заңда келтіру қажет.

Нормативтік актілерге қосымшаларды және өзгерістерді енгізу арнайы

**А.Ясауи университетінің хабаршысы, №3, 2011**

**Қарғабаева С.Т. Еркін экономикалық аймақты мемлекеттік реттеу құралдары**

экономикалық аймақтардың қызмет ету тәртібін реттеуді жақсартуға ықпалын тигізеді және берілген өңірлердің жылдам экономикалық дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Арнайы экономикалық аймақты мемлекеттік басқару халық шаруашылығын дамытудың жалпы стратегиясын іске асыру шеңберінде, осы стратегияның басқа бағыттарымен өзара байланыстырып жүргізеді. Нарықтық экономикалық шарттарында арнайы экономикалық аймақты мемлекеттік реттеу арнайы экономикалық аймақты дамытуда басқару органдарының тікелей (инвестициялар, дотациялар, субвенциялар, бағалар) және жанама (несие, амортизациялық, салық, кеден саясаты) реттеу әдістерін қолданып, экономиканың мемлекеттік, жеке және аралас секторын макроэкономикалық мақсаттарды іске асыруға бағыттайды. Арнайы экономикалық аймақтың басқару механизмін қалыптастыруда мемлекеттік реттеудің ықпалын тигізу саласын және нарықтың барлық деңгейінде шектеу ерекше рөлге ие, құзыретін, қызметін және мақсаттарын нақты шектеуде олардың өзара іс-әрекетінде оңтайлы мехаизмді табу қажет.

Еркін экономикалық аймақтар үшін мемлекеттің іс-әрекеті макроэкономикалық саясатты әзірлеуде және іске асыруға шоғырлану қажет, басымды нарықтық тетіктерді пайдалану және кәсіпорындардың, салалардың, өңірлердің шаруашылық іс-әрекетінде әкімшілік ықпал жасау әдістерін шектеу қажет.

Арнайы экономикалық аймақтың жасау және дамыту жоспарын жетілдіру мемлекеттік саясаттың дәлелдік деңгейін көтеруге бағытталған, яғни ғылыми-техникалық, әлеуметтік, сыртқы экономикалық және т.б., жиынтықта арнайы экономикалық аймақтың басқару элементі ретінде сыртқы экономикалық ортасын қалыптастырады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы //Егемен Қазақстан, 1997.
2. «Инвестициялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы //Егемен Қазақстан, 2003, 11 қаңтар.
3. *Мұстафаев С.Т.* Қазақстан Республикасының Кеден құқығы (заң факультетінің студенттеріне арналған лекциялар курсы). – Оқу-әдістемелік құрал. –Түркістан: Тұран, 2004. 96 б.

## **БӘСЕКЕЛЕСТІК ЖАҒДАЙЫНДА НАРЫҚТЫ СЕГМЕНТТЕУ**

**В статье рассмотрены методы сегментирования регионального рынка в условиях конкурентоспособности инновационного товара. Определены этапы сегментирования, позволяющие выдержать конкурентную борьбу товара в рассматриваемом сегменте.**

**The article describes the methods for the segmentation of the regional market in terms of competitiveness of innovative products. The stages of segmentation allowing goods to withstand the competition in this segment have been defined.**

Нарықты сегменттеу екі бағыт бойынша жүргізіледі, яғни тұтынушылар тобы мен өнім параметрі бойынша. *Бірінші бағыт* - аталмыш өнім қандай тұтынушылар тобы үшін арналғанын, қандай салаларда және қандай мақсатта қолданылатынын белгілейді. *Екінші бағыт* - сәйкес, өнімнің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату үшін басты мәнге ие, оның функционалдық және техникалық параметрлері анықталады [1.128]. Мұндай зерттеудің мақсаты сұранысты, оның сыйымдылығын және нарықтық мүмкіндіктерді анықтау, жаңа өнім мен технологиялардың түрлерін ары қарай жетілдіру мен кеңейту келешегін белгілеу.

Бәсекелестік жағдайында ешбір шаруашылық субъект белгілі бір өнімге нарықтың барлық қажеттіліктерін қанағаттандыра алмайды. Сондықтан субъект өзінің барлық мүмкіндіктерін, ресурстарын және күш-жігерін нақты нарық сегментіне шоғырландырады. Сегменттеудің сәттілігін қамтамасыз ететіндей әр түрлі нарықтық сегменттердің тартымдылық деңгейін бағалау кезінде басты үш фактор есепке алынады: - сегменттің көлемі мен оның өзгеру жылдамдығы; - сегменттің құрылымдық тартымдылығы; - фирманың мақсаттары мен ресурстары. Нарықтық сегменттің құрылымдық тартымдылығы бәсекенің деңгейімен, жаңа тауарды шығару мүмкіндігімен анықталады. Сонымен бірге, нарықтық сегмент қажет көлемінің өсу жылдамдығымен сипатталса және жеткілікті деңгейде құрылымдық тартымдылығына ие болса да, фирманың мақсаттары мен ресурстарын есепке алу қажет. Өйткені ұйымның ұзақ мерзімді даму мақсаттары нақты нарық сегментінде қызмет етудің ағымдық мақсаттарымен сәйкес келмеуі мүмкін. Жалпы мұндай үрдісті нысаналы нарықты таңдау деп атайды. Нысаналы сегменттерді таңдау әдісі фирма беделінен, оның бәсекеге қабілеттілігінен және иелігіндегі ресурстардан шыға отырып белгіленеді [2.36]. Нарықтың нысаналы сегментін анықтағаннан кейін бәсекелестердің өнімдерінің қасиеттерін және оның бейнесін зерттеу қажет. Бәсекелестердің жайғасысымын зерттегеннен кейін өнімді жайғастыру туралы шешім қабылданады [3.82]. Жайғастыру бұл нарықта инновацияның бәсекеге

**А.Ясауи университетінің хабаршысы, №3, 2011**

**Шадиева А.Ә., Ахметова А. Бәсекелестік жағдайында нарықты сегменттеу**

қабілеттілікті қамтамасыз етуге қатысты іс-әрекеттерді білдіреді [4.204]. Инновацияны жайғастыру бұл бұрыннан нарықта бар тауарлар қатарынан оның орнын белгілеу. Жайғастырудың мақсаты нарықта жаңашылдықтың жайғасымын нығайту. Жаңа тауарды жайғастыру ең алдымен жаңамен бұрыннан бар тауарлар арасында бәсекелестікті білдіреді. Кез-келген инновацияны толықтырушы, орын басушы және ығыстырушы инновациялардан белгілеуі бойынша ажырату керек. Өйткені инновацияны әзірлеу сатысында бұл жайт елеулі рөл атқармағанымен, нарыққа шыққан кезде шешуші мәнге ие болады. Одан инновацияның сәттілігі және табыстылығы маркетинг стратегиясы тәуелді болады. Жайғастыру маркетингтік қызметтің әр түрлі бағыттарын қамтиды, яғни өткізу, жарнама, баға, сервис және т.с.с. [5.152]. Бұдан кейін субъект нарыққа шығу әдісін, маркетингтік құралдарды және нарыққа шығу уақытын таңдайды. Нарыққа шығу әдістері ретінде фирманың өзі немесе басқа фирмамен ынтымақтасу арқылы шығу жолдарын айтуға болады. Маркетингтік құралдарға субъект ықпал ете алатын факторларды жатқызады. Инновация үшін маркетингтік құралдарды таңдау тек тұтынушылардан ғана емес, сонымен бірге нарық қатысушылардың мақсаты мен іс-әрекеттерінен тәуелді. Бұл мақсаттар мен іс-әрекеттер өзара тәуелді, өйткені әрбір қатысушы оңтайлы маркетинг стратегиясы мен кешенін анықтамас бұрын басқа қатысушылардың мақсаттары мен мүдделерін қарастыру қажет. Нарыққа шығу уақыты өнімге сұраныстың болуын, сұраныс көлемін, елдің экономикалық жағдайын, бәсекелестердің жайғасымын, нарықты зерттеуді және т.б. қарастырып, анықталады.

Маркетинг стратегиясы маркетингтік жоспарды құрудың бастамасы болып табылады. Маркетинг жоспары инновация іскерлігі үрдісінде маңызды орынға ие, оны 1-суреттен көруге болады [4.205].



Сурет 1. Нарықта бәсекелестік жағдайындағы маркетинг қызметінің үлгісі

Маркетинг жоспары инновация туралы, нарық секторы туралы, инновация рыногы туралы, бәсекелестер туралы, маркетинг аясында инновация жасаушы мен сатушының мақсаттары мен міндеттері туралы, оларды шешу құралдары (еңбек, материалдық, ақпараттық ресурстар және т.б.) туралы қажет мәліметтерді қамтитын жазбаша құжат.

Маркетинг нарықта жаңашылдықты жайғастыруды қамтамасыз етіп қоймай, сонымен қатар технологиялық нарықтың бейімделуін, жаңа мен басқа тауарлар арасында функционалдық бәсекені жеңуді қамтамасыз етуі

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №3, 2011

Шадиева А.Ә., Ахметова А. Бәсекелестік жағдайында нарықты сегменттеу

қажет.

Осу сатысында маркетингтік амалдар өзгереді. Инновацияның іскерлігі креативті сипатын жоғалтады және ынталандырушы мәнге ие болады. Жарнаманың сипаты өзгереді, аталмыш фирманың немесе тауардың артықшылықтарын ерекшелендіріп көрсететін, агрессивті сипатқа ие болады. Жаңа тауарға бейімделген жетілдірілген өткізу арналар жүйесі қолданылады. Фирма-өндірушінің бәсекелік артықшылықтары жетекші рөл атқарады.

Тауардың кемелдену сатысында нарықтың басқа қатысушыларымен тікелей бәсекелестіктен құтылу мүмкін емес, соның салдарынан бәсекелестік стратегия да өзгереді. Бұл кезде шығыннан лидерлік стратегиясының рөлі артады, ал жаңашылдықтың бағасы төмендейді. Бұл сатыда инновацияның іскерлігі екі мақсатты көздейді: кемелденген тауардың сату көлемін жедел түрде қамтамасыз ету және оның орнына келетін жаңа тауарды жылжыту стратегиясын әзірлеу [5.153].

Әсіресе, осы сатыда кәсіпорын-новатор нарыққа түрлендірілген немесе абсолютті жаңа өнімді дайындайды немесе компания өнімді қайта жайғастырады [6.538].

Өнімді қайта жайғастыру технологиясы инновацияның іскерлігі тұрғысынан ерекше қызығушылықты туғызады. Жалпы алғанда бұл үрдіс қандай да бір өзгерістерге ұшырамаған бұрыннан бар тауарды жаңадан жайғастыруды білдіреді. Бұдан көретініміз, аталмыш инновация салыстырмалы түрде шығынсыз, төмен тәуекел деңгейімен сипатталады, алайда нарықты дұрыс білуді және тұтынушылардың талғамын болжамдау дағдысын қажет етеді [7.42].

Қайта жайғастырудың төрт негізгі әдісін ажыратады:

*Қолданыстың жаңа нышандарын көрсету.* Тауарды қолдану аясын кеңейту күнделікті сұраныстағы тауар өндірушілерінің белгілі инновациясы болып табылады. Тұтынушыларда белгілі өнім маркасын ұстанушылық қалыптасқанда, оларда аталмыш өнім маркасында жаңа қажеттіліктерді қанағаттандыратын арнайы тауар болмаса да, компания бұрыннан бар тауарды осы қажеттіліктерді қанағаттандыру мүмкіндігі бар ретінде қайта жайғастырады. Айта кететін бір жайт, терең маркетингтік зерттеу жүргізіліп және тұтынушылардың қажеттіліктерін дұрыс бағаланған жағдайда ғана қайта жайғастыру тиімді болады.

*Жаңа функционалдық имиджді қалыптастыру.* Бұл әдіс бәсекелестер тарапынан айқын қауіп төнген кезде және уақыт факторы маңызды болған кезде қолданылады. Өндіруші өз тауарына ұқсас бәсекелестің жаңа тауарының сәттілігін көріп, бәсекелестің жайғасымына ұқсас өз өнімінің жайғасымын жүргізеді. Әдетте, тауар атауына тұтынушы үшін тартымды ақпарат енгізіледі.

*Тауар санатын өзгерту.* Ішкі нарықта тауардың сәттілігі мен терең маркетингтік зерттеулерге қарамастан компаниялар жаңа нарыққа шыққан

*А.Ясауи университетінің хабаршысы, №3, 2011*

*Шадиева А.Ә., Ахметова А. Бәсекелестік жағдайында нарықты сегменттеу*

кезде өнімді жайғастыру мәселелерімен жиі кездеседі. Әдетте, мұндай



мәселелер тауарды тұтыну дәстүрінің ұлттық ерекшеліктерімен байланысты. Тұтынушының теріс қарым-қатынасының себептерін анықтау тауарды уақытында қайта жайғастыруға және нарықтың жоспарланған жауапты реакциясына жетуге мүмкіндік береді. Мұнда тауар басқа категорияға өтеді.

Бұрын ерекшеленіп көрсетілмеген, белгілі қасиеттерді қайта жайғастыру. Тәжірибе көрсеткендей, тұтынушы тауарлар рыногы қоғамның әлеуметтік өмірінің жаңа тенденцияларымен байланысты кезеңдік ғаламдық өзгерістерге ұшырайды. Мәселен, соңғы 3-5 жылдың тенденциясы тұтынушылардың терең жекеленуі үрдісімен сипатталады. Тұтынушы үшін тек сапалы тауардың болуы аз, енді ол денсаулыққа, қоғамға және т.с.с. пайда әкелуі тиіс. Бұл тенденция, әсіресе, тамақ өнеркәсібінде айқын көрініс алды, өйткені мұнда функционалды өнімдер санаты пайда болды. Осыған байланысты, көптеген өндірушілер тұтынушы үшін аса тартымды қасиеттерді ерекшелендіре отырып бұрыннан бар тауарды қайта жайғастырады.

Айта кететін бір жайт, қайта жайғастыру бойынша инновацияның сәтті болуының маңызды шарттарының бірі тауардың жалпы имиджін, соның ішінде орамасын, марка атауын, жылжыту стратегиясын және т.б. өзгерту болып табылады. Мұндай жағдайда тұтынушыда нарықта бұрынғы тауарлармен ассоциаланбайтын толық жаңа пікір қалыптасады.

Маркетингтік қызмет бұл сұранысты басқару. Сондықтан, инновация аясында маркетингтік қызмет сұранысты жіктеу, нарық мүмкіндіктерін талдау, маркетинг кешенін әзірлеу мен қолдану негізінде сұранысты басқаруды білдіреді.

Маркетингтік қызмет жаңа өнімдер мен операцияларға сұранысын жіктеу үлгісін әзірлеуден басталады. Мұндағы жіктеу сұранысты зерттеу, инновация рыногын сегменттеу, нысаналы сегменттерді таңдау мен нарықта инновацияны жайғастыру үшін негіз болады. Сұранысты жіктеу негізіне келесідей белгілерді жатқызуға болады:

- сатып алушылардың мүдделері мен әдеттері;
- жаңа өнімдерге сатып алушылардың психофизиологиялық реакциясы;
- инновацияға сатып алушылық мінез-құлқының реакциясы;
- сатып алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру деңгейі [4.201].

Нарық жағдайында инновацияға сұранысты анықтау бірінші кезектегі мәселе. Сұранысты анықтау келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:

- нарыққа шығарылатын инновацияға сұранысын талдау;
- инновациямен бірге ұсынылатын қызметке сұранысын және оған әсер ететін әрқилы факторларды анықтау;
- кәсіпорын қызметінің нәтижелеріне сұраныстың ықпалын талдау;
- өткізудің барынша көп көлемін анықтау және алғашқы үш мәселенің

шешімі мен фирманың өндірістік мүмкіндіктерін есепке ала отырып өткізу жоспарын негіздеу [8.283].

Кәсіпорынның инновациясына сұранысын басқару үшін сұраныстың көлеміне және сипаттамасына және сұраныс детерминанттарына әсер ететін факторларды білу қажет. Инновацияға сұранысына әсер ететін детерминанттар елеулі дәрежеде дәстүрлі өнім сұранысына ықпал ететін факторлардан ерекшелінеді. Инновациялық өнімге сұраныстың болмау тәуекелі ішкі және сыртқы себептерге байланысты. Ішкі себептер кәсіпорын қызметімен байланысты және оған келесілер жатады:

- персоналдың кәсіби дайындықтың жеткіліксіздігі;
- өндіріс үрдісін дұрыс ұйымдастырмауы;
- кәсіпорынды материалдық ресурстармен жабдықталуының дұрыс ұйымдастырылмауы;
- дайын өнімді өткізуді дұрыс ұйымдастырмауы.

Сыртқы себептер, әдетте, кәсіпорын қызметінен тікелей тәуелді емес. Оның негізгі себептеріне мыналар жатады:

- инженерлік-конструкторлық;
- тұтынушының төлем қабілеттілігі;
- көлік;
- салымдар бойынша проценттің жоғарлауы;
- әлеуметтік-экономикалық;
- демографиялық;
- нормативті-құқықтық;
- саяси және т.б.

Инновация аясында маркетингтік қызмет түрлерінің жиынтығы инновация іскерліктің функциялары болып табылады [4.207]. Мұндағы маркетингтік қызмет түрлері нарықты зерттеумен, өндірісті дамытумен, өткізу арналарын қалыптастыру мен өткізуді ынталандырумен, сонымен бірге маркетингтік қызметті басқарумен және бақылаумен байланысты [9.38]. Инновацияны жүзеге асыру кезінде барлық кәсіпорындар үшін маркетингтің келесідей функциялары тән:

*Аналитикалық функция* кез-келген фирманың маркетингтік қызметінде негізгі болып табылады және фирманың ішкі және сыртқы ортасының жағдайын терең зерттеуге, оның даму болашағын және сыртқы орта факторларын бақылауға мүмкіндік береді. Бұл функция аясында инновациялар рыногы, тұтынушылар мен нарықтың фирмалық құрылымы кешенді зерттеу, сұраныс пен ұсынысты сегменттік тұрғыдан талдау және фирманың ішкі инновациялық әлеуетіне талдау жүргізіледі.

*Ұйымдастырушылық функция* бірінші кезекте кәсіпорынның инновациялық және шаруашылық қызметін жоспарлауды ұйымдастыруды және өндірісті басқаруды, сондай-ақ, тұрақты маркетингтік бақылауды ұйымдастыруды қарастырады. Сонымен бірге маркетингті стратегиялық

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №3, 2011

Шадиева А.Ә., Ахметова А. Бәсекелестік жағдайында нарықты сегменттеу

және оперативті жоспарлауды, маркетингтік қызметті басқаруды ақпараттық қамтамасыз етуді, тәуекелді басқаруды, кооперация мен интеграцияны, үрдістерді үйлестіруді және маркетингті бақылауды ұйымдастыруды қамтиды.

*Жылжыту функциясы* нарыққа инновацияны табысты жылжытуды қарастырады және сұранысты қалыптастыру мен өткізуді ынталандыру шараларын ұйымдастырумен, сервистік қызметті ұйымдастырумен, мақсатты бағытталған баға саясатын жүргізумен, тауар қозғалысы жүйесін ұйымдастыру мен өнімді сақтау мен тасымалдауды ұйымдастырумен байланысты.

*Енгізу функциясы* аясында инновациялық саясаты жасақталады және жүзеге асырылады, зерттеу жүргізу үшін міндеттер айқындалады, инновацияның бәсекеге қабілетті параметрлерге модельдер жасақталады, субъектінің спецификасына байланысты нәтижелер бейімделеді және интеллектуалдық қарым-қатынастар ұйымдастырылады.

Инновация іскерлігі маркетингтік функцияларды жүзеге асыратын инновациялық қызметті реттеудің тиімді жүйесін құруды және қызмет етуді білдіреді. Кәсіпорынның инновациялық қызметтің табысты жүзеге асырылуы көп жағдайда аталмыш функциялардың біреуінен тәуелді болуы мүмкін. Алайда нарықтағы сәттілікті анықтайтын факторлар әрдайым өзгеріп отырады. Сондықтан, маркетингтің басты міндеті мұндай өзгерістерді алдын ала анықтау және бір функциядан екінші функцияға тиімді және уақытылы өтуін қамтамасыз ету. Осы негізгі функцияларын кешенді жүзеге асырылуы маркетингке бағдарланған кәсіпорындарға өндірістік және өткізу мәселелерін тиімді шешуге мүмкіндік береді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Маркетинг: Учебник / Под ред. профессора Н.П. Ващекина. - М.: ИД «ФБК-ПРЕСС», 2003. - 312 с.
2. Маркетинг по нотам: практический курс на российских примерах: учебник / Под ред. Л.А.Данченко. - М.: Маркет ДС, 2006. - 758 с.
3. Маркетинг: Учебник / Под ред. А.Н. Романова. - М.: Банки и биржи, ЮНИТИ, 1996. - 560 с.
4. Балабанов И.Т. Менеджмент. - СПб.: Питер, 2001.-304 с.
5. Инновационный менеджмент: учебное пособие /Под ред. д.э.н., профессора Л.Н.Оголевой. - М.: Инфра-М, 2001. - 238 с.
6. Бун Л., Куртц Д. Современный маркетинг. - М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2005. - 1039 с.
7. Хотяшева О.М. Инновационный менеджмент: Учебное пособие. - СПб.: Питер, 2005. - 318 с.
8. Инновационный менеджмент: Учебник для вузов /Под ред. проф. С.Д. Ильенковой. - М.: ЮНИТИ, 2003. - 343 с.
9. Основы маркетинга / Под ред. профессора Г.А. Васильева.- М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2005. - 543 с.

кандидат экономических наук, профессор

**Е.Ж.ОСПАНОВ**

кандидат экономических наук  
МКТУ им. А.Ясауи

## **О РАЗВИТИИ ВНЕШНЕЙ ТОРГОВЛИ В УСЛОВИЯХ ТАМОЖЕННОГО СОЮЗА**

Мақалада Қазақстан Республикасының сыртқы саудасында орын алған құбылыстар, оның географиялық және тауарлық құрылымы қарастырылған.

The article considers the trends in foreign trade of the Republic of Kazakhstan, the peculiarities of its country and commodity structure.

В условиях рыночной экономики внешнеторговые операции, включающие вывоз (экспорт) и ввоз (импорт), осуществляются самостоятельно предприятиями и ведомствами. Государство регулирует внешние товаропотоки, проводя определённую внешнеэкономическую политику, использует инструменты внешнеторговой политики, выбор которых зависит от ее конкретных целей. Для достижения одной и той же цели могут быть применены различные инструменты, поэтому в каждой конкретной ситуации государство выбирает то или иное их сочетание.

При проведении внешнеторговой политики используются таможенно-тарифные и нетарифные инструменты, меры защиты внутреннего рынка при импорте товаров. Зачастую в качестве инструментов используются также двусторонние и многосторонние договоры.

Тактика построения казахстанской таможенно-тарифной политики строится исходя из необходимости постоянного контроля за состоянием рынка того или иного вида продукции, быстрого и гибкого реагирования на конъюнктуру рынка, обеспечения целесообразного протекционизма.

В целом таможенно-тарифная политика Казахстана до 2010 года признавалась одной из наиболее либеральных в мире. При среднем арифметическом уровне действующих импортных таможенных пошлин 10,6 % по оценке Всемирного банка, Казахстан по либеральности торговой политики занимал седьмое место из 125 стран.

Нетарифные инструменты включают все прочие меры: антидемпинговые меры, компенсационные меры, защитные меры, запреты или ограничения, в том числе количественные, квотирование, государственная монополия на вывоз и (или) ввоз товаров, лицензирование, техническое регулирование.

С 1 января 2010 года Казахстан совместно с Российской Федерацией и Республикой Беларусь функционирует в рамках Таможенного союза. Основной задачей создания Таможенного союза является формирование единой таможенной территории, на которой в отношении товаров, происходящих с этой территории, а также товаров из третьих стран, выпущенных

**А.Ясауи университетінің хабаршысы, №3, 2011**

**Кокебаева А.М., Оспанов Е.Ж. О развитии внешней торговли в условиях таможенного союза**

в свободное обращение на ней, не применяются таможенные пошлины и ограничения экономического характера. При этом государствами-участниками применяется единый таможенный тариф и другие единые меры регулирования торговли товарами с третьими странами.

Для Казахстана страны Таможенного союза являются одними из основных партнеров, их доля во внешней торговле республики составляет 20% и за последние три года возросла на 5,6%.

В целом, динамика внешней торговли Казахстана за последние 5 лет характеризуется ростом. Если в 2006 году товарооборот составил 61,9 млрд. долларов США, то в 2010 году уровень внешней торговли увеличился на 46,5%, составив 90,7 млрд. долларов США. Для сравнения, в Российской Федерации товарооборот в 2009 году составил 469 млрд. долларов США (больше казахстанского оборота в 6,5 раз), а в Беларусь – 49,8 млрд. долларов США [1, 2].

Географическая направленность внешней торговли характеризуется преобладанием стран дальнего зарубежья. Так, удельный вес товарооборота Казахстана со странами СНГ в 2010 году составил 25,7% (или 23,3 млрд. долларов США), а доля торговли со странами дальнего зарубежья составила 74,3% (или 59,8 млрд. долларов США). Значительных изменений в структуре внешней торговли в разрезе направлений товаропотоков за последние пять лет не произошло. Среди стран основными торговыми партнерами Казахстана в 2010 году являлись страны ЕС, Россия, Китай, Украина, США.

В течение последнего десятилетия казахстанское сальдо внешней торговли является положительным в связи со значительными объемами экспорта. Так, в 2010 году сальдо составило 29,0 млрд. долларов США, увеличившись в 2 раза по сравнению с 2006 годом (14,5 млрд. долларов США), что достигнуто за счет роста экспортных поставок в страны дальнего зарубежья. При этом сальдо в торговле со странами СНГ является, напротив, отрицательным и составляет

(- 6,2) млрд. долларов США, что ниже показателей 2006 года на 14,8%.

Следует отметить, что профицит торгового баланса является благоприятным фактором для роста курса национальной валюты. Однако достигнуто оно преимущественно за счет роста объемов экспорта минерального сырья, составившего в 2010 году 74,7% от всего экспорта (таблица 1).

Таблица 1- Экспорт Республики Казахстан в разрезе основных стран -торговых партнеров в 2008-2010 г.г.

	2008		2009		2010	
	млн. долларов	в % к итогу	млн. долларов	в % к итогу	млн. долларов	в % к итогу
Всего	71 183,6	100	43 195,7	100	59 830,3	100

**А.Ясауи университетінің хабаршысы, №3, 2011**

**Кокебаева А.М., Оспанов Е.Ж. О развитии внешней торговли в условиях таможенного союза**

в том числе:						
страны СНГ	11 078,4	15,6	6 781,1	15,7	8 554,8	14,3
страны ЕврАзЭС	8 376,7	11,8	5 124,3	11,9	7 419,4	12,4
Беларусь	170,8	0,2	54,7	0,1	247,1	0,4
Кыргызстан	437,2	0,6	390,5	0,9	424,3	0,7
Российская Федерация	6 228,1	8,7	3 547,0	8,2	5 387,1	9,0
Таджикистан	268,5	0,4	240,3	0,6	259,7	0,4
Узбекистан	1 272,1	1,8	891,8	2,1	101,2	1,8
страны вне ЕврАзЭС	2 701,7	3,8	1 656,8	3,8	1 135,3	1,9
другие страны мира	60 105,2	84,4	36 414,6	84,3	51 275,5	85,7

Учитывая функционирование Таможенного союза, представляется целесообразным при анализе динамики внешней торговли отдельно рассматривать влияние этого Соглашения на параметры внешней торговли нашей страны.

Как свидетельствуют статистические данные, товарооборот Казахстана со странами- партнерами по Таможенному союзу в 2010 году составил 21,7 млрд. долларов США и возрос по сравнению с 2009 годом на 69,5%. Однако динамичный рост товарооборота, к сожалению, сопровождается возрастанием отрицательного казахстанского сальдо во взаимной торговле с партнерами: в 2009 году превышение импорта над экспортом составило 5,6 млрд. долларов США, в 2010 году – 6,9 млрд. долларов США, а за 9 месяцев 2011 года 6,4 млрд. долларов США [2, 3].

Согласно данным казахстанской таможенной статистики в 2010 году экспорт республики составил 59,8 млрд. долларов США. Рост по сравнению с 2006 годом (38,2 млрд. долларов США) на 56,5% связан с увеличением поставок в страны дальнего зарубежья (рост на 56,9%). Следует отметить, что данные страны являются основными покупателями казахстанских товаров, и на их долю которые приходится 85,7% всего экспорта (или 51,3 млрд. долларов США), в то время как доля стран СНГ в общем экспорте Казахстана составляет 14,3% (или 8,5 млрд. долларов США).

Экспортные поставки казахстанской продукции носят преимущественно сырьевой характер. Так, вывоз минерального сырья в 2010 году составляет 74,7% (44,7 млрд. долларов США), то есть наблюдается укрепление негативной структуры экспорта, имевшей место в 2007 году, когда доля минерального сырья в общем объеме экспорта составила 70,1 % (52,0 млрд. долларов США).

По данным казахстанской таможенной статистики в 2010 году экспорт Казахстана в страны Таможенного союза составил 5,6 млрд. долларов при росте на 55,6%, а за 9 месяцев 2011 года составил 5,7 млрд. долларов и возрос на 53,3 % по сравнению с тем же периодом предыдущего года [2,3]. При этом в 2010 году на долю экспорта в Россию приходится 9,0% или 5,4 млрд. долларов США, а на долю экспорта в Беларусь – 0,4% или 247,1 млн.

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №3, 2011

Кокбаева А.М., Оспанов Е.Ж. О развитии внешней торговли в условиях таможенного союза

долларов США.

К основным видам продукции, вывозимой из Казахстана в Россию относятся: руды и концентраты железные, уголь каменный, нефть сырая, искусственный корунд, элементы химические радиоактивные, прокат плоский из железа, газы нефтяные.

Таким образом, основная доля ввозимых товаров является сырьем или полуфабрикатом, используемыми для производства конечной продукции.

Основной продукцией, вывозимой из Казахстана в Республику Беларусь являются: прокат плоский из железа, ленты конвейерные или ремни приводные, ферросплавы.

Как видим, в Беларусь также преимущественно вывозится либо сырье, либо полуфабрикаты для последующей переработки.

Согласно данным казахстанской таможенной статистики в 2010 году по сравнению с 2006 годом импорт увеличился с 23,7 млрд. долларов США до 30,8 млрд. долларов США, т.е. на 30,2%. В отличие от экспортных товаропотоков импортные товаропотоки практически характеризуются сбалансированностью между странами ближнего (47,7%) и дальнего (52,3%) зарубежья (таблица 2).

Основной продукцией, ввозимой в Казахстан в 2010 году, являются: машины, оборудование и механизмы (25,0%), минеральные продукты (14,9%), драгоценные металлы и изделия из них (12,0%), средства транспорта (10,4%). Как видим, структура импорта свидетельствует о том, что в Казахстан ввозятся преимущественно готовая продукция, оборудование, транспортные средства.

Таблица 2. Импорт Республики Казахстан в разрезе основных стран - торговых партнеров в 2008-2010 г.г.

	2008		2009		2010	
	млн. долларов	в % к итогу	млн. долларов	в % к итогу	млн. долларов	в % к итогу
Всего	37 889,0	100	28 408,7	100	30 839,3	100
в том числе: страны СНГ	17 496,8	46,2	12 067,8	42,5	14 701,6	47,7
страны ЕврАзЭС	14 857,7	39,2	9 699,3	34,1	13 982,2	42,8
Беларусь	396,2	1,0	367,1	1,3	478,6	1,6
Кыргызстан	171,2	0,5	116,5	0,4	165,7	0,5
Российская Федерация	13 765,6	36,3	8 896,5	31,3	12 063,9	39,1
Таджикистан	8,6	0,0	14,8	0,1	16,6	0,1
Узбекистан	516,1	1,4	304,4	1,1	473,3	1,5
Страны вне ЕврАзЭС	2 639,1	7,0	2 368,5	8,3	1 503,3	4,9
Другие страны мира	20 392,2	53,8	16340,9	57,5	16 137,7	52,3

По данным казахстанской таможенной статистики на долю импорта из

**А.Ясауи университетінің хабаршысы, №3, 2011**

**Кокебаева А.М., Оспанов Е.Ж. О развитии внешней торговли в условиях таможенного союза**

России приходится 39,1% или 12,1 млрд. долларов США, а на долю импорта из Беларуси – 1,6% или 478,6 млн. долларов США.

Основной продукцией, ввозимой в Казахстан из России, являются: нефть сырая, нефтепродукты, трубы из черных металлов, металлоконструкции из черных металлов. Таким образом, основная доля ввозимых товаров является готовой продукцией, используемой для конечного пользования, за исключением сырой нефти, перерабатываемой на Павлодарском нефтехимическом заводе.

Из Беларуси также преимущественно ввозится готовая продукция. При этом наибольшая доля приходится на продовольственные товары (молочные, сахар), а также продукцию машиностроения.

В целом, несмотря на ограничение во многом возможности проведения полностью самостоятельной внешнеторговой политики, расширение казахстанского рынка в связи с превращением его в часть рынка Таможенного союза повышает его привлекательность для доступа иностранных товаров.

Однако, после присоединения к Таможенному союзу у нас в среднем ставки тарифов выросли в два с лишним раза. В данный момент Казахстан увеличивает таможенные пошлины, защищает производителя, но не своего, не казахстанского, а российского, потому что в основном казахстанское внутреннее потребление строится на импорте.

Согласно торговой статистике, по результатам трех кварталов 2011 года общая доля нашего экспорта в Россию составила 8,6%, а доля России в нашем импорте резко выросла – почти до 44,9% процентов, тогда как в последние годы она держалась на уровне 31–36 процентов. Это говорит о том, что растет импорт из России в Казахстан, потому что импорт всех других стран для нас однозначно подорожал в силу увеличения таможенных пошлин.

Как показал анализ, наиболее тревожной тенденцией в динамике внешней торговли нашей страны выступает сохранение сырьевой направленности экспорта с невысокой долей добавленной стоимости, ее зависимости от конъюнктуры на мировых сырьевых рынках.

Безусловно, для объективной оценки влияния происходящих интеграционных процессов требуется более продолжительное время, но сохранение отрицательных характеристик страновой и продуктовой структуры внешней торговли свидетельствует о значимости реализации Программы форсированного индустриально-инновационного развития.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. *Рамазанов Н.* Сырьевая экономика – сырьевой экспорт //Деловая неделя, 2011, 25.11.
2. «Казахстан в 2010 году». Статистический сборник. – Астана: Агентство Республики Казахстан по статистике, 2011. - С.233—243.
3. «Социально-экономическое развитие Республики Казахстан», октябрь 2011 год, [www.stat.kz](http://www.stat.kz)

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №3, 2011

**С.А.ҚАЛТАЕВА**



## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ МЕН БАСЫМДЫҚТАРЫ

В статье рассматриваются особенности и проблемы инновационного развития экономики в рамках индустриально-инновационного развития Казахстана на 2010-2014 годы.

The article deals with some peculiarities and problems of innovative development of economy in the field of industrial - innovative development of Kazakhstan for 2010-2014 years.

Қазіргі уақытта халықаралық экономикалық қатынастарда өз позицияларын нығайту стратегиясын жүзеге асыра отырып, әлемдік нарық субъектілері әлемдік шаруашылық жағдай өзгерістерін ескере отырып бәсекелік қабілеттілікті қамтамасыз ететін шарттарды белсенді қалыптастырады, өндірісті жаңартады, оның құрылымын жетілдіреді. Сондықтан да базалық салаларда қазіргі заманғы экспорттық секторды одан әрі кеңейтудің мәнділігіне қарамастан экономикалық өсудің негізгі факторы ретінде оны одан әрі дамыту, болашақта тек шикізат бағытына бағдарлану Қазақстан үшін перспективті емес. Республиканың әлемдік иерархия жүйесінде өз орнын таңдау жағдайында оның шаруашылық құрылымдарын қайта құрудың нақты жасалынған мемлекеттік стратегиясы қажет.

Қазақстанның халық шаруашылық кешенінде қалыптасқан жағдай бірқатар салалардың импортқа едәуір тәуелділігін көрсетіп отыр. Бұл валюталық ресурстардың шектеулілігі жағдайында республиканың экономикалық қауіпсіздігі үшін белгілі бір қауіп-қатер туғызады. Осыған байланысты импортты алмастыратын өз индустриясын құру мәселесі қойылады.

Жалпы әлемдік тенденциялар, яғни жоғары дамыған елдер мен транзитті мемлекеттердің индустриалды саясатына қатысты негізгі жағдайлар жаһандану, аймақтық интеграция және глобалды бәсекелестіктің өсімімен, экономикалық либералдық, ғылыми және инновациялық негізі бар қызмет ету саласындағы ЖІӨ-нің едәуір бөлігінің қалыптасуымен, экономикалық дамыған елдердегі қаржылық капитал мен интеллектуалды ресурстардың шоғырлануымен сипатталып отыр. Қазақстан да әлемдік экономикалық кеңістікке кіретін жалпы жаһанданудың барлық әсерлерін сезініп отыр деуге болады. Жаһандану процестері экономиканың мәселелерін шешуде және оның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында ұлттық экономикалық жүйенің дамуын талап етеді. Дегенмен, Қазақстанда шикізатқа мамандандуды нығайту құрылымдық өзгертулерге себепші болып, энергетикалық ресурстардың әлемдік нарықтағы конъюнктурасымен байланыстылық деңгейі сақталып, инвестицияның өсуі экономиканы модернизациялау талаптарынан қалып отыр. Бүкіл әлемдік экономикалық дағдарыс бұл мәселелерді айқындап берді. Қазақстан өнеркәсіп

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №3, 2011

Қалтаева С.А. Қазақстандағы инновациялық дамудың негізгі бағыттары мен басымдықтары

өнімдері мен қызметтерінің бәсекеге қабілеттілігінің ең үлкен шыңына қол жеткізуі үшін бәсекелік ортаны қалыптастыру, мемлекеттік қолдау шаралары жүйесін және потенциалды тұтынушылар сұранысын қанағаттандыру қабілеттілігін ынталандыру, ұлттық экспорттық бағдарламаларды дамыту, отандық тауар өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату шараларын жүзеге асыруы тиіс.

Өспелі интеграция шарттарында ұлттық экономикаға оның әсер ету деңгейі Қазақстан үшін маңызды, өйткені елдің тәуелсіздігі мен тұрақтылығы тікелей экономикамен байланысты. Республика мамандарының жүргізген зерттеулері бойынша индустриалды-инновациялық саясатты қолдануда жетекші роль мемлекетке беріліп отыр (66,7%). Мемлекеттік саясаттың әлсіз жақтарына құқықтық базаның әлсіздігі мен заңдардың дұрыс орындалмауын жатқызуға болады (50%). Әртүрлі инновациялық жобаларды дамытудағы негізгі екпін кластерлер мен технопарктердің дамуына жұмсалуды тиіс (30%). Үлкен сенім «Қазақстанның 30 корпоративтік көшбасшысы» жобасының жүзеге асырылуына беріліп отыр (60%). Сонымен қатар көптеген мамандар инновациялық саясатты жүргізуде басты рольді аймақтарға беру қажет деп ойлайды [1].

Қазақстанда ТМД елдерінің ішінде бірінші болып үш кезеңнен тұратын индустриялық – инновациялық даму стратегиясы қабылданды. Бірінші кезеңде салалық және салааралық сипаттағы 9 бағдарлама жасалып, бекітілді. Олар ұлттық инновациялық жүйені құру мен дамыту, құрылыс индустриясын дамыту бойынша бағдарламалар. “Техникалық реттеу”, “Сауда қызметін реттеу”, “Қазақстанның инвестициялық қоры туралы” тағы сол сияқты 20-дан аса заңдар қабылданды, “Инвестиция туралы”, “Арнайы экономикалық аймақтар туралы”, “Жеке кәсіпкерлік туралы” заңдарға өзгерістер енгізілді. Аталған құжаттар кәсіпкерліктің дамуы, инновацияны енгізу мен ынталандыру үшін қолайлы жағдайлар құрады. Қысқа мерзімде ұлттық экономиканың стратегиялық ірі ауқымды жобаларын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін мемлекеттік институттар жүйесі қалыптасты [2]. Стратегияны жүзеге асырудың бірінші кезеңі аяқталды. Жүзеге асыру нәтижелерін бағалауға сәйкес бірінші кезеңнің міндеттері орындалды. Стратегияны жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін құқықтық база қалыптасты, даму институттары мен қорлары құрылып, ұлттық инновациялық жүйені дамыту бойынша бағдарлама жасалды.

2006 жылы стратегияны жүзеге асырудың екінші кезеңі басталды. Екінші кезеңде ғылым мен техника жетістіктері негізінде жаңа өндірістік қуаттар орнату мәселелерін жан-жақты шешуге мүмкіндік туды. Ғылыми – инновациялық инфрақұрылым негізінен қалыптасты. Ірі, орта, шағын кәсіпорындарды дамыту, өнеркәсіпті жарақтандыру, экономикалық құрылымдарды салаландыруға бағытталған жобалар іске асырыла бастады.

Стратегияны жүзеге асырудың екінші кезеңінің міндеттерінің бірі –

**А.Ясауи университетінің хабаршысы, №3, 2011**

**Қалтаева С.А. Қазақстандағы инновациялық дамудың негізгі бағыттары мен басымдықтары**

экономиканың құрылымын әртараптандыру мен өнеркәсіпті модернизациялауға бағытталған жобаларды жүзеге асыру болып табылады. Аталған міндеттерді орындауға арнайы экономикалық аймақтар құру, индустриалдық аймақтар, кластерлер құру, «30 корпоративтік көшбасшы» бағдарламасы сияқты шаралардың бүтіндей кешені бағытталды. Елдің экономикасын әртараптандырудың негізгі критерийі өңдеу өнеркәсібі мен өнім экспорты құрылымының серпінін талдау арқылы қол жеткізген нәтижелерді байқауға болады [3]. Жаңа кәсіпорындарды іске қосу және инвестициялық жобаларды жүзеге асырудың тиімділігі тұрғысынан өңдеу өнеркәсібінің даму қорытындыларын қарастыра отырып нақты тиімді нәтиже тек химия өнеркәсібінде, машина жасау мен металлургия өнеркәсібінде орын алғандығын айтуға болады [3].

Стратегияны жүзеге асырудың алғашқы кезеңдерінде экспорт пен импорттың тауарлық құрылымы айтарлықтай өзгермеді және Қазақстан экономикасының шикізаттық сипатын дәлелдеп, экспортқа бағдарланған өндірістерді дамыту нәтижелерінің жоқтығын куәландырды.

Үшінші кезең 2011-2015 жылдарды қамтиды. Бұл кезеңде жаңа өндірістік қуаттарды игеру, жоғары қосымша құнды өнімдер өндіру, жаңа салалар мен нарықтарды дамыту көзделген.

Қазақстандағы инновациялық саясаттың басты мақсаты еліміздің тұрақты дамуына шикізаттық бағыттан кетуге ықпал етуші экономика салаларын әртараптандыру жолымен, ұзақмерзімді кезеңде сервистік-технологиялық экономикаға көшу үшін жағдайлар дайындау арқылы қол жеткізу болып табылады. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін 2010 жылдың 1-ші қаңтарынан бастап Қазақстанда үдемелі индустриалды-инновациялық дамудың бес жылдық кезеңі басталды. Бұл жоспарды жүзеге асыру шеңберінде Қазақстан 2014 жылы келесі көрсеткіштерге қол жеткізуі тиіс: ЖІӨ өсімін 2008 жылдың деңгейінен 50%-ға дейін арттыру, өңдеу өнеркәсібінде еңбек өнімділігін 50%-ға, ал экономиканың қалған секторларында 100%-ға дейін арттыру, шикізаттық емес экспорт үлесін 40%-ға жеткізу, энергосыйымдылықты 10%-ға қысқарту және инновациялық кәсіпорындардың үлесін 10%-ға дейін арттыру.

Үдемелі индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы экономика саласындағы басты стратегиялық құжат болып табылады. Жақын онжылдықтағы экономиканың тұрақты дамуы жедел әртараптандыру мен ұлттық экономиканың бәсекелік қабілеттілігін арттыру есебінен қамтамасыз етілуі тиіс. Осы мақсатпен үкімет жеті басым бағыттарды анықтады – бұл АӨК-нің дамуы, металлургия, мұнайды қайта өңдеу, энергетика, химия және фармацевтика, құрылыс индустриясы, көлік және ақпараттық коммуникация. Кейінірек тағы да бес бағыт ұсынылды: машина жасау, уран өнеркәсібі, жеңіл өнеркәсіп, туризм және космос. Жалпы экономиканы әртараптандыруды мемлекеттік қолдау қазіргі кезде макро және аймақтық

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №3, 2011

Қалтаева С.А. Қазақстандағы инновациялық дамудың негізгі бағыттары мен басымдықтары

деңгейде экономикалық саясаттың жүйелі шараларын жүзеге асыру жолымен жүргізіліп отыр. Ол өзінің алғашқы нәтижелерін де көрсетті. 2010 жылдың соңында ЖІӨ 7%-ға өсті, өнеркәсіп өндірісі 10%-ға, өңдеу секторының көрсеткіші 19%-ға ұлғайды. Қазіргі кезде 400 миллиард тенгеден астам инвестиция көлемін қамтыған 80 жоба ұсынылды. Соның ішіндегі ең ірі жоба Батыс Еуропа – Батыс Қытай халықаралық көлік байланысы болып отыр. Бұл стратегиялық магистраль Қазақстанға көлік және экспорттық потенциалды арттыруға мүмкіндік береді. 2011 жыл Қазақстан экономикасының тұрақты өсу жылы болады деп көзделуде. Әсіресе өңдеу өнеркәсібіне ерекше роль беріліп отыр. Дәл осы салада қосымша құны жоғары өнім өндіретін кәсіпорындардың саны артатын болады.

Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық саясатының басымдылықтары ретінде барлық потенциалдық бәсекеге қабілетті, оның ішінде шикізатты емес бағыттағы экономика салаларында жүзеге асырылатын экспортқа бағытталған өндірістер есептеледі. Ұзақмерзімді стратегиялық міндеттерді шешу мақсатында ерекше көңілді ғылыми сыйымдылықты және жоғарғы технологиялық өндірістерді дамытуға көңіл аудару керек.

Даму институты арқылы мемлекет бәсекеге қабілетті өнімді құрушы өндіріс жүйелерін құруға бағытталған жобаларға қосылған құндардың технологиялық және экономикалық тізбегін кезекті дамыта отырып, қатысуы керек. Бәсекелік қабілетті өнімнің барлық параметрлеріне жауап беретін соңғы өнімге жұмыс істейтін көпсалалы кәсіпорындарды құруға мүмкіндік береді.

Әлемдегі ең мықты ғалымдардың зерттеулері бойынша инновацияның дамуына қозғаушы тетік бірінші кезекте нарықтық бәсекелестік екен. Өйткені, нарық жағдайында өнім өндірушілер немесе қызмет көрсетушілер әрдайым өндірістік дағдарысты болдырмаудың жолымен тауарларын өткізетін жаңа рыноктарды іздестірумен болады. Сондықтан инновацияны бірінші болып тиімді игерген кәсіпорындар өз бәсекелестері алдында басымдыққа ие болады. Осыған байланысты қазіргі уақытта елімізге бәсекеге қабілетті өнімдерді өндіруге негізделген жаңа ақпараттық технологияларды игеру республикамыздың индустриалды-инновациялық стратегиясының басты мақсаты.

Қазақстанның мұндай маңызды қадам жасауына әлемдегі экономикалық даму қарқыны да негіз болып отыр. Осы орайда Халықаралық қор, Дүниежүзілік банк, әртүрлі трансұлттық корпорациялар сияқты институттардың осыған дейін де әлемдік экономикада билік жүргізіп келуі Қазақстан сияқты дамушы елдерге тезірек инновациялық игіліктерді игеруге түрткі болды. Елбасы Шығыс Азия елдерінде жасаған ресми сапарында осы елдердің тәжірибесін қабылдау Қазақстан үшін тиімді болатынын атап

**А.Ясауи университетінің хабаршысы, №3, 2011**

**Қайтаева С.А. Қазақстандағы инновациялық дамудың негізгі бағыттары мен басымдықтары**

көрсеткен еді. Міне, содан бері индустриалды-инновациялық стратегияға сәйкес өңдеуші саланы дамытудың алғашқы қадамдары қолға алынды. Атап айтқанда, жоғары технологиялық және ғылыми өндірістерді құру жобаларын дамыту, оларды қаржыландыру, сырттан инвестиция тартуға негізделген инвестициялық, инновациялық қорлар, даму банкі және экспорттық несиелермен инвестицияларды сақтандыру корпорациясы сияқты даму институттары құрылды. Бұл институттармен қорлар алдағы жылдардан бастап жаңа өнім түрі мен сапасына жасалған сараптамадан өткен жобаларды қаржыландырмақ.

Ғылыми-техникалық потенциал кез-келген мемлекеттің ұлттық байлығының негізі. Барлық дамыған елдер тәжірибесі көрсеткендей, экономикалық даму, көркеюдің негізгі жолы-ғылыми-техникалық және инновациялық салада көшбасшы болу. Инновациялар мен жаңалықтар экономиканың құлдырауына төтеп беріп, ғылыми-техникалық прогресстің белсенді түрде дамуына жағдай жасап, ұлттық экономиканың тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатады. Сондықтан бүкіл дүние жүзінде мемлекет тарапынан инновацияларды тиімді басқару мен ұйымдастыруға ерекше көңіл бөледі.

Индустрия салаларының құрылымын қайта құру-экономикалық өсудің деңгейіне қарай өзгеріп отыратын маңызы экономикалық және ғылыми-техникалық артықшылықтарды қалыптастыруға және еліміздің әлемдік шаруашылыққа ену қажеттілігі мен шарттарын өзгертуге мүмкіндік береді. Индустрияны дамыту үшін өндірістің тиісті технологиялық құрылымдарын қамтамасыз етуге қатысты үрдістерге мемлекеттің белсене араласуы қажет. Себебі индустрия құрылымын қайта құру технологиялық дамудың келешегімен тығыз байланысты болып келеді.

Ғылыми-технологиялық саладағы мемлекеттің ролі өте жоғары болуы тиіс. Қазақстан Республикасында ғылыми-технологиялық саясат туралы тұжырымдама қабылданған. Бұл тұжырымдама 2015 жылға дейінгі ұзақ мерзімді ғылыми даму стратегиясы болып табылады. Мұнда өндірістің дамуы ғылымға негізделуі қажет екендігі айқындалған. Қазіргі таңда бұл мәселе оңтайлы жолға қойылып келеді.

Сонымен, мемлекеттің негізгі тапсырмасы Республиканың ғылыми-техникалық потенциалының жойылуына төтеп беретін, оның дамуына ықпал етуші кәсіпорындардың инновациялық қызметін белсенді, бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін, оны дүниежүзілік ғылыми-техникалық интеграцияға қосатын жаңа ғылыми-техникалық және инновациялық саясатты басқару жүйесін қадағалап, оның тиімді жүзеге асуын қамтамасыз ету.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Қупешова С.Т.* Теория и практика инновационного процесса в переходной экономике Республики Казахстан. -Автореферат. Алматы, 2002.
2. *Тургинбаева А.* Особенности государственного регулирования индустриально-инновационного развития в Казахстане // Экономика и статистика, №4, 2006, стр. 96-99.
3. Индустриально-инновационное развитие РК. Справочный материал. [www.kazembassy.ru](http://www.kazembassy.ru)

А.ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №3, 2011

**Б.ДАНДАЕВА**

экономика ғылымдарының кандидаты, доцент

**Г.А.ЕРМАНКУЛОВА**

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

## **ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ КӨРСЕТКІШТЕРІН БАҒАЛАУ**

**В статье представлен анализ организации инновационной деятельности в стране на основе статистических показателей, характеризующих научную сферу, выполненные научно-технические работы и инновационную активность предприятий.**

**The organization of innovative activity in the country on the basis of statistical indicators of the scientific sphere of scientific and technical work and innovative activity of enterprises have been presented in the article .**

Елімізде 2003 жылдан бастап іске асырылып жатқан индустриалды-инновациялық даму Стратегиясы экономиканы әртараптандыруға және шикізатқа тәуелділіктен кетуге бағытталған.

Стратегияның алғашқы кезеңінде экономиканың орнықтылығын қамтамасыз ететін Ұлттық қор, серпінді бағыттарды іске асыруға мемлекеттің әлеуетін шоғырландыратын «Самұрық-Қазына» ҰОҚ» АҚ, әртараптандыру процесін қамтамасыз ететін даму институттары, мемлекет пен бизнестің өзара іс-қимылы мен әрекеттерін үйлестіру үшін келіссөз алаңдары сияқты индустриаландырудың базалық институционалдық негіздері, инвестицияларды ынталандырудың заңнамалық базасы құрылды.

Іске асырылған шаралардың оң нәтижелеріне мұнай-газ өндіру секторының өсуімен шарттасылған экономиканың белсенді өсуі кезеңінде экономиканың мұнайға қатысты емес секторының да барабар өсуін қамтамасыз ету, шағын және орта бизнестің одан әрі қалыптасуын қамтамасыз ету мүмкіндіктердің құрылуы жатады.

Бірақ аталған оң нәтижелерге қарамастан, әртараптандыру және инновациялық даму саясаты бірқатар жүйелі әсерлердің салдарынан толық түрде іске асырылған жоқ.

Мемлекет әртараптандыру мақсаттарына бөлген инвестициялардың көлемі жеткіліксіз әрі шашыраңқы болуына байланысты қандай да бір маңызды құрылымдық ілгерілеушілікке қол жеткізілген жоқ.

Аталған себептердің нәтижесінде экономика шикізаттық бағытталған құрылымын сақтап отыр: 2000 – 2008 жылдар кезеңінде ЖІӨ-де өңдеуші өнеркәсіп үлесі 16,5%-дан 11,8%-ға дейін қысқарды, ал кен өндіру үлесі 13%-дан 18,7%-ға өсті. Ал, жұмыспен қамтылу құрылымы еңбек әлеуетін пайдалану тиімділігінің төмендігімен сипатталады, мысалы, 2008 жылы ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін халық саны 31,5%-ды, осы сектордың ЖІӨ құрылымындағы өнімнің үлес салмағы небәрі 5,8%-ды құрады [1].

Елімізде іске асырылып жатқан индустриалды-инновациялық бағдарламалардың нәтижелерін анықтау мақсатында ғылыми сфераны, орындалған ғылыми-техникалық жұмыстарды және кәсіпорындардың

**А.Ясауи университетінің хабаршысы, №3, 2011**

**Дандаева Б., Ерманкулова Г.А. Инновациялық қызметті ұйымдастыру көрсеткіштерін бағалау**

инновациялық қызметті сипаттаушы көрсеткіштер бойынша талдау жүргізу қажет.

Әлемдік тәжірибеде инновациялық даму деңгейін сипаттау мақсатында зерттеулер мен әзірлемелерге жұмсалған ішкі шығын- дардың ЖІӨ-ге қатынасы арқылы анықталатын ЖІӨ-нің ғылыми сымдылығы көрсеткіші қолданылады.

Кесте 1. Қазақстан Республикасында ғылыми сфераның 2005-2009 жылдардағы жағдайы мен дамуының негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2005	2006	2007	2008	2009	2009 жыл 2005 жылға %
Жалпы ішкі өнім, млрд теңге	7590,6	10213,7	12849,8	16052,9	17007,6	224,9
Зерттеулер мен әзірлемелерге жұмсалған ішкі шығындар қолданыстағы бағада, млн. теңге	21527,4	247999,9	26836,0	34761,6	38988,7	181,1
Жалпы ішкі өнімге пайызбен	0,28	0,24	0,21	0,22	0,23	
Зерттеулер мен әзірлемелерді орындаған ұйымдар саны	390	437	438	421	414	106,1
Зерттеулер мен әзірлемелермен айналысатын персонал саны, адам	18912	19563	17774	16304	15793	83,5
Ескерту – деректердің көзі: «Қазақстанның 2005-2009 жылдардағы ғылыми және инновациялық қызметі», Статистикалық жинақ/Астана, 2010, 10 бет						

1 кестенің мәліметтері көрсеткендей, өткен бес жылдықта зерттеулер мен әзірлемелерге жұмсалған ішкі шығындардың көлемі 21527,4 млн. теңгеден 38988,7 млн. теңгеге дейін, немесе 81,1%-ға өскен. Бірақ бұл қарқын жалпы ішкі өнімнің 124,9%-ды құраған қарқынынан төмен болған. Жалпы ішкі өнімнің озынқы қарқынмен өсуіне байланысты зерттеулер мен әзірлемелерге жұмсалған ішкі шығындардың ЖІӨ-ге қатынасы 0,28 %-дан 0,23 %-ға дейін төмендеген. Бұл көрсеткіш бойынша, яғни ЖІӨ-нің ғылыми сымдылығы көрсеткіші бойынша еліміз дамыған елдердің деңгейінен ( 2 - 4 %) 10-15 есеге артта қалуы сақталуда.

Өткен бес жылдықта ғылым саласының қанағаттанарсыз дамуын зерттеулер мен әзірлемелерді орындаған ұйымдар саны бар болғаны 6,1%-ға өсуі, ал зерттеулер мен әзірлемелермен айналысатын персоналдың саны және соның ішінде зерттеушілердің саны шамамен 16,0%-ға азаюы дәлелдейді.

Орындалған ғылыми-техникалық жұмыстардың көлемі 2009 жылы 46826,6 млн. теңгені құрап, өсуі 124,9%-ды құраған ЖІӨ-нің және өсуі 81,1%-ды құраған зерттеулер мен әзірлемелерге жұмсалған ішкі шығындардың қарқынынан едәуір төмен болып, бар болғаны 58,2%-ға ғана өскен (кесте 2).

Сонымен қатар орындалған ғылыми-техникалық жұмыстардың құрылымы да ғылыми-техникалық қызметтердің жеткіліксіз үлесімен сипатталады. Жан басына шаққанда орындалған ғылыми-техникалық жұмыстардың мөлшері 2009 жылы шамамен 20 АҚШ долларын құрап дамыған елдер көрсеткіштерінен тым төмен деңгейде болып отыр.

Отандық кәсіпорындардың инновациялық белсенділігіне талдау жүргізетін болсақ, ең алдымен инновациялық қызметпен айналысатын кәсіпорындардың

**А.Ясауи университетінің хабаршысы, №3, 2011**

**Дандаева Б., Ерманкулова Г.А. Инновациялық қызметті ұйымдастыру көрсеткіштерін бағалау**

саны өткен бес жылдықтың ортасында 174-ке, немесе шамамен 1,5 есеге көбейіп соңғы екі жылда 127-ге, немесе шамамен 36 %-ға азайғаны, 2005-2009 жылдар аралығында бар болғаны 47-ға көбейгені, яғни инновациялық қызмет саласында тұрақсыздық орын алып тұрғаны анықталады.

Тиісінше, инновация сааласындағы белсенділік деңгейі 3,4 %-дан 2006-2007 жылдарда 4,8 %-ға дейін көтеріліп, талданып отырған кезеңнің соңғы екі жылында 4,0 %-ға дейін төмендеп, нәтижесінде бес жыл аралығында бар болғаны 0,6%-ға ғана өскен.

Ал, инновациялық үрдістердің нәтижесі мен тиімділігін сипаттаушы көрсеткіш инновациялық өнімдерінің ЖІӨ-дегі үлесі өткен бес жылдықта 3 есе төмендеген және 2009 жылы бар болғаны 0,49 %-ға ғана құраған.

*Кесте 2. Қазақстан Республикасында ғылыми-техникалық орындаудың 2005- 2009 жылдардағы жағдайы мен дамуының негізгі көрсеткіштері.*

Көрсеткіштер	2005	2006	2007	2008	2009	2009 жыл 2005 жылға %
Орындалған ғылыми-техникалық жұмыстардың көлемі, млн. теңге	29591,3	35571,6	37041,8	49778,7	46826,6	158,2
%	100	100	100	100	100	
соның ішінде: зерттеулер мен әзірлемелер көлемі, млн. теңге	27450,9	33057,1	32220,2	40172,5	36998,4	134,8
%	92,8	92,9	87,0	80,7	79,0	
ғылыми-техникалық қызметтер көлемі, млн. теңге	2140,4	2514,5	4821,6	9606,2	9828,2	459,2
%	7,2	7,1	13,0	19,3	21,0	
Жан басына шаққанда орындалған ғылыми-техникалық жұмыстардың көлемі, мың теңге	1,9	2,3	2,9	3,1	2,9	152,6
Ескерту – деректердің көзі: «Қазақстанның 2005-2009 жылдардағы ғылыми және инновациялық қызметі», Статистикалық жинақ/Астана, 2010, 33 бет						

Талдау нәтижесінде еліміздің инновациялық даму барысында өткен бес жылдықта орын алған келесі жағымсыз жағдайлар анықталды:

- ЖІӨ-нің ғылыми сыймдылығы көрсеткіші бойынша ешқандай ілгерілеушілікке қол жеткізілмей, дамыған елдерден артта қалуы сақталып келе жатыр;

- орындалған ғылыми-техникалық жұмыстардың көлемі ЖІӨ-нің көлемінің және зерттеулер мен әзірлемелерге жұмсалған ішкі шығындардың қарқынынан едәуір төмен қарқынмен өскен;

- жан басына шаққанда орындалған ғылыми-техникалық жұмыстардың мөлшері тым төмен деңгейде болып отыр;

**А.Ясауи университетінің хабаршысы, №3, 2011**

*Данаева Б., Ерманкулова Г.А. Инновациялық қызметті ұйымдастыру көрсеткіштерін бағалау*



- инновациялық қызметпен айналысатын кәсіпорындардың саны соңғы бес жылдықта көбею мен азаюды кіріктіретін тұрақсыз динамикамен сипатталады;

- ғылыми-зерттеу, жобалау-конструкторлық бөлімшелердің санында тұрақсыздық тенденциясы орын алған.

Индустриалды- инновациялық стратегияны іске асыру барысында орын алған кемшіліктер мен жағымсыз тенденцияларды, еліміздің келешектегі әлеуметтік-экономикалық даму мақсаттарды және қазіргі таңдағы жаһандық экономикадағы үрдістерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының үдемелі индустриялық-инновациялық дамуының 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдаламасы (ҮИИД) қабылданды.

Қазақстан экономикасы дамуының қазіргі кезеңінде индустриаландырудың ең қолайлы стратегиясы ретінде болып шикізаттық өндірістерді жоғары бөліністерге ауыстырумен шикізат секторына негізделген «дәстүрлі мамандандыру» стратегиясы көрсетілген [1].

Дәстүрлі мамандандыру секторлары мен қалған экономика арасындағы тұрақты байланыстар оларға сервистік қызмет көрсету арқылы даму мүмкіндіктеріне ие болатын бірқатар қосымша салаларды қалыптастыруға ықпалын тигізеді. Нәтижесінде, шикізаттық сектор кәсіпорындарының жанында шағын және орта бизнес кластерлерін қалыптастыруға қолайлы жағдайлар пайда болады.

Индустриаландыру саясатының табысты іске асырылуы келесі негізгі шарттарды талап етеді: өндіріс факторлары өнімділігінің өсуі; ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету; өсудің жоғарғы әлеуеті мен жоғарғы экономикалық белсенділікке ие қалалар мен аумақтарды дамытудағы дәлме-дәл әдіске ауысу; бизнес пен мемлекеттің күш-жігерін экономиканың басым секторларын дамытуға шоғырландыру, олардың тиімді институттары мен өзара әрекет ету тетіктерін қалыптастыру.

Біздің пікірімізше, ағымдағы кезеңде орын алған жағдайлар және келешекте белгіленген мақсаттар мен міндеттер инновациялық қызметке қатысушы субъектілердің өзара тығыз әрекеттесуін қамтамасыз ететін бұл қызметті ұйымдастырудың қолайлы нысандарын іздестіруді талап етеді.

Осыған орай инновациялық үрдістердің интерактивтік үлгісіне инновациялық қызметті ұйымдастыруда экономика тұрғысынан маңызды субъектілер арасында пайды болатын қатынастарды есепке алуға негізделген инновациялық орта жүесінің үлгісі қалыптастыру маңызды болып табылады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының үдемелі индустриялық-инновациялық дамуының 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдаламасы. -Астана: 2010, 10-11 бет.
2. «Қазақстанның 2005-2009 жылдардағы ғылыми және инновациялық қызметі», Статистикалық жинақ. -Астана: 2010, 10,33,46 бет.

## ПОДДЕРЖКА АПК – ВАЖНОЕ УСЛОВИЕ ОБЕСПЕЧЕНИЯ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ ОТРАСЛИ

Мақалада ауылшаруашылық өндірісінің дамуында агроөнеркәсіп кешенінің ролі және саланың бәсеке қабілеттілігін қамтамасыз етудің шарты ретінде агроөнеркәсіп кешенінің мемлекеттік қолдау қажеттілігі қарастырылған.

This article deals with the role of agro industrial complex in the field of economics and its supporting by the state as necessary condition of competitive increasing of this branch.

Агропромышленное производство Казахстана располагает значительным потенциалом, позволяющим производить высококачественную конкурентоспособную сельскохозяйственную продукцию и продовольствие. Итоги развития сельского хозяйства страны за последние годы показывают, что в результате формирования рыночного механизма хозяйствования повышается эффективность сельскохозяйственного производства т.е. возрастает урожайность сельскохозяйственных культур, продуктивность животных и, вследствие этого, наметилась тенденция увеличения рентабельности производимой продукции. Так в 2011 г. собран самый большой за последние пять с половиной десятилетий урожай зерновых – почти 30 млн. тонн, в том числе 25 млн.– пшеницы. Показатель урожайности побил все прежние рекорды, начиная с первых лет поднятия целины,- он составил 18 центнеров с гектара. Эти достижения связаны: во-первых с героическим трудом наших фермеров всегда опиравшихся на поддержку государства. Она существенна, следует отметить, что только за последние пять лет из республиканского бюджета на развитие аграрного сектора выделено 670 млрд. тенге. В 2009 году в самый разгар мирового кризиса из Национального фонда направлено 120 млрд. тенге на реализацию инвестиционных проектов [1]. Благодаря постоянному вниманию развитию села этот сектор экономики благополучно «обошел» кризис. Напротив ощущались только положительные аспекты – активно шла реализация «дорожной карты», строились дороги, ремонтировались школы, больницы. В условиях мирового кризиса, в 2009 году рост сельскохозяйственной отрасли составил 9% и по некоторым данным в нынешнем 2011 году объем продукции отрасли увеличится более чем на 20%. Выступая на форуме аграрников в ноябре текущего года глава государства Нурсултан Абишевич Назарбаев подчеркнул, что столь высокая результативность в сельском хозяйстве является показательным, что половина площадей была рассеяна и убрана высокопроизводительной новейшей техникой. На более чем 70% всех посевов использовались влагосберегающие технологии. Она сберегает не только влагу, но и богатство наших недр, плодородные почвы.

В настоящее время в Казахстане работает 185 тыс. крестьянских и фермерских хозяйств, 9 тыс. крупных и средних предприятий. В них трудится

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №3, 2011

Успанова Г. Поддержка АПК – важное условие обеспечения конкурентоспособности отрасли

примерно одна треть занятого населения. Их трудом создается до 7% национального богатства страны. Важным фактором успехов сельчан является прочная правовая основа аграрного сектора – закон о земле, в котором справедливо решен вопрос о частной собственности на нее. Принята нормативно-правовая база, создавшая основу деятельности сельского хозяйства. Постоянная работа и поддержка села государством, позволило Казахстану войти в десятку ведущих мировых экспортеров пшеницы.

В 2010 году на внешние рынки республика поставила порядка 9 млн. тонн зерна. Потенциальная способность в текущем году достигает 15 млн. тонн. Кроме того, уже на протяжении пяти лет подряд наша страна занимает лидирующие позиции по экспорту муки на мировой рынок.

В целях дальнейшего экономического роста и обеспечения его устойчивости необходимо совершенствование рыночного механизма хозяйствования в сельском хозяйстве. Рыночный механизм, являясь частью экономического механизма, включает следующие элементы: цены, спрос, предложение, конкуренцию, производственную и социальную инфраструктуру рынка.

Формирование экономического механизма рыночного типа в агропромышленном производстве практически определяет успех реформирования всей экономики.

Рыночная экономика предполагает развитие конкуренции. Развитию последней в республике имеются определенные предпосылки: во-первых, наличие законов, которые способствуют формированию предпринимательства. Во-вторых, процесс приватизации создал условия возникновению конкурентных рынков. В-третьих, потенциально внутренние рынки открыты для иностранных предпринимателей. В-четвертых, в республике создана база антимонопольного законодательства.

За время работы в условиях рыночных отношений в агропромышленном комплексе Республики Казахстан возникла ситуация, когда одновременно имеем дело с конкретным рынком сельскохозяйственной продукции и монопольным положением перерабатывающих предприятий и компаний по производству производственно-технического обеспечения.

В результате, вместо того, чтобы сельским товаропроизводителям конкурировать друг с другом за снижение издержек производства и рынка сбыта, им приходится объединяться через кооперацию. Защищая свои права, товаропроизводители возвращают прибавочный продукт в основное производство, и тем самым, способствуют решению проблемы эквивалентного межотраслевого обмена сельского хозяйства и промышленности.

Действующее законодательство Республики Казахстан представляет предприятиям полную свободу в вопросах планирования, организации производства, реализации продукции, формирование финансовых ресурсов и

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №3, 2011

Успанова Г. Поддержка АПК – важное условие обеспечения конкурентоспособности отрасли

внешнеэкономической деятельности.

Эффективный механизм управления должен охватывать все сферы агропромышленного комплекса и его объектами должны стать субъекты сельскохозяйственного производства.

Для формирования действенного экономического механизма управления агропромышленным комплексом в настоящее время имеются определенные предпосылки. Таковыми являются - рыночные законодательства, либерализация цен, приватизация государственной собственности, финансово-кредитная политика по стабилизации темпа, становление рыночной инфраструктуры.

В этих условиях, основой единого экономического механизма АПК должны стать сельскохозяйственные товаропроизводители.

Принятый экономический механизм должен способствовать рентабельной работе субъектов. Этого можно достичь двумя способами: первый способ – государство само решает проблемы по становлению рыночной инфраструктуры, включая материально-техническое обеспечение, сбыт, маркетинг, контролирует и регулирует монополистов, осуществляет дотацию сельскохозяйственных предприятий, решает социальные вопросы села. Второй вариант – это своеобразная «самопомощь» сельскохозяйственных товаропроизводителей через кооперацию. В организационно-правовой форме могут выступать кооперативы, строящиеся на выработанных мировой практикой принципах, с учетом особенностей наиболее приемлемые для Казахстана следующие:

- Фермеры объединяются на основе принципа добровольности.
- Демократический контроль, который осуществляются членами хозяйства.
- Участие членов в экономике хозяйства.

Кооперативы - это добровольные организации, которые должны быть открыты для всех людей, кто в состоянии пользоваться услугами кооператива и нести ответственность, связанную с членством.

Между тем в настоящее время на селе, особенно на юге страны, возникает проблема, связанная с укрупнением крестьянских хозяйств, хотя практика убеждает в необходимости объединения мелких хозяйств.

Необходимо создание эффективного экономического механизма функционирования агропромышленного комплекса как единой системы, способной, при косвенном регулировании со стороны государства, устранять все противоречия между всеми сферами АПК при доминирующей роли сельскохозяйственного производства в силу своей специфичности и стратегического значения.

При этом из всех формальных институтов наиболее приемлемой формой для объединения усилий и средств сельскохозяйственных товаропроизводителей в рамках аграрно-промышленного комплекса являются

**А.Я с а у н и в е р с и т е т і н і ь х а б а р ш ы с ы, №3, 2011**

**Успанова Г. Поддержка АПК – важное условие обеспечения конкурентоспособности отрасли**

производственные кооперативы, товарищества, а также сельскохозяйственные потребительские кооперативы. Эффективный экономический механизм - это оптимальное сочетание рыночного и государственного регулирования через все составляющие этого механизма - рыночную инфраструктуру, финансово-кредитную систему, ценообразование, маркетинг и собственность.

Аграрная политика государства должна быть направлена на создание условий для развития и становление рыночной инфраструктуры села.

В этих целях, целесообразно на наш взгляд, сосредоточить усилия на организации машино-технических станций, пунктов проката сельскохозяйственной техники и оборудования. Развивать сеть оптово-продовольственных рынков и сети заготовительных организаций.

Усилить стимулы направленные на объединение сельскохозяйственных товаропроизводителей.

В ежегодном Послании (январь 2010 г.) главы государства народу Казахстана говорится, что из-за низкой производительности труда наша страна отстает от развитых стран, если смотреть по экономике в целом, приведенные показатели, по производству продукции одного работника в год соотношении составляют 17 тыс. долл. к 90 тыс. долл., соответственно.

Выход из этой ситуации возможен в повышении производительности труда и внедрении инноваций, так как только инновации могут дать резкий рост эффективности труда.

Правительство разработало Государственную программу форсированного индустриально-инновационного развития и детальную Карту индустриализации страны. «Индустриальное развитие - это наш шанс в новом десятилетии, новые возможности для развития страны. Казахстан будет успешной индустриальной державой...» - отметил президент в своем Послании народу Казахстана.

Важным сегментом диверсификации является развитие агропромышленного комплекса. Основным направлением его развития является рост производительности труда. В Послание главы государства народу четко отмечено, что производительность труда у нас в сельском хозяйстве самая низкая и составляет около 3 тысяч долларов на одного занятого в год, в то время как в развитых странах этот показатель составляет 50-70 тысяч долларов. В связи с этим к 2014 году планируется повысить производительность труда в 2 раза. Решение этой задачи видится в аграрно-индустриальной диверсификации, которая предусматривает резкий рост переработки сельхозсырья, новое оборудование, новые технологии и подходы в сельском хозяйстве, использование мирового опыта и внедрение его в наше сельское хозяйство.

По предварительным подсчетам для обеспечения продовольственной безопасности страны к 2014 году более 80% внутреннего рынка продовольственных товаров должны составить отечественные продукты питания [2].

*А.Ясауи университетінің хабаршысы, №3, 2011*

*Успанова Г. Поддержка АПК – важное условие обеспечения конкурентоспособности отрасли*

Государственная поддержка является составной частью аграрной политики

и позволяет существенным образом смягчить последствия неэквивалентности в товарообмене сельского хозяйства с другими отраслями экономики, обеспечить эффективное функционирование агропромышленного производства Казахстана в целом. Развитые страны, где государственные органы управления выделяют значительные финансовые средства на поддержку сельского хозяйства, стимулируя модернизацию техники и технологий агропромышленного производства, добились высоких результатов в продовольственном обеспечении населения.

Защита внутреннего рынка от внешней экспансии также является важным рычагом поддержки отечественных товаропроизводителей.

Таким образом, государственная поддержка является неотъемлемой частью государственного регулирования и представляет собой совокупность различных рычагов и методов, льготного и безвозмездного финансирования наиболее ущемленных в экономическом отношении субъектов аграрии.

Теория и практика убедительно доказали, что сельское хозяйство в силу своей специфики, то есть высокой зависимости от природных условий, наличия постоянных рисков, высокой фондоемкости, а также особенностей функционирования продовольственного рынка, требует постоянного вмешательства государства.

Инициативы Главы государства, направленные на дальнейшее развитие сельского хозяйства, прозвучали с площадки республиканского форума работников АПК, состоявшегося 11 ноября 2011 года в центральном концертном зале «Казахстан». Они направлены на внедрение инновационных подходов в отрасли, повышение производительности труда и конкурентоспособность страны.

Одновременно Нурсултан Абишевич Назарбаев в ходе форума поставил ряд задач для вывода сельскохозяйственной отрасли на новые рубежи. Во-первых Правительству дано задание разработать пошаговую «дорожную карту» перехода на новые механизмы господдержки аграрного сектора, в том числе, животноводства и перерабатывающей промышленности. Вместе с тем Президент подчеркнул, что сельское хозяйство должно быть инновационным, в этом направлении он отметил необходимость льготного кредитования предприятия сельского хозяйства для приобретения техники и другого оборудования. Особо заметил, что ключевой задачей является создание эффективных мер стимулирующих фермеров к внедрению агроинноваций. Реализация отмеченных мер позволит поднять конкурентоспособность сельскохозяйственного производства Казахстана на более высокие ступени.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Развитию аграрного сектора – всестороннюю поддержку //Казахстанская правда. 12 ноября 2011 года.
2. Назарбаев Н.А. «Новое десятилетие - новый экономический подъем – новые возможности Казахстана //Казахстанская правда, 30 января, 2010 года.

**А.Ясауи университетінің хабаршысы, №3, 2011**

**Г.Р.МОМБЕКОВА**

А.Ясауи атындағы ХКТУ-нің PhD докторанты

## ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ӨНДЕУШІ ӨНЕРКӘСІП САЛАСЫНЫҢ ДАМУ БАСЫМДЫҚТАРЫ

В статье рассматриваются вопросы приоритетного развития перерабатывающей отрасли промышленности Южно-Казакстанской области.

The priority of developing processing industries of South-Kazakhstan area has been considered.

Өнеркәсіп саласын қалыптастыру мен дамытудың негізі әлеуметтік-экономикалық әлеуетті арттырып, нарықтық қатынастарды дамыту болып табылады. Оңтүстік Қазақстан облысындағы нарықтық қатынастардың бүгінгі таңдағы даму жағдайын талдай отырып, өндіріс саласы әлеуетінің алға дамып, әлеуметтік-экономикалық жағдайдың жақсарып келе жатқанын көре аламыз.

Қазақстан Республикасының “Қазақстан-2030” ұзақ мерзімді бағдарламасы мен 2015 жылға дейінгі индустриялық-инновациялық даму стратегиялық жоспарына сәйкес өнеркәсіптердің ілгері дамып, бүкіләлемдік қауымдастық алдында беделі өсіп келеді. Сонымен қатар, экономикалық жаңа талаптарға сай өңдеуші және өндіруші өнеркәсіпті, өндірістік инфрақұрылымды, агроөнеркәсіп секторларын дамытуға, бәсекелестік қабілетін арттыруға, экономиканың жоғары өсіміне қол жеткізуге аса ден қойылуда.

Олай болса, өнеркәсіптік саясат стратегиясы экспорттық-бағыттық өңдеуші өнеркәсіп өндірісін қалыптастыруға арналған және облыстың өнеркәсібінің салалық құрылымдарын реформалаудың маңызды бағыттары ретінде мыналар болып табылады:

- ауыл шаруашылығы шикізаттарын қайта өңдеу, тұрғындарды азық-түлік және халық тұтыну тауарларымен қамтамасыз ету бойынша көп еңбек етуді қажет ететін салалар мен өндірісті жеделдете дамыту;

- минералды-шикізаттық ресурстар мен ауыл шаруашылығы шикізаттарын пайдалануға негізделген өндірістік қуатты салаларды барынша толық пайдалануды қамтамасыз ету;

- экспорттық өнімдер шығаруға бағытталған салалардың басымдық дамуын және агроөнеркәсіптік кешен қажеттіліктері мен басқа да қажетті машиналар, құрал-жабдықтар, аппараттар жүйесі кешендерін қамтамасыз ету.

Алайда, Оңтүстік Қазақстан облыстың өндірістік құрамындағы өңдеу саласы қызметінің басқа салаларға қарағанда баяу дамуы тәжірибеде қаншама жылдардан бері қалыптасып келе жатқан шикізаттарды толық өңдеу технологияларының жеткіліксіздігіне, осы саланың дамуы және халық тұтынатын тауарлар деңгейі сұраныстарға сәйкес келмеуіне, қызмет көрсететін

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №3, 2011

Момбекова Г.Р. Оңтүстік Қазақстан облысындағы өңдеуші өнеркәсіп саласының даму басымдықтары

салалардың дамуына кері әсерін тигізді. Соңғы бес жылдың ішінде өнеркәсіп салаларының өсу жылдамдығы мен құрылымдық өзгерістері орын алды.

Қазақстан аймақтарының, соның ішінде Оңтүстік Қазақстан облысында өнеркәсіптегі өндіру салалары алға дамып келеді, өңдеу салаларын дамытуға күш салынууда, соның нәтижесінде шаруашылықтың материалдық-техникалық базасын нарықтық сұранысқа сай тауарлар мен қызметтерді өндіру негізінде жаңартуда. Егер бұрынғы кезде өңдеу салаларындағы негізгі үлес салмағы 60%-дан астамы алғашқы қайта өңдеу өнімдерін шығаратын салаға тиісті болса, онда қазіргі кезде бірінші жоспарға екінші өңдеуден шығарылатын салалар алға шығып отыр. Бұл азық-түлік және ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу, тоқыма және тігін саласы, минералды өнімдер өндірісі болып отыр.

Сонымен, Оңтүстік Қазақстан облысының өнеркәсіп, өндіріс салаларының кешені, негізінен, жеңіл және тамақ өнімдерін өндіруге мамандандырылған, бұл аймақтың әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешудің алғышарты болып табылады.

2009 жылғы мәліметтерді қолдану негізінде Оңтүстік Қазақстан аймағының экспорттық негізгі өнімдері мыналар болып табылады:

- тоқыма және тоқыма-мата бұйымдары;
- былғары шикізатынан жасалған бұйымдар;
- минералды өнімдер;
- химиялық және соған байланысты өнеркәсіп салаларының өнімдері;
- өсімдік өнімдері;
- жануарлардан немесе өсімдіктен алынған майлар, оларды ыдыратудан алынған өнімдер.

Кейбір тауарлық топтардың экспортқа шығарылған өнімдері бойынша (мәселен, тамақ өнімдері) Оңтүстік Қазақстан облысы басқа облыстар арасында алдыңғы орын алып келе жатқанына қарамастан, импорт өнімдері экспорттан басым болып табылады. Экономиканы дамытудың қазіргі сатысынан туындайтын басымдықтардың бірі индустриалды-инновациялық даму стратегиясында ұлттық өнеркәсіптің, соның ішінде аймақтық өнеркәсіптің бесекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады [1,6].

Әйтесе де, 2009 жылы облыстың өнеркәсіп кәсіпорындарында қолданыстағы бағамен 247706,7 млн. теңгенің өнімі өндіріліп, 2008 жылмен салыстырғанда нақты көлем индексі – 106,6% құрады.

Кен өндіру өнеркәсібінде 53560,1 млн. теңгенің өнімі өндірілді, бұл 2008 жылымен салыстырғанда 53,4%-ға артық.

Қазіргі уақытта, еліміздің экономикалық бағытын өндіру салаларын басымды дамыту саясатынан өнеркәсіптің өңдеу және қайта өңдеу, бірінші кезекте ғылыми-техникалық әлеуетін қарқынды ұлғайту жолына қарай түпкілікті өзгерту жұмысы жүргізіліп келеді.

Өңдеу өнеркәсібі облыс бойынша өнеркәсіптік өндіріс көлемінің 68,3%


*А.Ясауи университетінің хабаршысы, №3, 2011*

*Момбекова Г.Р. Оңтүстік Қазақстан облысындағы өңдеуші өнеркәсіп саласының даму басымдықтары*

құрады және тұтастай алғанда өнеркәсіптің жұмыс қорытындысына да елеулі



әсерін тигізді. Сала кәсіпорындарымен 169183,3 млн. теңгенің өнімі өндірілді, бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 104,5% құрады (Сурет 1).



Сурет 1. 2009 жылдың қорытындысы бойынша өнеркәсіп салаларының құрылымы

Сонымен қатар, өнеркәсіп жағдайының талдауы көрсеткендей өнеркәсіп өнімі өндірісінің көлемінде оң қарқын байқалды.

Тамақ өнімдерін өндіру 85319,9 млн. теңгені, сондай-ақ, өткен жылмен салыстырғанда 115,1% құрады.

Целлюлоза-қағаз өнеркәсібі; баспа ісі саласында 2265,2 млн. теңгеге өнім өндірілді және 2008 жылмен салыстырғанда 3,0 есеге өсті.

Резина және пластмасса бұйымдарын өндіруі 3717,2 млн. теңгені құрады және 35,7% жоғарылады.

Сонымен бірге, өнеркәсіп өнімінің өндірісінде келесідей төмендеулер байқалуда:

Химия өнеркәсіп өндірісінде 8882,6 млн. теңгеге өнім өндірілді және 12,9%-ға төмендеген.

Тоқыма және тігін өнеркәсібінде 7230,4 млн. теңгеге өнім өндірілді және 78,6% құрады. Оның ішінде: «Меланж» АҚ-ның 25,1% өндіріс кеміген, «Ютекс» АҚ – 35,2%-ға (шығарылатын өнім түрінің жылжуынан), «Восход Фирмасы» ЖШС - 59,9%-ға (жұмыс көлемінің шектелуінен) кеміген.

Мұнай және ядролық өнімдерінің өндірісінде 28086,2 млн. теңгеге өнеркәсіп өнімі шығарылды және 99,4% құрады. Өндірістің кемуі негізінен мұнай өнімдерін кем (6,9%-ға) өндіруінен болды.

Металлургия өнеркәсібі және дайын бұйымдарын өндіруде 4718,2 млн.теңгеге өнім өндірілді бұл 87,2% құрады. «Южполиметалл» ӨК» АҚ тазартылған қорғасын өндірісінің 81,4%-ға кемуі шикізаттың және жеке айналым қаражатының жетіспеушілігінен болып отыр.

Машина жасау саласында жыл басынан бері 11761,0 млн. теңгеге өнім өндірілді, бұл 2008 жылдың деңгейінен 7,5%-ға төмендеген. «Карданвал» АҚ – 81,8%-ға (жеке айналым қаражатының жетіспеушілігі), «Трансформатор зауыты» АҚ – 21,6%-ға (жұмыс көлемінің шектелуінен) төмендеген.

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №3, 2011

Момбекова Г.Р. Оңтүстік Қазақстан облысындағы өңдеуші өнеркәсіп саласының даму басымдықтары

Облыс бойынша 11 аудан мен қалада өнеркәсіп өнімдерінің нақты көлем

индексінің өсуі байқалды. Өнімдерінің нақты көлем индексінің аса көп өсуі – Созақ ауданында (62,7%) бұл - уран рудаларын өндіруші кәсіпорындар есебінен («Ыңғай» БК» ЖШС, «Катко» БК» ЖШС, «Таукен химиялық комбинат» ЖШС және т.б), Қазығұрт ауданында (17,0%) бұл ұн, кептірілген нан және кондитерлік өнімдерін өндіруші «Айко и К» ЖШС есебінен, Төлеби ауданында (19,5%) «ФудМастер-Шымкент» ЖШС, «Балмұздақ» ЖШС, «Ақмаржан ЛТД» ЖШС есебінен, Отырар ауданында (18,8%) уран рудаларын және ет пен ет өнімдерін өндіруші кәсіпорындар есебінен, Сайрам ауданында (10,2%) «Арай» ЖШС, «Сайрам сүт» ЖШС есебінен және Арыс қаласында (23,6%) құм өндіруші «Алтын-құм» ЖШС және ет пен ет өнімдері, сүт өнімдерін өндіруші кәсіпорындар есебінен өсуі байқалады.

Сонымен қатар, Түлкібас (9,7%), Кентау (5,6%), Сарыағаш (8,0%), Мақтарал (4,8%) қала, аудандар өнімдерінің нақты көлем индексі төмендеген. Индексінің төмендеу себебі: Түлкібас ауданында өндірілген ұн көлемінің өсу қарқыны 20,1 пайызға, цемент – 28,5 пайызға, әк – 47,8 пайызға, тауарлық бетон – 44,0 пайызға кеміді; Кентау қаласында трансформаторлар – 28,8 пайызға төмендеді; Сарыағаш ауданында мақта талшығы – 27,8 пайызға, минералды және газды сулар – 14,5 пайызға өсу қарқындары кеміді, Мақтарал ауданында мақта өңдеуші зауыттар бойынша өнім өндіру көлемінің кеміп кетуі (88,4%) шикізаттың жетіспеушілігіне байланысты болып отыр.

Отандық өңдеуші өнеркәсіптердің өнімділігі мен бәсекеге қабілеттігін арттырудағы табыстың анықтаушы факторы ретінде инновациялық қызмет, отандық және шетелдік ғылыми-техникалық және технологиялық әлеуетті пайдалану және соның негізінде бәсекеге қабілетті өндірісті құру болып табылады.

2009 жылдың басынан тоқтап тұрған және жаңа кәсіпорындардың ашылуы, өндірістің кеңеюі есебінен облыстың 33 ірі және орта өнеркәсіп кәсіпорындарында 1346 жұмыс орны ашылды.

- тоқтап тұрған кәсіпорындардың іске қосылуы есебінен 2 кәсіпорында 33 жұмыс орны ашылды;
- жаңа кәсіпорындардың және өндірістердің енгізілуі есебінен 16 кәсіпорында 941 жұмыс орны ашылды;
- өндірістің кеңеюі есебінен 15 кәсіпорында 372 жұмыс орны ашылды;

Оңтүстік Қазақстан облысының «2009-2011 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарындағы» кәсіпорындарға жүргізген талдау бойынша облыста 35 шешілмеген мәселелері бар және 6 келешегі жоқ кәсіпорындар анықталған болатын. Бұл кәсіпорындарда айналымдағы қаржының жетіспеушілігі, шығарылатын өнімге деген сұраныстың болмауы, ескірген технологиялар, бәсекелестіктің төмен болуы, шикізаттың жетіспеушілігі, шығарылған өнімді өткізе алмауынан туындаған мәселелер болатын. Қазіргі таңда бұл 35 кәсіпорындардың бүгінгі таңда 14 тұрақты жұмыс істей бастады, 7 әлі де болса кемшіліктері болсада, өз жұмыстарын жалғастыруда

**А.Ясауи университетінің хабаршысы, №3, 2011**

**Момбекова Г.Р. Оңтүстік Қазақстан облысындағы өңдеуші өнеркәсіп саласының даму басымдықтары**

ал 14 кәсіпорын әлі тоқтап тұр. Бүгінгі күнде үш кәсіпорын тұрақты жұмыс  
386

істеуіне орай бұл тізімнен алынып, мониторинг жұмысы жүргізілуде. Атап айтсақ, ол Төлеби ауданында «ЛМЗ» ЖШС-і және Сайрам ауданында «Сайрам» ӨҚ-ы мен «ЮКМЗ» АҚ-ы. Ал, Мақтарал ауданында «Жетісай сыра» ЖШС-і.

Облыста кәсіпорындарды халықаралық стандарттарға жеделдетіп өткізу бойынша көптеген іс-шаралар жасалып, жыл сайын ИСО халықаралық стандарттар сертификаты бар өнеркәсіп орындарының саны өсіп келуде, яғни 2002 жылы - 1, 2003 жылы - 4, 2004 жылы -10, 2005 жылы - 14, 2006 жылы -19, 2007 жылы -14, 2008 жылы - 19, 2009 жылы - 31 кәсіпорын болды [2. 1].

Және де, мемлекеттің және оның аймақтарындағы өнеркәсіп саласында индустриялық-инновациялық дамудың негізгі бағыттарына сәйкес өңдеу өнеркәсібінің басым салаларын дамыту, экспортқа бағытталған жаңа өнімдер шығару, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға негізделген.

Қазіргі уақытта агроөнеркәсіптік кешен ауыл шаруашылық кәсіпорындарын барлық деңгейдегі білікті мамандармен қамтамасыз етудің өте күрделі жағдайда қалып отырғаны агроөнеркәсіптік кешендерді өндіріске ұсынушының даярлық деңгейі қазіргі заман талабына сәйкес басқарушы кадрлармен және мамандармен қамтамасыз ету қажеттілігін, оның ішінде өндірістік қатынастарды жаңғырту және маркетинг пен өнімді өткізу технологиясын жаңғырту қажеттілігі туындатып отыр.

Аймақтың өнеркәсіптік өндірістерін дамыту, өндірістік қорларды тиімді орналастыру, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, экологиялық, әлеуметтік мәселелерді тиімді шешу, аймақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын дамытумен бірге мемлекеттің де әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсерін тигізеді.

Олай болса, аймақта ғылыми ауқымды, бәсекеге қабілетті өнеркәсіптерді орналастыру арқылы шаруашылықты дамыта аламыз, олар қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыратын, талапқа сай сапалы өнімдер өндіруге мүмкіндік береді.

Сондықтан, Оңтүстік Қазақстан облысы аумағында өңдеуші өнеркәсіптік кәсіпорындарды тиімді орналастыру экономикалық, әлеуметтік, экологиялық мәселелерді шешуге, сонымен қатар, мемлекеттің, соның ішінде аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуының, өркендеуінің негізгі жолы болып табылады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Махамбетова Ұ.Р.* Әлеуметтік-экономикалық доминант жағдайында өнеркәсіп саласының даму стратегиясы (Оңтүстік Қазақстан облысы материалдары негізінде), Экономика ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация авторефераты, 2010, 32 бет.
2. Оңтүстік Қазақстан облысы өнеркәсіп және кәсіпкерлік салаларында 2009 жылда атқарылған жұмыстар туралы ақпарат [ontustik.gov.kz](http://ontustik.gov.kz). 19 бет.

## КОМПАНИЯДА КАДРЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІҢ БІЛІКТІЛІГІН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

**В статье рассматриваются пути совершенствования кадрового потенциала в компании.**

**The ways of perfection of personnel potential in companies have been considered.**

Кезкелген компанияның басты байлығы - оның қызметкерлері. Қазіргі экономикалық жағдайда, бәсекелестіктің қарқынды даму уақытында кәсіпорынның нарықта шешуші роль атқаруына тікелей әсер ететін адам ресурстары болып табылады.

Жұмысқа қызметкерді қабылдаған адам оның біліктілік дәрежесіне көңілі толса да, қазіргі уақытта ол қызметкерге тағы да білімін толықтыру қажет, яғни шет тілдерін оқып білу, компьютерде жаңа бағдарламаларды білу, жаңа іс-құжаттарды танып білу. Сонымен бірге мамандарды кәсіптік қайта оқыту міндеті алға қойылады. Кадрды қалыптастыруға байланысты мәселелерді жою үшін қызметкердің біліктілігін қызметтік дәрежесіне және жұмыс орнының талаптарына сәйкестендіру қажеттігі туындайды.

Компания қызметкерлерінің біліктілігін жоғарылату бағдары «қызметкердің кәсіптік білімі мен дағдысы бойынша, оның жұмыс орнында нақты жылжу» идеясымен сәйкестендіріледі. Ол үшін нақты жұмыс орны қызметкердің біліміне, дағдысына, қабілеттілігі талаптарына сәйкес болуы керек. Себебі қызметкердің болашақта дамуы осы жұмыс орнына байланысты. Қызметкерден талап етілетін ерекшелік пен оның біліктілік дәрежесінің арасындағы алшақтық оны оқытудың кестесін таңдаудың негізі болып табылады.

Елбасы Қазақстан халқына арнаған биылғы Жолдауында және «Нұр Отан» ХДП-ның XIII съезінде Индустрияландыру картасы және «Бизнестің жол картасы - 2020» жобалары негізінде кеңейіп жатқан индустриялық секторға қажет мамандықтарды анықтау бағытындағы жұмысты жүргізді.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы «Нұр Отан» партиясының съезінде: «Жүздеген мың жаңа тұрақты жұмыс орындары құрылатын болады. Жұмыспен қамтудың жаңа стратегиясының басты мақсаты азаматтардың табыстарын арттыруы тиіс. Жаңа бағдарлама қатысушылары - қазақстандықтар оқуға және жаңа кәсіптерді игеруге дайын болуы тиіс. Өзін-өзі жұмыспен қамтушыларды жұмысқа тұрғызудың мәні де осында», - деп айта келе: «Жұмыс істеп, жақсы өмір сүру үшін тағы не қажет? Мұндай бағдарлама әлемнің ешбір жерінде жоқ!», - деп айтқан еді. Енді осы орайда алда тұрған басты міндет - жан-жақты зерделеніп әзірлеген бағдарламаны тиімді іске асырумен астасып жатыр. Бұл ретте осы жұмыстарға жауапты Үкімет пен жергілікті атқарушы органдардың үйлесімді іс-әрекеттері нақты нәтижелерге әкеледі деп сенеміз [1].

**А.Ясауи университетінің хабаршысы, №3, 2011**

**Мусаева Г. Компанияда кадрлық әлеуеттің біліктілігін жетілдіру жолдары**

Экономикасы дамыған мемлекеттердің менеджментіне сүйене отырып,

компаниядағы оқыту орталықтарының қызметі біліктілікті көтеру жөніндегі курстар, семинарлар, тәжірибе алмасу іс-сапарларын қарастыру, қызметкерлерді ағымдылық оқытуда талап етілетін білім көлемі мен формасының қажеттілігін анықтау, қызметкердің қызметтік нұсқауына оның білімінің, дағдысының, біліктілік дәрежесінің сәйкестігін және кәсіптік сапасын үнемі бағалау, қызметкерді ақпаратпен қамтамасыз ету іс-шаралар кешенін ұйымдастырғанның түпкілікті тиімділігі болады.

Кадрлық әлеуетті толық қолдану, ғылыми-техникалық прогресс жетістігін жедел пайдалану барысында басқару тиімділігін жоғарылату қатал бәсекелестік күресте корпорацияның іс-әрекеті тиімді болу үшін шешуші маңыз ала бастады. Персоналды пайдаланудың тиімділігін анықтайтын білікті жұмысшы күшімен қамтамасыз етілуі, оның мотивация деңгейі, ұйымдық құрылымы және жұмыс істеу түрлері бәсекеге қабілеттіліктің негізгі факторлары болды.

Қазақстандық компанияларда кадрлық әлеуетті жетілдіру мәселелерін шешуде шетел тәжірибелерінің оң жақтарын ұтымды қолдануға болады. Батыс және азиялық кадрлық әлеуеттің менеджмент жүйесін құрудағы тиімді принциптерін қарастырсақ, АҚШ фирмаларында кадрлық саясат бірдей принциптерде, ал ең басты назарды қызметкерлердің мамандандырылған білімі мен кәсіптік дағдысына құрылады. Кадрларды таңдау жұмысы мына критерийлер бойынша жүргізіледі: персоналдың білімі, жұмыстағы тәжірибесі, психологиялық-моральдық сәйкестігі, ұжыммен жұмыс істеу қабілеттілігі.

АҚШ-тағы әрбір фирманың кадрлармен жұмыс жасайтын менеджерлері жаңа заман талаптарына сәйкес өздерінің қызметкерлерін дайындауға және қайта даярлауға баса назар аударып отырады. Тәжірибе жүзінде әрбір компанияда кадрларды дайындаудың өзіндік жүйелері бар. Нәтижесінде оқыту процесі үздіксіз жүргізіп жатқан жағдайда, жаңадан жұмысқа қабылданған қызметкер жыл сайын қайта даярлаудан өтуге міндетті. Менеджменттің американдық стилі персоналдың біліктілігін жоғарылату, оқыту технологиялары арқылы жетілдіру және де кадрларды даярлау жүйесін білдіреді. Мұндай жүйеге төрт түрлі ұйым кіреді – бизнес мектептері, жоғары оқу орындарындағы факультеттер мен бөлімдер, кәсіптік қоғамдар, консалтингтік компаниялар. Бизнес мектептері мамандарды, менеджерлерді дайындау және біліктілігін көтеру мәселелерімен айналысады. Қазіргі таңда 300-ге жуық бизнес мектептері бар. Оларға әкімшілік және экономика мектептері, өнеркәсіптік басқару мектептері жатады және бұл мектептер екі немесе төрт жылдық докторантура немесе қысқа мерзімдік курстарды оқыту барысында қолданылады.

Жапондық менеджмент бойынша тәжірибеде қызметкердің жаңа түрін қабылдау ұйымның кеңеюі кезінде немесе экономикалық конъюнктура

**А.Ясауи университетінің хабаршысы, №3, 2011**

**Мусаева Г. Компанияда кадрлық әлеуеттің біліктілігін жетілдіру жолдары**

жақсартылған кезде ғана жүзеге асады. Бұл жұмысқа қабылдау қызметкердің

зейнеткерлікке шыққанға дейін сол ұйымда жұмыс жасауымен кепілдендіріледі. Сонымен қатар, бұл қызметкер экономикалық жағдайдың қиындауына байланысты болсын немесе басқа да әртүрлі жағдайларға байланысты кез келген уақытта жұмыстан шығарыла алады [2]. Қазіргі таңда жұмысқа қайта жалдауда қызметкерлер алдында ешқандай кепілдемелер мен міндеттерде жауапты болмайды. Бұл жағдайда да қызметкерлер кез келген уақытта, кез келген себептерге байланысты жұмыстан босатылуы мүмкін. Қызметкерлерді жалдаудың бұл түрі ұйымның еңбекақы шығындарын қысқартуға жағдай жасайды және де екінші рет қабылданған қызметкердің барынша күш-жігерін жұмсай отырып жұмыс істеуіне алып келеді. Салыстырмалы түрде жұмысқа жалдаудың жаңа түрлеріне «міндетті жалдау жүйесі» де жатады. Кадрларды жалдаудың бұл түрі қызметкердің төрт және жеті жылда компаниядағы басқа бөлімге ауысуына мүмкіндік туады. Кадрды жалдаудың жаңа тағы бір формасына «топтық өмірлік» жалдау деп аталатын түрін жатқызуға болады. Компанияның басқару әкімшілігі жеке-жеке қызметкерлерді жалдамай, бір уақытта бүкіл топты жалдайды да, әрбір жеке тұлғаның алдында жеке міндеттерді алмайды. «Өмірлік жалдау» жүйесі бойынша келесідей қорытындыға келуге болады, жаңа заман талаптарына байланысты экономиканы жетілдіруде еңбек күштерін жалдау формаларын қолдану қазақстандық компаниялар үшін тиімді болар еді. Бірақ бұл жүйенің де өзіндік кемшіліктері бар [3].

Жапониядағы кәсіпорын ішіндегі дайындау жұмыс уақытында оқыту негізінде, жұмыстан тыс уақытта оқыту, және өзіндік оқу негізінде жүргізіледі, бірақ жұмыс уақытында оқуға аса үлкен көңіл бөледі. Жапондық кәсіпорында жұмыстың кеңінен мәдениеттелген тәрбиелік функциялары жұмыс уақытында оқытудың тиімділігін жоғарылатады [4]. Кадрды оқыту мен даярлау компания ішінде жүргізіледі. Оның ең басты міндеті ұйым үшін маңызды және қажетті персоналды таңдау. Біршама жапондық ірі компанияларда жұмыс уақытынан тыс кәсіптік-техникалық оқытуда өздерінің оқыту орталықтарын, мамандарын қолданады да қосымша жапондық еңбек өнімділік орталығы, жапондық өндірістің тиімділік ассоциациясы, жапондық экономикалық зерттеу орталықтарының көмектеріне жүгінеді.

АҚШ-та кадрлық әлеует жоғары білікті және ұйымды қызықтыратын қызметкерлердің арқасында қалыптастырылса, ал Жапонияда кадрлық әлеует қызметкерлерді «өмірлік жалдау» жүйесімен қалыптастырылған. Жапондық жүйе ұлттық дәстүрге, халықтың мінезіне байланысты қалыптасса, американдық әдіс Қазақстанда ұйымдық құрылымда қолданылатын әдістерге жақындауы мүмкін, бірақ экономикалық және қоғамдық өмірдегі алшақтықтарды да ұмытпаған дұрыс. Кадрлық әлеует – бұл персоналдың сандық және сапалық сипаттарының, құрылымының, құрамының жиынтығы

*А.Ясауи университетінің хабаршысы, №3, 2011*

*Мусаева Г. Компанияда кадрлық әлеуеттің біліктілігін жетілдіру жолдары*

және де персоналдың психологиялық және интеллектуалдық қабілеттілігі,  
390

кәсіптік білімі мен біліктілік дағдысы, персоналдың ұжыммен жұмыс істеуде қолданылатын байланыстылығы мен қабілеттілігі болып саналады.

Сонымен, кадрлық әлеуетті басқару қызметкердің, еңбек ұжымының қоғамның нақты еңбек және біліктілік қабілеттілігін, сондай-ақ дағдыларды қолданудың жалпы түрімен персоналдың психологиялық және интеллектуалдық қабілеттілігімен тығыз байланысты.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Назарбаев Н.Ә.* «Нұр-Отан» ХДП-ның XIII съезінде сөйлеген сөзі //Егемен Қазақстан, ақпан 2011.
2. *Старобинский Э.Е.* Как управлять персоналом. –Москва: Интер-Синтез, 2005.
3. *Березина М.Н.* Современное дело производства. Санк-Петербург, 2004.
4. *Рахметов Б.А.* Персоналды басқару. Алматы, 2005, 285 бет.

## ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНА ШЕТЕЛ ИНВЕСТИЦИЯЛАРЫН ТАРТУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

В этой статье рассматриваются важность привлечения иностранных инвестиций в экономику страны, а также пути решения некоторых проблем.

This article gives the information about the importance of attract foreign investments to economical countries and ways of solution in some problems.

Инвестициялар түсінігі көп қырлы құбылыс, оның бірнеше мағынасы бар. Инвестиция - (латын тілінен investire - киіндіру) - табыс алу, меншіктің капиталын молайту, елдің материалдық байлығы мен бейматериалдық сипаттағы қоғамдық құндылықтарын еселей түсу үшін шаруашылық жүргізуші субъектілердің салатын инвестициялық қаражаты [1].

«Инвестиция» термині қазақстандық экономиканың нарықтық қатынастарға өтуімен түсіндіріледі. Инвестициялардың синонимы капиталды жұмсау болып табылады, бірақ іс жүзінде инвестиция ұғымы кең, өйткені салымдар кәсіпкерлік қызмет ортасына салынатын мүліктік және зияткерлік құндылықтардың барлық түрлерін білдіреді. Өз кезегінде, капитал салымдары инвестициялардың тек бір бөліктері болып табылады және негізгі капиталға бағытталады. ҚР-на заңмен сәйкес «Инвестициялар туралы» (08.01.2003 жылдан) инвестициялар – мүліктің барлық түрлері (жеке тұтыну үшін қолайлы тауарлардан басқа), лизингтің шарт жасасу мерзімінен бастап қаржы лизингінің заттарын қоса, сонымен бірге, оларға құқық заңды тұлғаларының жарғылық капиталына инвесторлармен салады немесе кәсіпкерлік үшін қолданылатын белгіленген активтерінің көбеюі [2, 4].

Шетелдік инвестицияларға - тікелей шетелдік инвестициялар (яғни қаражатты кәсіпорындардың немесе компаниялардың жарғылық қорларына не акцияларына салу), қоржындық шетелдік инвестициялар, сондай-ақ, сыртқы несиелер, қарыздар, дамуға ресми көмек, гуманитарлық көмек жатады. Нарықтық экономика жағдайында шетелдік инвестицияны тарту және пайдалану тек қаражаттың ғана емес, сонымен бірге шетелдік технологиялардың, басқару тәжірибесінің де ағылып келуін қамтамасыз етеді, жаңа рыноктарға жол ашады, ірі құрылымдық өзгерістерге, нарықтық инфрақұрылымдардың қалыптасуына, инновациялық процестердің кеңеюіне, экономиканың жеке секторының қалыптасуына серпін береді. Қазақстан үшін тікелей шетелдік инвестициялар неғұрлым тиімді. Ол қабылдаушы елдің шаруашылық қызметінде инвесторлардың ұзақ мерзімді мүддесін қанағаттандырады және сыртқы борышты қалыптастырмайды. ТМД елдері арасында Қазақстан экономикаға тартылған шетелдік инвестицияның көлемі бойынша көш бастап келеді.

Қазақстанға келетін тікелей шетелдік инвестициялар елдің экономикасының  
А.Ясауи университетінің хабаршысы, №3, 2011

Турсинова А. Қазақстан экономикасына шетел инвестицияларын тартудың кейбір мәселелері



дамуына ықпал етеді, дегенмен бұл тек біржақты даму болғандықтан, экономиканың шикізат саласында қиындықтар туғызады. Сондықтан да, қаржы ресурстарын экономиканың неғұрлым мұқтаж салаларына бөлінуін қадағалауды негізгі міндеттердің бірі етіп қою қажет.

Нарықтық теорияға жүгінсек, еркін қаржы ағыны неғұрлым табысты секторларға құйылады. Қазіргі сәтте Қазақстанда тікелей шетелдік инвестициялар ең алдымен мұнай-газ секторына, кен-руда өнеркәсібі мен металлургияға белсенді жүріп жатқаны белгілі. Ал ішкі тұтынуға жұмыс жасайтын салаларды, шағын және орта бизнесті, ауыл шаруашылығын негізінен банкілер қаржыландыруда. Бүгінде банк секторының жағдайы тікелей шетелдік инвестициялардың еліміздегі ағынын өздігінен тоқтата алмайды.

Қазақстан жан басына шаққанда шетелдік тікелей инвестициялар көлемі жөнінен ТМД елдері арасында көшбасшы болып отыр. 1993 жылдан 2008 жылдың I тоқсанына дейінгі аралықта тұтастай алғанда Қазақстанға 72,3 миллиард АҚШ доллары көлемінде инвестициялар тартылды, ал бұл Орталық Азия аймағына салынған барлық тікелей шетелдік инвестициялардың 80 пайызы. 2007 жылдың өзінде ғана елге 17,5 млрд. АҚШ доллары көлемінде инвестициялар құйылды, яғни, бұл оның алдындағы екі жылды қоса алғандағымен бірдей.

Қазақстанның негізгі инвесторлары – АҚШ (16 млрд. АҚШ долл., 23,2%), Нидерланды (11 млрд. долл., 15,8%), Ұлыбритания (6 млрд. долл., 8,6%). Одан әрі Италия мен Франция (3,4 млрд. долл., 4,7%) және Оңтүстік Корея (2,4 млрд. долл., 3,3%).

Шетелдік тікелей инвестициялардың салалық құрылымында кен өндіру өнеркәсібі негізгі үлеске ие, бұл 42,5%, немесе 29,3 млрд. АҚШ доллары. Ал егер бұған геологиялық барлау және іздестіру жөніндегі қызметті қосатын болсақ, онда бұл барлық инвестициялар көлемінің үштен екісін құрайды. Өңдеу өнеркәсібіне барлығы 9,5%, немесе 6,6 млрд. АҚШ доллары келеді.

Сарапшылардың бағалауынша, әлемдік қаржы нарығындағы жағдайдың ушығуынан туындаған экономика дамуының қарқыны біршама төмендеуіне қарамастан, Қазақстан шетелдік тікелей инвестицияларды тарту жөнінен аймақтағы өзінің көшбасшылық жағдайын сақтап отыр. Бұл, ең алдымен, қолайлы географиялық орналасуы, елдегі саяси және экономикалық тұрақтылық факторларымен байланысты. Қазіргі жағдайда Оңтүстік-Шығыс Азия және Таяу Шығыс елдерінен инвестициялар тарту жұмыстары белсенді жүргізілуде.

Президент Н.Ә.Назарбаев 2011 жылғы қаңтар айындағы жолдауында: “Тәуелсіздік жылдарында ел экономикасына 120 млрд. доллардан астам шетелдік инвестиция тартылды...” – деп атап көрсетті [3].

2010 жылы өңдеуші өнеркәсіпке 2 млрд. доллар тартылды. Бұл 2009 жылғы

**А.Ясауи университетінің хабаршысы, №3, 2011**

**Турсинова А. Қазақстан экономикасына шетел инвестицияларын тартудың кейбір мәселелері**

